

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Т. Х. Сматаев, Т. Д. Айтказина

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Биология, экология, география, туризм мамандықтарының
студенттеріне арналған оқу құралы

Павлодар
Кереку
2012

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)

КБЖ 81.2 Каз 923

С 52

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
Гуманитарлық-педагогикалық факультетінің оқу-әдістемелік
кеңесімен баспаға ұсынылды**

Пікірсауапшылар:

А. Ф. Зейнулина – ф. ғ. к., профессор, С. Торайғыров атындағы
ПМУ;

Қ. М. Текжанов – ф. ғ. к., доцент, Павлодар мемлекеттік
педагогикалық институты;

Н. Р. Омаров – ф. ғ. к., доцент, Павлодар мемлекеттік
педагогикалық институты.

Сматаев Т. Х., Айтказина Т. Д.

С52 Кәсіби қазақ тілі : биология, экология, география, туризм
мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы /
Т. Х. Сматаев, Т. Д. Айтказина. – Павлодар : Кереку, 2012. –
102 б.

Бұл оқу құралы жоғары және орта арнаулы оқу орнының
биология, экология, география және туризм мамандықтары бойынша
оқитын студенттерге арналады. Құралда арнайы мәтіндер, мәтіндерге
қатысты әртүрлі тапсырмалар, сөздіктер берілген. Тілді дамытуға
қатысты лексикалық тапсырмалар қамтылған.

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)

КБЖ 81.2 Каз 923

© Сматаев Т. Х., Айтказина Т. Д., 2012

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2012

Материалдардың дұрыс болуына, грамматикалық және орфографиялық қателерге
авторлар мен құрастырушылар жауап береді

Алғы сөз

Заманауи білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандықтан, қазақ тілінің білім мазмұнын құрудың әдіснамасын дұрыс таңдап алу қажеттілігі туындайды. Ол үшін қазіргі заман талабына сай мемлекеттік тілді меңгертуде озық технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып отыр.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда оның ғылымда, өндірісте, елдің халықаралық байланыстарында қолдану аясының кеңі түсуі тіл үйренушілердің болашақ мамандығымен де байланысты екендігін көрсетеді. Кәсіптік-техникалық лицейлер мен ЖОО бітірген жас буын – әрі болашақ маман, әрі ҚР өндірісін ілгері дамытатын кәсіпкер. Оның алдыңғы қатарлы маман болуы өз елінің тілін жоғары деңгейде білуімен де терең сабақтасады. Соңғы жылдары әдіскер-ғалымдар қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгертуден қатар, студенттердің кәсіптік мамандығын ескере отырып игертудің тиімді жақтарын қарастыруда. Осы тұрғыдан мамандыққа сай қазақ тілін сапалы оқыту – қазіргі уақыт сұранысынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Кәсіби қазақ тілін игеру міндеті – болашақ мамандардың күнделікті ғылыми, саяси, қоғамдық, мәдени, ең басты таңдалып алынған мамандық салалары бойынша мемлекеттік тілде еркін сөйлеудің жолын жетілдіруін көздеуден туындайды.

Кәсіби тілді меңгертуде ең бастысы, тіл үйрету әрекетінің бағыт-бағдарын айқындап алу қажет.

Қорыта келе, біріншіден, кәсіби тілді үйренуде студенттердің белсенділігін жетілдіруге септігін тигізеді, қазақ тілін өз бетімен ізденіп оқып үйренуге деген ықылас-ынтасын, қызығушылығын арттырады. Екіншіден, кәсіби мәтіндермен жүргізілген жаттығу жұмыстары студенттердің білімін, танымын толықтырады, кәсіби тілде сөйлеу білігін жетілдіреді.

Үшіншіден, студенттердің мамандыққа қатысты лексиканы кәсіби қарым-қатынас барысында белсенді қолдану, нақтылы кәсіби қарым-қатынас жағдаяттарында өз пікірін қазақша еркін білдіру дағдысын қалыптастырады.

1 Өсімдіктер әлемі

1-мәтін. Орманның пайдасы және оны қорғау

Орманның шаруашылық және адам өмірі үшін зор маңызы бар. Орманнан қандай заттар алынады? Бұл сұраққа ағаш шебері: үстел, орындық, қарындаш, сызғыш, ағаш шкафтар, кітап сөрелері, есік терезе жақтаулары деп; қағаз дайындайтын комбинат жұмысшысы: дәптер, газет, кітап, журналдар деп айтар еді. Себебі, мұның бәрін ағаштан дайындайды ғой. Теміржолшы болса: ағаш вагондар, темір жолдың астына салатын төсеніштер; дәрі-дәрмек жасаушылар: ағаштан алынатын дәрі-дәрмектер; инженер: жасанды, табиғи жолдармен алынатын маталар, жіптер туралы әңгімелер еді.

Бұл әңгімеден агроном да тыс қалмайтыны белгілі. Орман егіс далаларын жазда аптапты ыстықтан, желден, құрғақшылықтан қорғаса, қыста ысқырған боранның қарды ысырып әкетуіне жол бермейді. «Орман – ең алдымен адамның денсаулығы» – дер еді дәрігер. Демалыс үйлері, тынығу орындары ағаш арасына салынады. Себебі, оның ауасы таза, әрі шипалы. Жасыл ағаштар болмаса, біздің ғаламшарымыздағы оттегі адамдардың тыныс алуына жетпес еді.

Бір сөзбен айтқанда, шаруашылықта орман өнімін пайдаланбайтын бірде-бір сала жоқ деуге болады. Тұрмыстық бұйымдар, құрылыс материалдарының орманнан алынатынын былай қойғанда, басқа да қаншама заттар бар. Мысалы, небір құнды аң терілері, жабайы кәсіптік құстардың дәмді еті мен мамығы, тіл үйіретін тәтті жеміс-жидегі, жылы, сәнді киім, төсеніш, азық-түлік, т.б.

Орман – жомарт табиғаттың адамға тартқан сыйы, мол байлықтың қасиетті қоймасы. Ол – «жайқалған жасыл теңіз», жерімізді көріктендіріп, өзінің қанық бояуымен, құстардың сайраған әсем әуенімен, жапырағының сырлы сыбдырымен адамды шаттыққа бөлейді.

Жинақтап айтқанда, орман, тоғай – баға жетпес табиғат қазынасы, халық байлығы. Сондықтан да мемлекет ормандарды, тоғайларды қорғайды.

Есте сақтаңыздар

Егіс далалары, аптапты ыстық, құрғақшылық, шипалы, ғаламшар, тұрмыстық бұйымдар, мамық, жомарт табиғат, табиғат қазынасы, қасиетті қойма, аң терісі.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Мәтін мазмұнын өз сөздеріңізбен толықтырыңыздар.

5. Жоғарыда берілген сөз бен сөз тіркестерінен сөйлем құрастырыңыздар.

6. Мәтіннен сөз тіркестерін теріп жазып, оларды байланысу түрлеріне қарай (қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу) ажыратыңыздар.

7. Берілген мақал-мәтелдердің мағынасын ашыңыздар:

- Ата – асқар тау,

Ана – бауырындағы бұлақ,

Бала – жағасындағы құрақ;

- Сенің табаңына кірген тікен,

Менің маңдайыма кірсін;

- Ата көрген оқ жонар,

Ана көрген тон пішер;

- Жылы-жылы сөйлесең,

Жылан інінен шығады;

- Өзім білем деген, өрге баспас.

8. Тапқыр болсаң тауып көр:

- Қабы сояу,

Діні – бояу. (Қарындаш);

- Ұшымен қазық,

Тор көзді жазық.

Үстіне өттім,

Асыл сөз жазып. (Дәптер);

- Қысқа таяқ діңі бар,

Шиырылған ізінде,

Сайрап тұрар тілі бар. (Қарындаш);

- Жұқа тақтай бөлшегі,

Ұзындықтың өлшемі. (Сызғыш);

- Ілулі тұр кең алаң,

Керегімді мен одан.

Жазып алам көшіріп,

Сүртем сосын өшіріп. (Тақта);

-Аяғы жер тіреп,

Таяғы көк тіреп тұр. (Киіз үй);

- Қабырғасы тор көз,
Төбесінде зор көз. (Кереге; Шаңырақ);
- Тұмсығын тесіп,
Жүннен бұйда есіп.
Қазыққа байладым. (Уық);
- Келсең жолды ашады,
Кетсең жолды жабады (Есік).

2-мәтін. Орман-тоғай өсімдіктері

Еліміздің солтүстігіндегі Оңтүстік Орал мен Алтайға дейінгі кең алқаптың жазық бөлігінде шағын ормандар өседі.

Далалы және шөлді жерлердегі кішірек өзендер мен көлдердің жағасында шоқ тоғайлар көп.

Орман мен тоғайда өсімдіктердің өсуіне қолайлы жағдайлар жеткілікті, оның топырағы құнарлы, ылғалы мол, топырағы қыста тоң болып қатып қалмайды., т.б. Жануарлар да өзіне мол азық, ыңғайлы баспана табады. Сондықтан орман мен тоғайдағы тіршілік алуан түрлі.

Қызылжар қаласының төңірегінде қайыңды ормандар жиі кездеседі.

Қайың – жарықты жақсы көретін, тез өсетін, бөрікбасы шашақтана жайылып, бұйраланған немесе төмен иіліп, төгіліп тұрған, гүл шоғы сырға тәрізді, жіңішке бұтақты, қабығы аппақ, көрікті ағаш. Оның «аққайың» деп аталуы да осыдан.

Қайыңды егістікті қорғайтын орман алқабы ретінде және елді мекендерді көгалдандыру, әсемдік үшін де қолдан өсіреді. Оның діңін құрылысқа, үй жиһаздарын, басқа да бұйымдар жасауға пайдаланады. Жапырағы мен жемісінен дәрі дайындайды.

Кілең көктеректен тұратын ормандар да. Шыршалы ормандар да жиі кездеседі.

Көктерек әдейілеп адам қолымен отырғызғандай түп-түзу болып өседі.

Шыршалы орманда ағаштардың бөрікбасы тұтасып кететіндіктен арасына күн сәулесі түспейді, орман іші – алакөлеңке болып тұрады.

Шөлейт пен шөлдегі өзен аңғарында, кішігірім көл жағаларында ну тоғайлар өседі. Шағын тоғайлар ылғалы бар сайларда кездеседі. Бұл тоғайларда терек, тораңғы, бұталардан шөңгел, ұшқат, т.б. өседі. Өзен аңғарларында шабындықтар жайқалады. Тоғайда жидек көп. Көктемде олар хош иісті гүл жарып, күзде уылжып піседі.

Есте сақтаңыздар

Кең алқап, шөлді жер, қолайлы жағдай, қайың, көктерек, шыршалы орман, шөлейт, өзен аңғары, терек, тораңғы, шеңгел, ұшқат, хош иісті, уылжып піседі.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Тағы басқа қандай орман өсімдіктерін білесіңдер? (10 өсімдік түрін жазып, жаттап келіңіздер).

5. Ілияс Жансүгіровтың өлеңіндегі өсімдік атауларының мағынасын түсіндір.

Мыңтамыр, жуа, рауғаш, жаужапырақ,
Балауса, сорғыш, селдір, ермен, бақбақ,
Сыбызғы, жалбыз, құлмақ, қарақияқ,
Шоңайна, меңдуана, сора, шақпақ,
Ішінде сол қурайдың сұлу солар.
Шырмауық, кендір, қылша, жыланқияқ,
Қанжыға, қоға, сасыр, аққой болып
Бөлінеді жуалар мен таусарымсақ,
Қымыздық, қызсаумалдық дейтіндерге
Ат қойған тау елінде сүйіп шын-ақ.

6. Тапқыр болсаң тауып көр:

- Дауылға нық күші,
Ағаштың мықтысы. (Емен);
- Дауылға да, аязға да,
Шыдап бағар мізбақпай.
Тау етегі тұрағы,
Жап-жасыл боп тұрады. (Қарағай);
- Ағаштардың көркемі,
Мәңгі жасыл бұтағы.
Мекен ғып тау-өлкені,
Кәусар ауа жұтады. (Шырша);
- Жасыл болып жыпырлап өнеді,
Сары болып үзіліп семеді. (Жапырақтар);
- Жазда жайнайды,
Күзде жайрайды (Ағаш жапырағы).

3-мәтін. Орман-тоғай жануарлары

Орман жануарлары ағашты, бұталы жердің тіршілік жағдайына жақсы бейімделген. Көпшілігінің түсі ағаш діңіне ұқсас қызғылт, қоңыр, сұр немесе жапырақ тәрізді теңбіл, жасылдау болады. Орманда тіршілік ететін жануарлардың кейбірі суретте көрсетілген. Мысалы сілеусіннің түсі теңбіл, борша тышқан – ақ жолақты қоңыр, т.б. болып келеді. Ағаш басына өрмелеп шығып, ағаштан ағашқа секіріп тіршілік ететін тиіннің тырнақтары өткір болады.

Орман құстары – тоқылдақ, көкқарға, шымшық, жапалақ. Олар – орман қамқоршылары. Орманда құмырсқа илеуі жиі кездеседі.

Тоғай жануарлары да алуан түрлі. Алматы облысындағы Шелек өзені бойында бартоғай бұғысы мекендейді. Сырдария, Іле, Шу өзендерінің бойындағы адам бармайтын қамыс қопаларда доңыз, елік, қасқыр, түлкі мекендейді. Қалың тоғайларда қырғауыл көп кездеседі. Биік ағаштардың басына мысықторғай, жамансары, т.б. ұялайды.

Есте сақтаңыздар

Тіршілік жағдайы, ағаш діңі, сілеусін, теңбіл, борша тышқан, тоқылдақ, көк қарға, жапалақ, құмырсқа илеуі, доңыз, елік, қырғауыл, жамансары.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тағы басқа қандай орман-тоғай жануарларын білесіңдер? (10 өсімдік түрін жазып, жаттап келіңіздер).
5. Тапқыр болсаң тауып көр:
 - Жайнаған бақтың әншісі,
Тамсанған оған сан кісі. (Бұлбұл);
 - Мойыны сұрақ белгісі,
Бұл қандай көл құсы? (Аққу);
 - Сирағы ұзын,
Тырнағы ұзын.
Балықты сүзбей,
Ұстайтын шоқып,
Тұмсығы біздей. (Тырна);
 - Екі айыр құйрығы,
Қияқ мұрт қанаты,

Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш);
- Шуға бөлеп жағаны,
Қанаттарын қағады,
Айдын судың түлегі,
Шабак іліп жүреді. (Шағала);
- Ала шапан кигені,
Сескенгіш болған соң,
Қыпылықтап жүргені (Сауысқан);
- Талдың басында,
Жемі бар қасында.
Там тұр саялы,
Достарға аялы. (Құс ұясы).

4-мәтін. Жануарлардың табиғаттағы және адам өміріндегі рөлі

Жасыл өсімдіктер – табиғаттың ерекше маңызды бөлігі. Олар өлі табиғаттың қарапайым заттарынан – су мен көмірқышқыл газынан күн сәулесінің қатысуымен және топырақтан алатын минералдық тұздардың ерітіндісінен адам мен жануарларға қоректік заттар дайындайды. Сондықтан өсімдіктердің жойылмай сақталуы жердегі тіршілік үшін өте қажет.

Жануарлар әлемі өсімдіктердің көбейіп, таралуына, өсіп-дамуына, жеміс беруіне әсер етеді, көмектеседі.

Мысалы, шұбалшын, көртышқан топырақ арасын қуыстап жол салғанда, оған ауа жақсы кіреді. Ал өсімдіктер тамыр арқылы тыныс алса, дұрыс өсіп, жақсы өнім береді. Шұбалшын топырақтың қарашіріндісін көбейтеді. Бұл да өсімдіктің жақсы өсуіне өте қажетті жағдай.

Құстардың көбісі зиянды бунақденелілермен қоректеніп, санын азайтады. Сонымен өсімдіктерді қорғайды. Өсімдіктердің тұқымдары мен жемістерін алыс жерлерге тарататын да құстар. Өсімдік тұқымдарын таратуға сүтқоректілер де қатынасады.

Мысалы, тиін жаңғақтарды бір жерден екінші жерге тасымалдайды. Ал жабайы шошқалар ормандағы топырақты қопарып, жаңғақтардың топырақ арасына түсіп, өсіп-өнуіне әсер етеді.

Жыртқыш аңдар шөппен қоректенетін жануарлардың санын реттеп, өсімдіктердің сақталуына мүмкіндік жасайды. Кейбір жыртқыш жануарлардың өлексесін жеп, табиғатта санитарлық қызмет атқарады.

Суда тіршілік ететін жануарлардың да суды тазартуда рөлі бар. Мысалы, балықтар, су ұлулары, т.б.

Есте сақтаңыздар

Қарапайым заттар, көмірқышқыл газы, ерітінді, шұбалшын, көртышқан, қарашірік, жаңғақ, жыртқыш аң, өлексе, су ұлуы, жануарлар әлемі, бунақденелілер.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша 5 сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Қандай құс атауларын білесіз? Дәптеріңізге жазып, оларды орыс тіліне аударыңыз.

5. Жануарлардың адам өміріндегі маңызына мысал келтіріңіздер.

6. Тапқыр болсаң тауып көр:

- Қарақұрым нөпірі,

Егін шөптің жебірі. (Шегіртке);

- Айнымай тартқан реңіне,

Жүрген жерінің түр-өңіне, не? (Кесіртке);

- Сулы жерді мекендеп,

Құрлықта да секеңдеп,

Шыбын-шіркей аңдиды,

Жемге қашан жетем деп. (Бақа);

- Мойны жуан,

Жұқалтаң қабақты.

Тірсегі ұзын,

Қоян тобықты.

Іс тікпейді, бірақ

Тастамайтын бізін,

Білесің бе, мақұлықты? (Шаян);

- Өзі алып кемедей,

Дауылдан ықпайды.

Су шашып, телегей

Мұхиттан шықпайды. (Кит).

5-мәтін. Жануарлар әлемін қорғау

Табиғатқа адам әрекетінің әсері ерекше. Өзінің шаруашылық мақсаты үшін қолында қуатты техникасы бар адам өсімдіктер мен жануарлар әлеміне елеулі өзгерістер жасайды.

Егін салу үшін ормандар мен тоғайларды кесіп, өртейді, ғимараттар салады.

Өсімдіктер мен жануарлар әлемі барған сайын азая түсуде. Мысалы, қазақ жерінде көне заманда жосып жүретін жабайы түйелер, құлан, тарпаң, ну қамыстарда жүретін жолбарыстардан қазір тұқым да жоқ. Даламызда, тауларымызда топ-тобымен, үйірімен жүретін арқар, бұғы, қарақұйрық, орман сусары, ақ тырна, құндыз, дуадақ, т.б. жануарларды оңайлықпен іздеп табу қиын. Елімізде қазір 67-ден астам жануарлардың түрі құрып кету қаупінде тұр.

Табиғат – адамның ежелден бергі тіршілік етіп, өмір сүріп келген ортасы және мәңгілік мекен ете беретін алтын бесігі.

Біздің халқымыз ежелден өз жерінің табиғатын аялай қорғап, обал мен сауапты, адал мен арамды ажырата білген. Аталарымыз бен әжелеріміз жеміс-жидек өсімдіктерін кесіп, сындырмаған, көк шөпті орынсыз таптамаған. Тұмсығы тесік құстардың, буаз аңдардың бәрін табиғат перзенті деп, өніп-өсуіне қиянат жасамаған. Ел шетіне жау тиіп, ауыл үдере көшкенде, шаңырағына қарлығаш ұя салып, балапан шығарып жатқандықтан Төле би бабамыз үйін жыға алмай, жұртта қалыпты деген аңыз бар. Қазақ халқында үйіне кездейсоқ кіріп кеткен жыланды өлтірмей, басына ақ құйып шығаратын дәстүр бар. Өрмекші, аққу, киік, көгершін, қарлығаш, бүркіт, т.б. сияқтыларды халық қасиетті санаған.

Еліміздің көрікті, бай табиғи аймақтарын өз қалпында сақтау, саны азайған өсімдіктер мен жануарларды қамқорлыққа алу, санын молайту, су құстары мамырлайтын және қыстайтын орындар мен балық уылдырық шашатын өзен-көлдерді қорғау мақсатында құрылған Алматы, Ақсу-Жабағылы, Қорғалжын, Наурызым, Марқакөл сияқты мемлекеттік қорықтар бар.

Туған жер табиғаты – халқымыздың ұлттық мақтанышы. Сондықтан оны аялап қорғауға, оның байлығын еселеп арттыруға үлес қосу – біздің азаматтық парызымыз.

Есте сақтаңыздар

Шаруашылық мақсаты, жабайы түйе, тарпан, жолбарыс, арқар, бұғы, қарақұйрық, орман сусары, ақ тырна, құндыз, дуадақ, обал, сауап, мемлекеттік қорық, уылдырық.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. «Жануарлар әлемі» тақырыбы бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. Ұйқасын тап:
 - Өзінше шоян,
Қорқақ, кім?.. (қоян);
 - Тұмсығымен шымшып,
Құрт тереді ... (шымшық);
 - Бата алмас түлкі,
Үсті тікен ... (кірпі);
 - Шабак андып жағада,
Шарқ ұрады ... (шағала);
 - Айбат шегер алыстан,
Аң патшасы ... (арыстан);
 - Бәрі бірдей жұмысқа,
Шығатын кім?.. (құмырсқа);
 - Тор тоқып бермекші,
Өзі ескен жібімен
Әлде кімге ... (өрмекші).
6. Жан-жануарға байланысты қандай ырымдарды білесіздер?
(Ит ұлыса – жамандық болады, Ат жер тарпыса – жолға шығады деген сөз)

6-мәтін. Өсімдіктер әлемі адамның қамқорлығына мұқтаж

Адам ежелден өсімдіктерді өз қажетіне пайдаланып келеді, пайдалана береді. Бірақ адамның шаруашылық мақсат үшін өлшеусіз, көп пайдалануынан, кей жағдайларда орынсыз, ойланбай немесе білместіктен істегені бар, әйтеуір, жер бетіндегі өсімдіктер әлемі қазір елеулі зардап шегуде.

Еліміздің ормандары сирей бастады. Өсімдіктер әлемінің, соның ішінде орман-тоғайлар азайды. Топырақ тозды.

Әсіресе қалалар төңірегі күшті өзгеріске ұшырады. Қоқыс пен қалдықтар үйіндісі көбейді. Су қоймалардың көпшілігінде су ішуге жарамсыз болып қалды. Судың, ауаның, топырақтың ластануынан табиғи қатынастар бұзылды.

Адам табиғатты зерделеп терең білген сайын, зиянды өзгерістердің әрі қарай бола беруі жердегі тіршілікке қауіпті екенін жақсы түсінді. Сондықтан табиғатты, өсімдіктер әлемін қорғау елімізде үлкен мақсат етіп қойылып, елеулі жұмыстар істелуде.

Табиғат қорғау, оның байлығын тиімді пайдалану Қазақстан Республикасы Конституциясында жазылған.

Өсімдіктер әлемін сақтау, шаруашылық мақсат үшін кесілген ағаштардың орнына жаңасын отырғызу, көшелерді, үй маңын көгалдандыру, ластанған ауаны, суды тазартып, одан әрі ластануды болдырмау сияқты жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Ерекше қорғауды қажет ететін өсімдіктер Қазақстанның Қызыл кітабына тіркелді.

Есте сақтаңыздар

Елеулі зардап шегуде, сирей бастады, топырақтың ластануы, табиғи қатынастар, қалалар төңірегі, қоқыс пен қалдықтар, зерделеу, зиянды өзгерістер, қауіпті, тиімді пайдалану, көгалдандыру, елеулі жұмыстар.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Орманды өрттен қорғайық тақырыбына статистикалық баяндама жасаңыз.

5. Тапқыр болсаң тауып көр:

- Тіршілік аусар тек,

Ұстасаң қауқар жоқ,

Айналам қоршау көк,

Одан асқан кәусар жоқ. (Ауа);

- Алып кілем –

Гүлге толы

Үсті кілең. (Жер);

- Ағаштарды шайқайды,

Көзге көрінбейді.

Шарлағанда сай-сайды,

Бір сәт ерінбейді. (Жел);

- Зәулімде тұрағы,

Тіреусіз тұрады. (Бұлт);

- Аспаннан домалап,

Көп моншақ төгілді.

Бусанып жон-алап,

Терледі, керілді. (Жаңбыр);

- Шашылды көктен ақ моншақ,
Жоғалды біздер тапқанша-ақ. (Бұршақ);
- Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Бірақ тыныш тұрмайды.
Сақтамасаң – қорын тек,
Барша тірлік курайды. (Су).

7-мәтін. Өсімдік қанша жыл тіршілік етеді?

Өсімдік – тірі ағза. Ол кез келген тіршілік иесі сияқты белгілі бір уақыт мөлшерінде тіршілік етеді. Мұны түсіну үшін, өзімізге жақсы таныс бидай өсімдігін алайық. Бидай дәнін топыраққа отырғызып күтсе (суарса, топырақ арасы жылы болса, т.б.), біраз күннен соң топырақ бетіне өскіні қылтиып шығады. Міне, бұл – осы бидай өсімдігі тіршілігінің басталуы. Ол үлкейіп өседі, жаңа мүшелері пайда болып, дамиды. Ең ақырында масақ пісіп жетіліп, дәні түседі де, алғашқы, яғни осы дәнді берген бидай өсімдігінің өзі курап, тіршілігін тоқтатады. Сонда ол тек бір жыл ғана тіршілік етті. Осындай бір жыл ішінде тұқымнан өсіп, жаңа тұқым берген соң өз тіршілігін тоқтататын бидай, күнбағыс, қызанақ, т.б. сияқтыларды біржылдық өсімдіктер дейді. Екіжылдық өсімдіктер де бар.

Мысалы, пияз, орамжапырақ. Бірінші жылы тұқымнан сабақ, жапырақтар және тамыр өсіп шығады. Екінші жылы гүлдеп, жеміс береді.

Көптеген өсімдіктер ұзақ тіршілік етеді. Мысалы, емен 1000 – 1500 жыл, қайың 150 жыл, сарықараған 50 жыл, т.б. Шөптесін өсімдіктер ішінде көпжылдық түрлері көп. Белгілі бір «жасқа» келгенде көпжылдық өсімдіктердің дені жыл сайын гүлдеп, жеміс, тұқым беруді бастайды.

Өсімдіктер жабайы және мәдени болып екіге бөлінеді. Жабайы өсімдіктер өздігінен өссе, мәдени өсімдіктерді адамдар қолдан күтіп, баптайды.

Есте сақтаңыздар

Ағза, бидай, өскін, қылтиып шығады, масақ, дән, күнбағыс, қызанақ, пияз, орамжапырақ, емен, жабайы өсімдіктер, мәдени өсімдіктер.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Кез-келген бір өсімдік туралы мәлімдеме дайындап келіңіз.
5. Тапқыр болсаң тауып көр:
 - Күн нұрымен піседі,
Уылжып қолға түседі. (Жеміс);
 - Күнді аңдып шалқалап,
Гүлмен жапқан қалқалап.
Бақшада өскен теректің,
Дәндерінен май тамар,
Шағып жеген нәр табар. (Күнбағыс);
 - Кең алқап ақ түске,
Бейне бір малғандай.
Күзде де, тал түсте,
Қар жауып қалғандай. (Мақта алқабы);
 - Көрсен өскен желісін,
Жапырағы қазтабан.
Мөлдір қара жемісін,
Қыста емес, жаз табам. (Қарақат);
 - Тасты жапқан түк кілем,
Тамыры жоқ, мүк кілең. (Қына);
 - Желден қатты сасады,
Томпалаңдап қашады.
Тірелгенше дөңге кеп,
Дедектейді дөңгелеп (Қаңбақ).

8-мәтін. Топырақтың түрлері

Құрамындағы қарашіріктің мөлшеріне байланысты топырақтың түсі түрліше болады. Неғұрлым қарашірік көбірек болса, соғұрлым топырақтың түсі қоңырқай тарта береді және оның құнарлылығы да арта түседі. Қарашірік бәрінен де қара топырақта көп болады. Содан даланың қара топырағына егілген дәнді дақылдар мол өнім береді. Қара топырақ біздің республикамыздың солтүстік өңірін алып жатыр. Оңтүстікке қарай жүрген сайын жауын-шашын азаяды. Оның да көбі буланып кетеді. Өсімдік қалың болып өсуге ылғал жетіспейді. Селдір өсімдіктен қарашірік те аз қалады. Сондықтан топырақтың түсі оңтүстікке қарай бозғыл тарта түседі. Жақсы өнім алу үшін мұндай топыраққа белгілі мөлшерде тынайтқышты көбірек қосып, суару қажет.

Жауын-шашын аз жауатын оңтүстік аудандарда жазғы ыстықтан топырақ қатты құрғайды. Жер астындағы ылғал топырақтың беткі

кабатына көтеріледі де, осы жерде буланады. Ылғалмен бірге түрлі тұздар да жер үстіне шығып қалады. Топырақ бетіне тұрған қар сияқты ақшыл қабыршақтарды сор деп атайды. Сор топырақ Қазақстанның оңтүстігінде өте көп таралған.

Артық тұз өсімдікке зиянын тигізеді. Сондықтан сор топырақта өсімдік өте сирек өседі. Егер тұз өте көп болса, топырақ беті өсімдіксіз, тақыр болады. Топырақ зерттеуші ғалымдар тұзды топырақты егіншілікке пайдалану жолдарын іздестіруде.

Есте сақтаңыздар

Қарашірік, құнарлылық, қара топырақ, солтүстік өңірі, жауын-шашын, ылғал, тыңайтқыш, сор, көп таралған, сирек, тақыр, іздестіруде.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Тақырыпты өз сөздеріңізбен толықтырыңыздар.

5. Әрбір сөздің бірінші әрпі бір дыбыстан болатын мағыналы мәтін жасаңыз.

Үлгі: 1) Алпауыт асыр алапаттан адамзатты аман асыр...

2) Балапаны бағында бапталса, басар баспалдағы берік болар.

6. Берілген әңгіменің мағынасын түсіндіріңіз.

Өз Жәнібектің алпыс биі болған екен. Бір жолы хан билеріне: “Дүниеде не өлмейді?” – деп сұрақ қойғанда, Алпыс биі бір ауыздан жауап берген екен. Ал сіздер бұл сауалға не дер екенсіздер?

Жауабы:

Ағын су өлмейді,

Асқар тау өлмейді.

Аспанда ай мен күн өлмейді,

Өлемде қара жер өлмейді.

Сонда Жиренше шешен бәріне қарсы шығып:

Ағын судың өлгені –

Алты ай қыста қатқаны.

Асқар таудың өлгені –

Басын бұлттың жапқаны

Ай мен күннің өлгені –

Еңкейіп барып батқаны.

Қара жердің өлгені –
Қар астында жатқаны.
Ажал деген атқан оқ,
Бір алланың қақпаны.

9-мәтін. Пайдалы қазбалардың түрлері

Пайдалы қазбалардың түрлері өте көп. Олар қолданылуына қарай негізгі үш топқа бөлінеді:

1. Жанғыш пайдалы қазбалар
2. Кен пайдалы қазбалар
3. Кенге жатпайтын пайдалы қазбалар

Жанғыш пайдалы қазбаларға тас көмір, мұнай және газ жатады.

Тас көмір – ең көп өндірілетін пайдалы қазба. Тас көмір тек отын ретінде ғана пайдаланылмайды, одан басқа да көптеген заттар алынады.

Біздің елімізде тас көмірдің қоры өте мол. Тас көмірдің аса ірі кен орны – Қарағанды. Екібастұзда ашық әдіспен арзан көмір өндіріледі.

Мұнай – өте қызулы отын. Ол күл қалдырмай түгел жанып кетеді. Мұнайды айыру арқылы бензин, керосин, машина майы және басқа көптеген бағалы заттар бөліп алынады.

Каспий маңы ойпаты мен Маңғыстау түбегінде мұнай мен газдың аса бай кен орындары бар.

Кен пайдалы қазбаларына құрамына металл кездесетін тау жыныстары жатады. Оларды өңдеу арқылы темір, мыс, қорғасын, алюминий және басқа металдар алынады. Кен пайдалы қазбалар, әсіресе, Орталық Қазақстанда көп шоғырланған. Ондағы Жезқазған және Қоңырат мыс кен орындары әлемге әйгілі.

Кенге жатпайтын пайдалы қазбалар қышқыл алуға, тыңайтқыштар өндіруге, құрылыс қажетіне пайдаланылады. Бұл топты тұз, фосфорит, әктас, мәрмәр, гранит, құм, саз, т.б. құрайды. Олардың қайсысы болса да біздің жерімізде баршылық. Ал Қаратаудағы фосфорит кен орны қоры жөнінен дүниежүзіндегі алдыңғы қатарлы орынның бірін алады. Фосфоритті ұнтақтап, фосфорит ұны тыңайтқышын өндіреді.

Есте сақтаңыздар

Пайдалы қазбалар, жанғыш, кен, тас көмір, мұнай, ашық әдіспен, көмір қоры, мыс, қорғасын, әктас, мәрмәр, саз.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жана сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Павлодар облысының пайдалы қазбалары тақырыбына баяндама дайындаңыздар.
5. Тапқыр болсаң тауып көр.
 - Көгілдір түсі бар,
 - Тас балқытар күші бар. (Газ).
6. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазыңыз:
 - Ел іші ... бесік;
 - ...ді қызған кезінде соқ;
 - Үйдің сәні қызбенен,
 - Астың дәмі ... ;
 - ... қайнауда шынығады,
 - Батыр майданда шығынады.

10-мәтін. Жәндіктер

Буынаяқтылар типіне жататын көп клеткалы омыртқасыз жәндіктер. Олардың басқа буынаяқтылардан негізгі ерекшелігі денесі бас, көкірек және құрсақ бөлімдеріне айқын бөлінген. Жәндіктердің барлығы алты аяқты, басым бөлігінде қанаттары болады. Дене бөлімдері алуан түрлі қызмет атқарады. Екі мұртша, күрделі және жай құрылысты көздер мен көзшелер баста орналасады. Көкірек бөлігінде қимыл, қозғалыс қызметін атқаратын аяқтар мен қанаттар орнығып, құрсағында көбею мүшелері орналасады, жәндіктер демтүтік арқылы тыныс алады.

Жәндіктердің дамуы үш түрлі жолмен өтеді: тура даму (қанатсыз жәндіктер), шала түрленіп даму (ақпа, инелік, дәуіт шегіртке, бит) және толық түрленіп даму (қоңыздар, көбелектер, бүргелер, шыбындар, масалар, құмырсқалар және т.б.)

Жәндіктердің ауыз мүшелерінің құрылысы да сан алуан: сүзуші (шыбын), шаншып сорушы (маса), кеміруші (тарақан), кеміріп жолаушы (бал арасы), түтік тәрізді ауызбен сорушы (көбелек) ауыздар болады.

Есте сақтаңыздар

Буынаяқтылар, құрсақ, қанатсыз жәндіктер, инелік, дәуіт, шегіртке, бит, қоңыздар, көбелек, бүргелер, құмырсқалар, шыбын, бал арасы.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырыпты өз сөздеріңізбен толықтырыңыздар.

11-мәтін. Өрмекшітектестер

Өрмекшітектестер – құрлықта тіршілік ететін буынаяқтылар. Бұл класқа жататын жәндіктердің денесі екі бөліктен: баскөкірек және құрсақ бөлімінен тұрады. Бұларда мұртша болмайды. Жабыны үш қабатты. Ол жәндіктің денесін судың булануынан қорғайды. Бұлардың дене қуысы аралас қуысты, сондықтан қантарату жүйесі ашық жүйелі. Өрмекшітектестердің баскөкірек бөлігінде алты жұп аяқ орналасады. Ал құрсағында ешбір аяқ орналаспайды және көпшілігінде буылтықсыз, тегіс болып келеді. Өрмекшітектестердің көпшілігі сатанбез және мальпигий тамырлары арқылы қажетсіз заттарды бөледі. Бұлар құрлықта тіршілік етеді. Өкпе қапшығы және демтүтік (трахея) тынысалу мүшелері болып табылады. Демтүтік жәндіктің құрлықта өмір сүруге бейімделуінің нәтижесінде пайда болған жаңа түзіліс.

Тамақтың денеден тысқары қоймалжың күйге ауысып қорытылуы астың ішектен тыс қорытылуы астың ішектен тыс қорытылуы деп аталады. Бұл – бұған дейінгі жәндіктерге байқалмаған құбылыс. Өрмекшітектестер – дара жынысты, іштей ұрықтанады. Аналықтары жұмыртқа салып, жұмыртқадан ұрпақтары тікелей дамиды.

Өрмекшітектестер – жыртқыш, паразит. Кейбіреуі қан сорады (кене). Көпшілігі өсімдік және бунақденелілермен қоректеніп, олардың табиғаттағы санын реттейді. Енді біреулері шағып, адам мен үй хайуанаттарына үлкен қауіп төндіреді.

Есте сақтаңыздар

Баскөкірек, тамыр, дене қуысы, демтүтік, нәруыз, өкпе, желбезек, өмір сүруге, дара жынысты, бүйі, кене, үй хайуанаттары.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырыпты өз сөздеріңізбен толықтырыңыздар.

12-мәтін. Итмұрын

Республиканың (Алтай, Тарбағатай, Жоңғар Алатауы) сай, Орталық және Оңтүстік-шығыс бөлігінде тауда, жазықта, қорым тастарда, беткейлерде, ормандарда, дымқыл топырақты жерлерде бұталар арасында өседі. Ылғалды жақсы көреді, топырақтың да, ауаның да ылғалдығына сезімтал, биіктігі 2 метрге дейін сұр-қошқыл түсті, қабығы бар, сабағымен бұтақтары ұсақ тікенекті. Өткір тікенектер барлық туыс түрлеріне тән, олар жануарлардың жеп қоюынан сақтайды. Жапырағы күрделі, тақ қауырсынды, әдетте 2 – 3-тен жұптасқан көлемді эллипс тәрізді, жиегі ара тісті, ал астыңғы жағын қою да жұмсақ түк басқан. Гүлі қос жынысты, дұрыс гүл (актиноморфты) тостағаншасы жіңішке жасыл түсті, күлтесі ашық күлгін немесе қызғылт түсті. Тостағаншалар мен күлтелер саны бірдей (5-тен), аталық пен аналықтары көп (саны анықталмаған), гүлі көлемді (диаметрі 6 см-ге дейін), ұзын гүл табанына көбінше жалғыздан, сирек топтасып бекиді. Ашық түсті гүлінің хош иісі жәндіктерді өзіне тартады, ара, үлкен тозаң жейтін қоңыздар, бір гүлден екінші гүлге ұшып-қонып жүріп айқас тозаңдандырады. Кейде жәндіктер гүлді түнеп шығатын орын ретінде пайдаланады, өйткені кешке қарай гүлдердің күлтелері жабылады. Итмұрын шілдеде гүлдейді, тамызда жеміс береді.

Раушан туысының жидегі шындығында да жалған жеміс, құрылысы күрделі, күлте жапырақшаларының құмыра немесе бокал тәрізді болып, қабырғаларының ішкі жағында бекінген көптеген сарғыш жаңғақтар, қою да қаттылау түктермен бөлінген. Біз суреттеп отырған түрдің жемісі пісіп-жетілген қою, ашық-қызыл түсті. Ұшында түспейтін құрғақ тостағанша жапырақшалары барлық раушандар мен жабайы раушандарға тән. Кейбір түрлері ежелден белгілі бауда өсірілетін раушандардың арғы тегі болып табылады. Біздің эрамызға дейінгі 4 мың жылдыққа жататын Алтайдың көмбелерінен табылған металл ақшаларда да бауда өсірілетін раушандар бейнеленген. Қазірде жабайы раушандар сұрыптауда және мәдени раушандардың сапасын жақсартуда қолданады.

Итмұрынның ерекшелігі – бағалы витаминдерге бай, жемісі және одан дайындалған дәрі-дәрмектер медицинада негізінен асқазан және бауыр ауруларын емдеуге қолданылады, гүлдерін шайдың орнына пайдалануға болады, күлтелерден дайындалған эфир майы – парфюмерия өндірісінде пайдаланылады.

Есте сақтаңыздар

Итмұрын, жазықтықта, қорым тастарда, беткейлерде, ылғал, тікенек, түк, гүлдердің күлтелері.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

13-мәтін. Қара қарақат

Шығыс және Орталық Қазақстанның орманды дала және таулы аудандарындағы едәуір танымал бұта. Батыста ол Орал өзенінің бассейніне дейін тараған, ал оңтүстік-шығыста Жоңғар Алатауына дейін тараған. Алдыңғы түр сияқты, ылғалды жерді жақсы көреді, өзен жағалауында, сазды жерлердің жиегінде, ылғалды ормандарда өседі. Бұл түрдің бұтақтары түзу, биіктігі 1,5 метрге дейін, жас бұтақтар алғашқыда бозарып тұрады, жаздың аяғында қоңыр түске ауысады. Жапырағы саусақ салалы, ұзын. Қара қарақатқа тән бір ерекшелік жапырағы мен жас бұтақтарының төменгі жағында болатын сары бездің болуы, өсімдікке хош иіс береді. Гүлдері күлгіндеу немесе жасылдау, сирек шашақты, әр шашағында бестен шоғырланған. Қарақат мамыр, маусым айларында гүлдейді, шыбынның көмегімен тозаңданады. Қолайсыз жағдайларда да өзі тозаңданады, бұл жиі болып тұрады (бір гүлдің ішінде). Жемісі хош иісті, қара немесе қошқыл. Көптеген ұсақ тұқымды жидек шілде тамыз айларында пісіп жетіледі. Тұқымын құстар таратады. Қара қарақат көпшілікке жабайы күйінде де мәдени түрде де белгілі. Жалпы алғанда Қазақстанның барлық аймағында өсіріледі. Бірақ жабайы қарақат жоғары бағаланады. Себебі қантты витаминге бай тағам ретінде және емдік мақсатта, көкөністерді консервілеуде жапырағы хош иіс беруге кеңінен қолданады.

Есте сақтаңыздар

Қара қарақат, өзен жағалауында, сазды жерлердің жиегінде, ылғалды ормандарда, өзі тозаңданады, хош иісті, қошқыл, тағам ретінде, емдік мақсатта.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

14-мәтін. Ақгүл

Ақгүл (жасмин) – көп жылдық бұта түрінде өсетін өсімдік. Гүлдері түкті, хош иісті болады. Өсімдіктің Отаны – тропиктік елдер. Негізінде, әсемдік үшін, сұрыптарынан хош иісті эфир майларын алу үшін және шайды хош иістендіру үшін өсіреді. Аталмыш гүлдің хош иісі көптеген әтірлердің құрамына енген. Сол сияқты өсімдік гүлінен кремдер, массаж майлары және басқа да көптеген косметикалық заттар дайындалады.

Ақгүл ерекше күтімді қажет етпейтіндіктен бөлме жағдайында да жақсы өседі. Гүлдің топырағына шіріген жапырақ араластырып отырғызған пайдалы. Бірнеше күн тұрған қышқылдау сумен суарған дұрыс. Топырағы құрғаған кезде ғана суарады. Айына 2 – 3 рет бүркіп суарған да пайдалы. Гүлдің ыдысын 2 жылда бір рет көктем айында алмастырады.

Ақгүл күтімінде бөлме температурасының қалыпты болуы маңызды. Қыста +8-ден төмен болмауы керек. Жазда таза ауаға шығарып қоюға болады. Басқа бөлме өсімдіктерімен салыстырғанда ақгүл күн көзіне, тура түскен күн сәулесіне шыдамдылығымен ерекшеленеді. Бірақ қатты ыстықта ұзақ уақыт қалдыруға да болмайды.

Есте сақтаңыздар

Ақгүл, көп жылдық, әтірлер, шіріген жапырақ, қышқылдау су бүркіп суару, бөлме температурасы, күн сәулесі, шыдамдылығымен, қатты ыстықта, ұзақ уақыт.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

15-мәтін. Жасаңшөп

Жасаңшөп (толстянка) фэн-шуй ілімі бойынша қаржы ісінде сәттілік әкелетін өсімдік болып есептеледі. Өсімдіктен бөлінетін тозаңдар адам ағзасына пайдалы. Ол ауаны тазалайды. Өсімдік ағзаның психикалық және физикалық шаршағанын басады. Адам ағзасын жұқпалы ауруларға қарсы белсендіреді.

Күй талғамайтындықтан қараңғылау бөлмеде де жақсы өседі.

Бөлме өсімдіктерінің әрқайсысына тән сенімдер бар. Көбі жасаңшөпті «ақша шақыратын өсімдік» деп жатады. Ағаш биіктеп өссе, жапырағы қалың әрі үлкен болса, қаржылық жағдайдың жақсаратынын білдіреді деп сенеді. Ал өсімдік жақсы өсуі үшін оған күтім жасау керек.

Гүлдің жақсы өсуі оны дұрыс отырғызудан басталады. Оның өскінін ешкімге көрсетпей (ұрлап) немесе сатып алады. Отырғызар алдында өскіннің түбін сәл құрғатады. Гүлсауыттың түбіне «ақша шақырсын» деген ниетпен тиын салып, сонан соң гүлді отырғызады. Өсімдік биіктеу өсуі үшін көктем басталған кезде қырқады. Өте қараңғы бөлмеде ұстауға болмайды. Өсімдік жаздың ыстығына төзімді болғанымен, қыста бөлме температурасын он бес градустан асырмау керек. Ыстыққа төзімді болу үшін өсімдікті көктемнің ыстығынан бастап бейімдеген дұрыс. Оны топырағы құрғаған кезде ғана суарады. Сұйық тыңайтқыштармен тыңайтады. Өсімдік биіктеп, ыдысы тарлық еткенде ғана ыдысқа алмастырады.

Есте сақтаңыздар

Жасаңшөп , тозаңдар, адам ағзасына пайдалы, жұқпалы аурулар, күй талғамайтын, ақша шақыратын өсімдік, гүлсауыт.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

5. Тапқыр болсаң тауып көр:

- Өзіне шап шақ,

Киген қалпағы аппақ,

Балалар тұр қаптап. (Бақбақ);

- Аумайды бір қылыштан,

Пүліш түсі жап-жасыл.

Соғылғандай мырыштан,

Өтпейтұғын жап-жасыл. (Қияқ);

- Саздауыт жерде өседі.

Қош иісі аңқыған,

Шипа өсімдік деседі. (Жалбыз);

- Қар астында қыстады,

Ақпен бөркін тыстады. (Бәйшешек).

16-мәтін. Алма

Алма – раушангүлдер тұқымдасына жататын, өте кең тараған жеміс ағашы. Жер шарында табиғи алманың 36 түрі белгілі. Қазақстанда Сиверс, Недзвецкий, қырғыз алмасы өседі. Дүниежүзінде 15000-нан астам алма сұрыптары болса, олардың барлығының атасы – Жоңғар және Іле Алатауындағы ормандарда өсіп жатқан табиғи сиверс алмасы екен. Ғалымдардың айтуынша, Қазақстандағы алма ағаштары 10 мың жыл бұрын пайда болған. Ең қызығы, Қазақстанда алма бақтары емес, «алма ормандары» бар. Әлемде жойылып кеткен кейбір алма түрлерін Қазақстандағы ормандарда өсіп тұрған алма ағаштары арқылы қайта қалпына келтіруге болады. Бірақ ол үшін қазақ жеріндегі алма ағаштары бар ормандарды сақтап қалуымыз керек. Құндылығы, мұндағы әрбір алманың гендік құрылымы бір-біріне ұқсамайды, әрі қайталанбайды. Кейбір алма түрлерінің гендері біз үшін өте маңызды. Өйткені олар басқа ешбір жерде кездеспейді. Қазақстанда алманың 40-тан астам сұрыптары жерсіндірілген, оның 20-сын қазақ селекционерлері өсіріп шығарған. Алма ағашының сұрыптарына қарай өмір сүру ұзақтығы 20–100 жыл, биіктігі 3-10 м аралығында, 3–12 жылда жеміс береді. Жаздық, күздік, қыстық сұрыптары болады. Жаздық сұрыптары еккеннен кейін 3–4 жылдан соң жеміс бере бастайды. Толық жеміс беру мезгілі 15–20 жыл. Ал, 30–35 жыл өткен соң мұндай сұрыптардың жеміс беруі нашарлай бастайды. Жаздық, күздік, қыстық сұрыптарды іріктеп алу тәртібін орындамау, қандай да болсын бір түрін көбейтіп жіберу – әсіресе, өнімді жинаған, сақтаған, өңдеген кезде көптеген қиыншылықтар туғызады. Бақшада мейлінше көп сақталатын қыстық сұрыптарға

едәуір орын берілгені дұрыс. Алма құрамында су, қант, қышқыл, А, В1, В2, В6, С, РР дәрумендері, көптеген минералды заттар бар. «Күнде кешкісін бір алма жесеңіз, дәрігер қажет емес», – деген мақал алманың қаншалықты пайдалы екендігін білдіреді. Сонымен қатар, алма шырыны адам ағзасын ауыр металдардан тазартуға, қан бұзылу және жүрек ауруларын емдеуге қолданылады. Алма жемісі тасымалдауға, сақтауға жарамды. Алма жемісінен шырын, тосап, компот, джем, қақ жасалады. Сондай-ақ тамақ, кондитер және иіс су өнеркәсібінде қолданады. Алманы күнделікті тағамға, салаттарға қосып пайдаланады.

Есте сақтаңыздар

Табиғи, құндылығы, гендік құрылымы, сұрыптары, дәрумендер, күнделікті, іріктеп алу, шырын, тосап.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

17-мәтін. Жүзім

Жүзім – шырмалып өсетін жүзімділер тұқымдасы, 70-ке жуық түрі бар. Зерттеушілер тұқымын тауып, 60 миллион жыл бұрын, яғни жер бетіне адамдар болмаған кезде жабайы жүзім болғандығын дәлелдеген. Қазіргі кезде 4000-нан аса мәдени түрі тропикалық және субтропикалық аймақтарда өседі. Жүзім өзінің жақсы қалыптасқан тамыр жүйесімен ерекшеленеді. Сабақтарынан өсіп шығатын мұртшалары арқылы жүзім шырмалып өседі. Жапырақтары ірі, 3–5 салалы болады. Гүлі ұсақ, жасыл түсті. Жемісі шырынды, ішінде 1–4-ке дейін сүйекшелері болады. Кейбір мәдени түрлерінде сүйекшелер болмайды. Сұрыпына қарай жемісінің пішіні домалақ, ұзынша-сопақтау болады. Жемісінің түсі жасыл, сары, қызғылт-сары, күлгін т.б. болады. Жемістері шоғырланып өседі. Бір шоқта 100 данаға дейін жүзім болады. Дұрыс күтім жасалса, жүзім 50 жылға дейін жеміс береді. Жүзімді тұқымы, қалемшесі және ұластыру арқылы көбейтеді. Жүзім отырғызылғаннан кейін 2–3 жылда жеміс бере бастайды. Жүзімнің түбін ашу мерзімін дұрыс білгеннің маңызы зор. Егер жүзім түбі ерте ашылса, үсіп кетуі ықтимал, ал кеш ашылса, шіріп кетуі

мүмкін. Дұрысы, жүзім түптерін ашуға сөл жүре бастаған кезде кірісіп, бүршік бөрте бастағанға дейін аяқтау қажет.

Жүзім құрамында қант, органикалық қышқылдар, ферменттер, илік, азотты және пектинді заттар, С, В1, В2, В6, В12, Р, РР дәрумендері, өзектер, сонымен қатар минералдар мен микроэлементтер бар. Жүзім ағзаны холестериннен тазартады. Медицинада гемоглобинді көтеру үшін, қан аздыққа, бүйрек, жүрек, жүйке ауруларына қарсы, бронхит кезінде жөтел мен қақырық шығару үшін қолданады. Жүзім шырыны несеп және өт айдау үшін қолданылады. Қазіргі кезде ғалымдар жүзім сүйегінің қатерлі ісіктерге қарсы ем болатынын дәлелдеуде. Жүзімнен шырын, компот, тосап, мармелад жасайды. Жүзім шарап өндіруде кеңінен қолданады. Ал шарап жасаудан кейінгі қалдықтардан сірке қышқылы, этил спирті, эфир майы шығарылады. Сонымен қатар жүзімді кептіріп, мейіз жасайды.

Жүзім құрамындағы дәрумендер миға өте пайдалы. Түстен кейін қос уыс жүзім немесе жүзімнің бір кесе таза сығынды шырынын ішу денеге де, ми жасушаларына да өте пайдалы. Калория тұрғысынан 1 келі жүзім, 1,150 грамм сүт, 390 грамм ет, 300 граммнан және 1,200 грамм картопқа тең деп саналады. Бұған қоса, емдік қасиеті бар амин қышқылы, А және В дәрумені (В1, В2), калий, магний, кальций, силиций, йод, цинк, күкірт және маргенец секілді микроэлементтері де жүзімнің құрамында кездеседі. Жүзім адамның иммунитетін күшейтеді, жүйкені тыныштандырып, терінің түлеуін арттыра түседі. Ол – сондай-ақ аллергия мен буындарда тұз жиналуының алдын алуда таптырмайтын жеміс. Жүзімнің құрамындағы табиғи фруктоза денедегі жұмсалатын қуаттың аз уақытта қайта қалпына келуін қамтамасыз етеді. Шырынындағы биофлавоноидтары арқылы С дәруменінің белсенділігін арттырады. Жүзім қасиетінің Құранда айтылуы да тегін болмаса керек. Неге десеңіз, қандағы оттегін жүргізетін гемоглабин синтезіне қажетті темір мен бүйректердің жұмыс істеуі және жүрек соғысының реттелуінде жұмсалатын калий онда өте көп кездеседі.

Есте сақтаңыздар

Мұртшалары, сүйекшелері, пішіні домалақ, өзектер, сірке қышқылы, мейіз, табиғи фруктоза, ми жасушалары.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

18-мәтін. Құрма

Құрма ағашы – ыстық шөлді аймақта өсетін пальманың бір түрі. Биіктігі 25 метрге дейін жететін бұл ағаш алғашқы өнімінің 8–10 жылдан кейін береді екен. Жыл өткен сайын құрма жемісінің өнімі молайып, отыз жылдан соң біртіндеп азая бастайды. Негізінде бір пальма ағашының 10–20 бұтасы кей кездері 100 кг футқа дейін құрма жемісін беретін кездері болады.

Арабтар жабайы құрманы V–VII ғасырларда-ақ кептірілген, қуырылған және шикі күйінде пайдала бастаған. Анығын айтқанда, адамзатқа белгілі жемістердің ең көне түрі. Ертеректе шөлді аймақтың тұрғындары ыстықтан қорғану үшін саясын паналап, жапырағынан жай жасап, ағашын отын ретінде пайдаланып, қала берді күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдар әзірлеген. Зерттеушілер құрманың отаны Месопотамия десе, енді бірі Испанияның Канар аралы, Сахараның оазисі, Арабия мен Азияның оңтүстік - шығысы деген болжам айтуда. Біріккен Араб Әмірлігінің Дала аралынан табылған құрма ағашының дәнегін зерттеген ғалымдар құрма 5 мың жыл бұрын пайда болған деген тұжырымға келуде. Ал Израиль аумағында 2 мың жыл бұрынғы тарихи - мәдени орындарда жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған дәнек осыдан 500 жыл бұрын жойылып кеткен құрманың бір түрі екендігі ақынталған.

Ғалымдар құрманың А, Е, С, Р дәрумендері, натрий, калий, магний, кальций, темір, фосфат, қант, антиоксиданттар, органикалық қышқылдар, илік заттар, ақуыздар, көмірсулар секілді минералдарға өте бай екендігін әлдеқашан дәлелдеген. Оның құрамындағы бай минералдар түрлі ауруларға ем ретінде ұсынылады. Осы бір қарапайым жемісте алуан түрлі дерттің шипасы жатқандығын біріміз білсек, біріміз білмейміз. Ал бүгін оның бірнеше ауруға шипалық қасиетін баяндамақпыз. «Алла бір ауруды жаратса, шипасын қоса жаратады» деген Пайғамбарымыз (с.а.у)-ның хадисі бар, демек әрбір аурудың да бір шипасы табылары анық. Халқымыз «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген.

Есте сақтаңыздар

Ыстық шөлді аймақта, кептірілген, қуырылған, шикі күйінде, болжам, дәнегі, тұжырым, ақуыздар, ем ретінде, хадис, дерттің шипасы.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

5. Тапқыр болсаң тауып көр:

- Ортасында қазығы,

Бұтағында азығы. (Алма);

- Желілері жайылып,

Жол-жол болып жатады.

Күн нұрына бой ұрып,

Жердің нәрін татады,

Жасыл шатыр астында,

Кететіндей үзіліп,

Тұр көп маржан тасындай,

Мойыл моншақ тізіліп. (Жүзім);

- Қызыл күрең түрі бар,

Тебіндеген бүрі бар.

Піскен кезде қаулайды,

Алтыннан бір аумайды,

Бал татыған нәрі бар,

Онда емнің бәрі бар. (Шабдалы);

- Іші аумаған жүгері,

Түр-түсі алмадай,

Ойымның жоқ бүгері,

Жесең бал деп қалмағай. (Анар).

19-мәтін. Бидай

Бидай — біздің заманымызға дейінгі 6000 – 5000 жылдары Ежелгі Грекияда өсіріле бастаған. Мысыр мен Қытайда біздің заманымыздан 4000 жыл бұрын бидайдан тағамдар жасаған. Адамдар бидайды тек тағам ретінде ғана емес, сонымен қатар емдік қасиеттері үшін де ерте заманнан бағалаған. Бидайдың дәні байлық пен жақсылықтың нышаны ретінде қабылданған, өйткені ол кезде көбіне

қолданылған сұлы мен қара бидайға қарағанда, суыққа және құрғақшылыққа төзімсіз бидайдан жақсы өнім алу қиын болған. Ақ ұн тек үлкен мерекелер кезінде ғана пайдаланылған, онда да оған әркімнің мүмкіндігі келе бермейтін.

Зерттеу жұмыстары барысында суда өнген бидайдың құндылығы бірнеше есе көбейетіні анықталған. Мәселен, өнген бидайда В2 дәрумені 10 есе көп болған. Осындай керемет қасиеттерінің арқасында өнген бидайды жеу адам ағзасы үшін аса пайдалы. Бидайдың дәніне қарағанда, қабығы мен ұрығында Е дәрумені, антиоксиданттар, В тобындағы дәрумендер өте көп болады. Бидайдан ұн, ұнтақ жармасын, «тритикале» және «булгур» жармасын жасайды. Ұнтақ жармасы – өзімізге белгілі «манная крупа». «Тритикале» – будандастырылған бидай мен қарабидайдан жасалған жарма. Ұннан нан, макарон, кондитерлік тағамдар өндіріледі. Кебектің қайнатпасы теріні жұмсартады. Бидайдың масағы флористикада гүл шоғырлары мен композицияларын безендіру үшін қолданылады.

Биіктігі 40–130 см, тамыр жүйесі – шашақты, тарамданған. Сабағы қуыс, жұмыр, жапырағы таспа тәрізді, сағағы сабағын орай орналасқан. Гүл шоғыры – күрделі масақ, оның қынабында 2 масақша қабыршағынан тұратын масақтар орналасқан, ал олардың аралығында 3 - 5 гүлдері болады. Масақтың пішіні ұршық тәрізді, түсі ақ, қызғылт, кейде қара, ішінде қылтанағы болады. Тұқымы – ұзына бойына тартылған сызаты бар, беті жылтыр дән. Масақ қылтығына, түсі мен масақша қабыршағының түк басуына, қылтықтары мен дәндерінің түсіне, т.б. байланысты бидайдың түрлері түршелерге бөлінеді, ал әрбір түрше сорттардан тұрады. Қазақстанда негізінен жұмсақ және қатты бидай өсіріледі.

Есте сақтаңыздар

Бидайдың дәні, сұлы, құрғақшылыққа төзімсіз, қабығы мен ұрығында, ұнтақ жармасы, кебектің қайнатпасы, бидайдың масағы, шашақты, қуыс, жұмыр, жапырағы таспа тәрізді, сағағы, қызғылт, сызаты бар.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

5. Тапқыр болсаң тауып көр:

- Қыр басында әрқилы,
Сары теңіз толқиды. (Егін);
- Жезге ұқсас сабағы,
Дәні – халық тамағы. (Бидай);
- Маржанын түзген,
Сатылып тізген. (Масақ);
- Аласа терек,
Күлтеленген жалына.
Ұнаса керек,
Моншақ таққан малына. (Тары);
- Табаны суды сүйеді,
Қабағы күнге күйеді. (Күріш);
- Түскенде салқын күз,
Жинадық алтын тіс. (Жүгері);
- Сырнайынан төгіп тұр,
Күнге сәлем беріп тұр (Күнбағыс).

2 Жасыл ел

1-мәтін. Таза ауа – денсаулық кепілі

Әр адам тәулігіне бірнеше мың литр ауа жұтады. Ауаның құрамындағы оттегі алдымен өкпеге барады. Одан қанға сіңіп, бүкіл ағзаға тарайды. Өкпе бейне сүзгі сияқты ауа құрамында түтін, шаң-тозаң болса, тұтып қалады. Зиянды заттары бар ауамен тыныс алған адамның жұмысқа қабілеті кемиді. Тез шаршап қалады. Бұл жағдай түрлі ауруға (рак, туберкулез) шалдықтырады.

Адамға тыныстау үшін таза ауа қажет. Орман ішінде, теңіз немесе өзен мен көл жағалауында ауа таза болады. Ал елді қоныстарда ауаға адамның денсаулығына зиянды түрлі қоспалар араласып жүреді. Әсіресе, өндірісті қалаларда ауа көп ластанады. Фабрика, зауыт, жылу орталықтарының мұржасынан будақтап шығып жатқан қара көк түтіннен өте майда күл, шаң-тозаң ауаға көтеріледі. Ауаның тазалығын сақтау үшін ірі кәсіпорындардың мұржаларына ыс, шаң-тозаң, түрлі улы газдарды тұтатын қондырғылар орнатылады.

Ірі қалалардағы ауаның ластануының тағы бір көзі – автомашиналар. Бензинмен жүретін көліктер көп мөлшерде улы заттарды бөліп шығарады.

Айналадағы ауаның тазалығын сақтауда көгалдандырудың маңызы зор. Өсімдік ауаның құрамындағы көмірқышқыл газын,

зиянды заттарды, шаңды жұтып, оның орнына көп мөлшерде оттегін бөліп шығарады.

Сондықтан көше бойлай ағаш отырғызу, гүлзарлар жасау, демалыс бақтарының көлемін кеңейту ауаның тазалығын сақтаудың бір жолы болып табылады.

Есте сақтаңыздар

Ауаның құрамы, қабілеті кемиді, өкпе, тәулік, шалдықтырады, майда күл, кәсіпорындардың мұржалары, улы заттар, көмірқышқыл газы, гүлзарлар, демалыс бағы.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

5. Тапқыр болсаң тауып көр:

- Түсі бар көрінбейтін,

Бір тұтас бөлінбейтін.

Тынысы ол тірліктің,

Ешқашан жерінбейтін. (Ауа);

- Көшіп жүріп желменен,

Сеуіп шықты тамшысын,

Қыраттарға шөлдеген. (Бұлт);

- Келістіріп өрнегін,

Құрып қойды өрмегін. (Кемпірқосақ);

- Аспанды от қамшы осады,

Ащы үнін ышқынып қосады. (Найзағай).

6. Берілген сөз тіркесінен көркемдеп бірнеше сөйлем жасаңыз.

Күн бұлттанды – Күннің көзін бұлт жапты; Күннің көзі көмескі тартып, бұлт астында қалды; Күнді ентелеп, бұлт қамап тұр; Аспан түнеріп, дала күңгірт тартты; Күн қара бұлт уысында қалды.

Су тасыды – Өзен ернеуінен асты; Сең бұзылды; Сел тасқыны күшті болды; Су кемерінен асты; Телегей-теңіз; Жайқын су; Су кернеуден өтті.

7. Ауа райын танытатын сөздерді атаңыз. (жаймашуақ, жылымық, бүркеу, ызғар, тұман, шаңыту, бұрқақтау, қапырық, борандату, т.б.).

2-мәтін. Табиғаттағы су

Жер бетіндегі ең көп таралған зат – су. Глобусқа немесе жартышарлар картасына қарасаңыз, онда Жер шарының төрттен үш бөлігі көгілдір түске боялған. Ол – су: мұхиттар, теңіздер, өзендер, көлдер. Судың біразы жер астына шоғырланған. Мұның бәрі – сұйық күйіндегі су.

Егер күн салқындап, температура 0°C-дан төмен түссе, су сұйық күйден қатты күйге, яғни қар мен мұзға айналады.

Жердегі тіршілік және сан алуан табиғат құбылыстары сумен байланысты. Сусыз жер бетінде өсімдік өспейді, жануарлар тіршілік ете алмайды. Өсімдік топырақтағы қоректік заттарды суда еріген ерітінді күйінде ғана сіңіре алады. Су табиғаттағы барлық тіршілік атаулының құрамына кіреді. Көптеген өсімдіктің 80–95 %-ы судан тұрады. Жануарлар мен адам денесінде де су көп. Адам ағзасының бүкіл салмағының жартысынан көбі судың үлесіне тиеді. Ол қанның, ас қорытатын сөлдің, сілекейдің құрамына кіреді.

Жер бетіндегі көптеген табиғат құбылыстары суға байланысты. Су тау жыныстарын бұзады, оларды бір жерден екінші жерге тасымалдайды. Соның нәтижесінде жер бедері өзгереді – таулар, қыраттар тілімделіп аласарады, ойпаттар шөгінді жыныстарға толып, тегістеледі.

Есте сақтаңыздар

Жер шары, мұхит, теңіз, өзен, көл, шоғырланған, қоректік заттар, сіңіре алады, тау жыныстары, жер бедері, қырат, ойпат.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

5. Берілген мақал-мәтелдердің мағыналарын ашып беріңіздер:

- Судың да сұрауы бар;
- Су ішкен құдығыңа түкірме;
- Сыйлап берген су да тәтті;
- Шешінген судан тайынбас.

6. Су түрлерін атаңыздар.

(Ірінді су, шалшық су, лай су, жайдақ су, мөлдір су, тұнық су, ішінді су, т.б.)

7. Жауын түрлерін атаңыздар.
(Сілбілеу, сіркіреу, бүрку, себелеу, сауылдау, төпеу, шүмектеу, боз жаңбыр, нөсер, сатырлау, сытырлау, сылбыр жауын, ақ жауын, т.б.)

3-мәтін. Өзен және көл

Сайдың түбінен шыққан бұлақ ылдиға қарай сылдырап ағады. Оны жылға дейді. Оның суы жапа-тармағай жайылып кетпей, бір ізбен ағады. Әзірге оның күші де әлсіз. Жаяу келе жатқан кісі ағып жатқан судан аттап өтіп кете алады.

Жылға баяу жылжып аға береді. Оған жолшыбай басқа жылғалар қосылады. Сөйтіп, ағыс молая түседі. Жылғалар бір-бірімен қосылып өзен құрайды. Өзеннің ағып шығатын жері бастауы деп аталады. Уақытша пайда болатын ағыстардан ерекшелігі - өзен жер бетіндегі белгілі бір ойысты бойлап ағады. Ол арна деп аталады.

Жолда негізгі өзенге бүйірден басқа ұсағырақ өзендер келіп қосылады. Мұндай жолдан қосылатын өзендер негізгі өзеннің саласы деп аталады.

Өзен көлге немесе теңізге барып құяды. Оның көлге, теңізге барып қосылатын жерін сағасы деп атайды. Жазық жердегі өзендер баяу ағады. Қазақстанның көптеген өзендері (Жайық, Сырдария, Ертіс) сондай. Бұған керісінше тау өзендері қатты ағады.

Адам баласы өзенді ерте заманнан бері өз қажетіне пайдаланып келеді. Одан ауыз су алады, мал суарады, балық аулайды. Өзен суы егістіктерге жіберіледі. Ірі өзендерде жолаушы және жүк таситын кемелер қатынайды.

Құрлық бетіндегі түрлі ойыстарды көлдер алып жатады. Көлдердің көлемі әртүрлі болады. Шағын көлдердің ені мен ұзындығы бірнеше ондаған метрден аспайды. Ал ірі көлдердің бір шетінен екінші шетіне көз жетпейді. Ірі көлдерде теңіздегі сияқты үлкен кемелер жүзеді. Ондай көлдерде күшті дауыл соққанда биік толқын көтеріледі.

Көлдер тұщы немесе тұзды болуы мүмкін. Ыстық жақтарда жазда көл суы көп буланады. Ағын сумен шайылып келген тұздар түбіне тұнып қала береді де, тұзды айдындар пайда болады. Қазақстанда тұзды теңіздер мен көлдер (Каспий, Арал, Балқаш) көп кездеседі.

Көлдің шаруашылыққа пайдасы үлкен. Өзен сияқты көлден де балық ауланады, ауыз су алынады, мал суарылады. Тұзды көлдерден тұз өндіріледі.

Суға тапшы құрғақшылық жерлерде қолдан көл жасалынады. Оны жасанды көл деп атайды. Қолдан көл жасау үшін құрғақ сайдың

алдына топырақ үйіп, бөгейді. Көктемде еріген қар суы бөгетке жиналады. Жасанды көл шағын өзендерді бөгеу арқылы да жасалады. Ол мал суаруға, қолдан балық өсіруге, бау-бақшаға пайдаланылады.

Есте сақтаңыздар

Сай, ылди, сылдырлап ағады, жылға, ағыс, бастау, арна, сала, саға, жазық жер, құрлық, бөгет, ауыз су, суға тапшы, көп буланады, құрғақ сай, еріген қар, шағын өзендер.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Қазақстандағы өзен мен көл атаулары, географиялық орналасуы туралы мәлімет дайындап келіңіз.

5. Берілген мақал-мәтелдердің мағыналарын ашып беріңіздер:

- Көл толқыса – жар құлайды,

Көп толқыса – хан құлайды;

- Көп түкірсе көл болады;

Адамгершілікке арналған үш сауал бар:

Шөлге құдық қазған бір сауап,

Өзенге көпір салған бір сауап,

Жолға ағаш еккен бір сауап;

- Адам қатесіз болмас,

Көл бақасыз болмас.

6. Тапқыр болсаң тауып көр:

- Еш тесікке тұрмайды,

Ол жоқта жер құрғайды. (Су);

- Қиы шыңнан құлайды,

Тасты бұзып арыны.

Ақ жалданып тулайды,

Құлақ жарар сарыны. (Сарқырама);

- Бұйра жасап сан қилы,

Сұйық жазық шалқиды. (Теңіз);

- Сынаптай жылтырап,

Биіктен сырғиды,

Ән салып былдырап,

Іздейді ылдиды. (Бұлақ);

- Туған жердің белбеуі,

Шұбатылып қалыпты.
Керемет-ау кернеуі,
Тасты тесіп, жарыпты. (Өзен)

4-мәтін. Ауаның ластануы. Ауаны қорғау

Табиғаттағы заттар айналымы арасында белгілі бір үйлесімділік бар. Олар әр қабаттағы өзінің белгілі бір мөлшерін сақтайды. Сондықтан ауаның құрамы тұрақты болып шығады.

Өркениет пайда болған кезден бастап ауаға кездейсоқ заттар қосыла бастады. Оған дейін ауа табиғи жолмен ғана ластанатын. Жанартаулар атқылағанда ауаға бу күйіндегі заттар, улы газдар араласады. Жел арқылы шаң, тозаңдар ұшып шығады.

Орман өртенген кезде көп мөлшерде газдар ұшып шығады. Өсімдіктер мен жануарлардың қалдығы шірігенде түзілетін газ заттары да ауаға тарайды. Мұның бәрі табиғи ластануға жатады. Заттар айналымы кезінде ауа табиғи ластанудан өзін-өзі тазартып отырады.

Қазіргі кезде ауаның ластануы адамның іс-әрекеті салдарынан жиілеп отыр. Оны ластайтын жылу электр станциясынан, мұнай өңдеуден, металл өндіруден, көліктерден, т.б. шығатын қалдықтар.

Ірі қалалардағы ауаның ластануы қауіпті шегіне жетті. Қалаға сырттан қарағанда оның үстін түтінді тұман басып жатқанын көресің. Ол тұман газ бен тозаңның араласуынан түзіледі. Содан келіп қаланың ауасы нашарлайды. Ауа температурасын біршама көтереді. Қала ауасының құрамында су буы көп болады да, ылғал ауамен тыныс алу қиындайды.

Ауаның ластануы тіршілік етушілерге өте зиянды. Өсімдіктердің жапырағына қонған шаң оның тыныс алуын, суды буландыруын баялатады. Ормандағыдан гөрі қалада өсетін ағаштар тіршілігі ерте тоқтайды. Орманда 400 жыл жасайтын жөке ағашы қала ауасында 50–80 жыл ғана өмір сүреді.

Жануарлар да, адам да ауа құрамына сәйкес газ қоспасымен тыныс алуға үйренген. Қоспаның құрамы өзгергенде, басқа газдар араласқанда ағзаның тыныс алуы бұзылады. Сөйтіп ол ауруға шалдығады.

Ауаға тарайтын кездейсоқ заттардың көбеюінен ауа қабаты өзін-өзі тазарта алмайды. Оны қорғау қажет. Ол үшін арнайы шаралар жүзеге асырылады. Зауыттарға тазартқыш қондырғылар орнатылады. Автокөліктерден шығатын түтіннің жолына сүзгі қойылады. Сұйық отын газбен алмастырылады.

Ауаны тазартудың ең тиімді жолы – көгалдандыру. Бұл аса маңызды іске өздерің де қатыса аласыңдар. Сенің еккен әр ағашың ауаны тазартуға қосқан үлесің болып табылады.

Есте сақтаңыздар

Үйлесімділік, мөлшер, өркениет, кездейсоқ, жанартаулар, мұнай өңдеу, жөке, тыныс алу, тазартқыш қондырғылар, сұйық отын, арнайы шаралар, алмастырылады, көгалдандыру, үлес.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

5. Қардың түрлерін атаңыздар.

(Қалың қар, аппақ қар, жапалақ қар, ақша қар, ұлпа қар, қиыршық қар, сонар қар, күртік қар, оппа қар, т.б.)

6. Жел түрлерін атаңыздар.

(Леп, өлпек, желкем, ескектеу, үру, уілдеу, ызғар, ызындау, үскіру, азынау, ызғыру, ұйытқу, т.б.)

7. Мәтіннен жалпы зат есім мен жалқы зат есімдерді тауып, сөйлем құрастырыңыздар.

8. Халық ауа райын қалай болжаған? Бұған қосар ойыңыз.

Тауық биікте қонақтаса не болады? (жаңбыр)

Үйрек бір аяғымен тұрып, басын қанатының астына тықса не болады? (аяз)

Қаздар аяқтарын бауырына тығып жатып алса не болады? (боран)

Бозторғай ән салса не болады? (күн ашылады)

Құмырсқалар илеуінің аузын бекітіп алса не болады? (нөсер)

Бұлт жер бауырласа не болады? (күн суытады)

Қарлығаштар төмендеп ұшса не болады? (жел)

Ордалы жылан, құрт-құмырсқа топ-тобымен басқа жаққа көше бастаса не болады? (жер сілкінісі болады)

Ит ұлыса не болады? (жаманшылық немесе табиғат апатының белгісі)

Жауын немесе боран жұма күні басталса не болады? (келесі жұмаға дейін созылады).

5-мәтін. Қазақстан табиғаты

Қазақстанның жер қойнауында әлемдегі табиғи қазба байлықтардың барлық түрі орасан зор көлемде бар деуге болады.

Қазақстандағы ең ірі өзендер – Ертіс, Сырдария, Іле, Есіл және Тобыл.

Қазақстан аймағының ауқымдығына қарай ауа райы әр түрлі болып келді. Барлық территория үшін ортақ сипаттама ол – жердің қуандығы мен континенталдылығы.

Қазақстандағы ең биік шың республикамыздың оңтүстік-шығысындағы Тянь-Шань тауындағы Хан Тәңірі шыңы болып табылады.

Қазақстанда 158 түрлі сүтқоректілер, 485 түрлі құстар, 15-ке жуық балықтар мен көптеген жануар – жәндіктер кездеседі.

Қазақстанның өзіне тән өсімдіктері сан-алуан, әрі бай. Мысалы, бір ғана дәрі жасайтын өсімдіктің өзі 150-ге жуық.

Қазақстанда мемлекеттік қорық бар.

Көптеген жанауарлар мен өсімдіктер өкіметтің қамқорлығында. Олардың ішінде Алматы қаласының рәмізіне айналған тау барысы мен Республика байрағында бейнеленген нұрлы болашаққа самғап бара жатқан елді көрсететін бүркіт те бар.

Есте сақтаңыздар

Жер қойнауы, ең биік шың, сүтқоректілер, жәндік, сан-алуан, дәрілік өсімдіктер, қорық, өкімет қамқорлығы, бүркіт, болашаққа самғау.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Табиғат тақырыбына байланысты 1–2 шумақ өлең шығарып көріңіздер.

5. Берілген мақал-мәтелдердің мағыналарын ашып беріңіздер:

- Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас;
- Пәлен жерде алтын бар,
Өз жеріндей қайда бар;
- Туған жердің ауасы да шипа;
- Туған жердің қадірін,

Шетте жүрсең білерсің.

3 Саяхат әлемі

1-мәтін. Оқжетпес

Сұлу Көкше өңірінде найзадай көкке шаншылған биік тау бар. Жерден тартқан садақтың оғы оның шыңын тіпті маңайламайды. Содан да бұл тау Оқжетпес атанып кеткен.

Бұл шыңға сүйсінбейтін жан жоқ. Жақыннан қарағанда сандықша тастарды текшелеп, қолмен әдейілеп қалағандай көрінеді. Жер таңдайтын қарағайлар мен шыршалар Оқжетпестың тастарына қадалып, аспанмен таласа өсіп тұр.

Шың туралы мынадай аңыз бар. Ертеде Бурабай, Көкше жерін мекендеген елде бір бала дүниеге келіпті. Ол елден ерекше ер тұлғалы, зор денелі, батыр болып өседі. Ірі болғаны сонша, өзіне мал шыдамаған соң пілге мініп жүріпті. Осы кезде қазақ жеріне көз алартқан жау аз емес еді. Бала келген жауды жайпап, ел шетіне жолатпай қойыпты.

Бір күні сол бала шайқастан кейін сәл тынығып алмақшы болады. Күміскөлдiң тұнық суына рақататтанып шомылады да, Көкшенің баурайындағы ну қарағайдың арасына келіп алаңсыз жата кетеді. Орман ішінде жасырынып жүрген жау оңтайлы сәтті дереу пайдаланады. Ұйқыдағы батырды қолға түсірмек болады. Алайда анталаған жау таусылмайды. Батырдың күші азайып, әл-дәрмені таусылады. Жау қолын түсіп, қорлық көргенше құдайдан өзін тасқа айналыруын тілейді. Пілін де жау қолына тастамас үшін төбесіне көтеріп алады. Сондағы батыр осы Оқжетпес болса керек.

Есте сақтаңыздар

Найзадай, садақтың оғы, сүйсіну, сандықша, қарағай, аңыз, піл, шайқас, алаңсыз, оңтайлы сәт, ұйқыдағы батыр.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Қосымша мәліметтерді пайдалана отырып, «Қазақстанның көрікті жерлері» тақырыбына эссе жазыңыздар.

5. Қосымша мәліметтерден сөз тұлғасына (негізгі түбір, туынды түбір, біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз) байланысты жазылған сөздерді тауып, оларды түрлеріне қарай ажыратыңыздар.

Қосымша мәліметтер

«Көкшетау» – ұлттық табиғи саябағы, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарымен Айыртау мен Зеренді аудандарының ерекше экологиялық, тарихи, ғылыми, эстетикалық және демалыстық бағалы аймағында бірегей табиғи кешенді сақтау және қалпына келтіру мақсатымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 10.04.96 қаулысы негізінде құрылды.

Саябақтың негізгі аумағы 151,1 мың га, бұған көне қарағайлы орман, тоғайлы саяжайлар және бұрынғы Зеренді, Арықбалық, Озерный орман шаруашылықтарымен, кәсіпорындарының, Дубровский аң-орман шаруашылықтарының қайынды-көктеректі ормандары, сондай-ақ Зеренді, Имантау, Шалқар, Лобанов, Белый және суы қорғалатын аймаққа жанаса жатқан жерлері бар Байсары көлдерінің аумағы кіреді. Географиялық саябақ Солтүстік Қазақстан аумағының орман-тоғайлы үстіртінде, Көкшетау қаласынан 60 км батысында орналасқан. Саябақтың және оның қорғалатын аймағының кең аумағы (5 мың км 2-ге жуық) адам мен табиғаттың ескі және қазіргі дәуірдегі дамуын бейнелейтін тарихи мұра ретінде бірегей табиғат мұражайы болып табылады.

Мұнда өсімдіктің 700 түрі, жан-жануардың 305 түрі, Қазақстанның барлық флорасы мен фаунасының 30 %-на жуығы бар, сонымен бірге геологиялық, археологиялық, тарих және мәдениет ескерткіштері (бұған неолит дәуірінің Ботай мекені де кіреді), мемлекеттік қорғауда. Ұлттық саябақ аумағы жағынан үш аралас филиалға: Зеренді аймақтық бөлімшесі (орталығы – Красный кордон кенті), Арықбалық АБ (Горный кенті), Шалқар АБ (Лобанов кенті) және Дубровский ұдайы өндіріс учаскесіне (Мостовой кордоны) бөлінген. Аумақтың 10%-ын ірі Шалқар, Имантау, Зеренді көлдерінің жағаларына орналасқан келушілерге, туристерге қызмет көрсететін демалыс аймақтар алады. Ұлттық саябақта: "Шалқар" және "Зеренді" санаторийлерінде стационарлық (емдеу-сауықтыру), яхтада, атпен серуендеуге, спорттың тау-шаңғы түрлері, "Тұрпан", "Имантау", "Зеленый мыс", "Дубрава" демалыс базаларында қысқамерзімдік (маусымдық) демалыс түрлері ұйымдастырылған.

2-мәтін. Бурабай

Қазақстанның солтүстігінде Астана мен Көкшетау қалаларының

арасында таңғажайып аудан, нағыз оазис Көкшетау бар. Географиялық тұрғыдан бұл бұрыш Көкшетау қыраты деп аталады, ал жергілікті жол көрсетушілер оны «Қазақстандық Швейцария» деп атайды. Бір ескі аңызда былай делінген: «Алла тағаламыз әлемді жарату кезінде бір халыққа бай орман, нулы өріс пен кең өзендер, өзгелеріне әдемі таулар мен көгілдір көлдер берілді. Қазаққа тек кең дала тиді. Қазақ бұған өкпелеп, Жаратушыдан табиғат әсемдігінен де бір бөлшегін беруді сұрайды. Сонда Алла тағала өзінің қоржынынан қалғанын алып шығып шетсіз-шексіз далаға әдемі таулардың, шатқалдар мен жалтылдаған таза көгілдір сулы көлдердің қалдықтарын шашып тастады, оған қоса гүлге оранған жап-жасыл көк, салқын сулы бұлақтар мен күліп аққан қайнарлар да берілді. Тауларға түрлі түсті ағаш пен бұтақтардан өрілген кілем төсеп, оның ішіне аң-құстар, көлдерге – балық, жасыл шөпке – жан жақта кездесе бермейтін жәндіктер мен көбелектерді жібереді. Осылайша Бурабай дүниеге келеді. Орынның ең жоғары нүктесі – Көкшетау тауы. Одан оңтүстікке қарай Бурабай (690 м) – айрықша панорамалық нүкте орналасқан. Бурабай – бұл түйе. Одан оңтүстікке қарай Шортан төбешіктері орналасқан, оның ішінде ең үлкені Жеке батыр (826м) деп аталады.

Бурабай көлдері туралы айтпай кету мүмкін емес. Олардың саны көп. Ормандардың жасыл бетінде Шортанды, Бурабай, Үлкен және кіші Шабакты, Қотыркөл жарқырап жатыр. Көкшетау қырынан тағы да кіші көлдер: Ашық, Табан, Таулы, Аққулы көлдері көрінеді. Бурабайдың ең көрнекі орны Бурабай атаулы шығанақ. Шығанақ суынан сфинксті елестетіп тікелей Жұмбақтас көтеріледі, орманды қыраттар алдынан Оқ жетпес көтеріледі, оның шыңы пілге ұқсайды. Осы жерде әр таумен байланысты өзінің аңызы бар. Сфинкс, мысалы оған әр жақтан қарасаңыз шашы желге желбіреген қыс келбетін, одан кейін әйел және кейіннен кемпір суретін көруге болады.

Бурабай қай ертегіден де қызықты. Таулар, қылқан жапырақты ормандар мен көлдер жер бедерінің қайталанбас сұлулығын тудырып қана қоймай ерекше емдік климат береді. Бұл жерде көптеген шипажайлар, туристік базалар мен мейрамхана, барлар, дүкендер мен дискотекалары бар пансиондар таба аласыз.

Есте сақтаңыздар

Таңғажайып жер, нағыз оазис, ескі аңыз, дүниеге келеді, көгілдір шығанақ, қайталанбас сұлулық, шипажайлар.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. Қосымша мәліметтерден сан еімдерді тауып, оларды жазбаша жазыңыздар.
6. Өздеріңіз қандай табиғаты әсем жерлерде демалдыңыздар? Өз ойларыңызбен бөлісіңіздер.

Қосымша мәліметтер

“Бурабай” мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы 2000 жылы құрылды. “Бурабай” МҰТС Ақмола облысының Щучье ауданы аумағында орналасқан. Ұлттық саябақ жерінің аумағы 83510 га, оның ішінде 47361 га орман алқабын құрайды. Жер беті сулары 8493,5 га жерді алып жатыр. Қазіргі кезде саябақ Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасына қарасты республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғат аймағына енеді. Бурабай аң шаруашылығы және Золотобор орман шаруашылығы таратылып, 1997 жылы Бурабай орман шаруашылығы Бурабай табиғи-сауықтыру орман кешені мемлекеттік мекемесі болып өзгертілді. “Бурабай” ұлттық саябақ аумағы Көкшетау далалық, орман далалық және бөктерлі – ұсақ төбелі қыраттар құрамына кіреді. Климаты шұғыл континентальды, жазы ыстық және қысы қатты. Аумақ бедері төмен таулармен, төмпешіктермен, жазықтармен көрсетілген. Громовой өзені басынан 12 шақырым жерде табиғи ерекше ескерткіш бар – «бұралған» шоқ қайыңдары, олардың атауына себеп болған ағаштардың иілген діңдері.

Бурабай табиғи саябағының жануарлар әлемінің 305 түрлері бар, оның ішінде 87 сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері. Тұяқтылардың арасынан сібір елігі, қабан, бұлан мекендейді. Жыртқыштардан қасқыр, түлкі, қарсақ, борсық, сарыкүзен, ақ тышқан, аққұлақ, дала сасықкүзені, орман сусары, сілеусін кездеседі. Саябақтың аумағында әрбіреуінің су бетінің көлемі 1 шаршы километрге жуық көлемін алып жататын 14 көл және көптеген одан ұсақ көлдер бар. Көлдердің көп бөлігі тұщы, кейбіреулері тұзды болып келеді. Өзен жүйелеріне Сарыбұлақ, Громовая, Қолшақты, Қылшақты және Иманай және т.б. салалары кіреді. Олардың кейбіреулері көлдерді бір-бірімен қосады. Көлемі бойынша ең ірі

көлдердің ішіне Үлкен және Кіші Чебачье, Щучье және Бурабай кіреді.

«Жеке-Батыр» жотасының шығыс бөктерінде орналасқан Щучье көлі ең терең болып саналады. Көлдің ұзындығы 7 шақырым, ені 3 метр шақырымнан асады, ал тереңдігі 18 метрге дейін жетеді. Көлде балықтар мекендейді: алабұға, шортан балық, түрпі, және т.б. Көл аудан орталығы Щучинск қаласына келіп тіреледі, ол жерде «Бурабай-Курорты» темір жол станциясы орналасқан.

Көлдердің ішіндегі ең үлкені және ең тазасы болып Үлкен Чебачье көлі саналады. Мөлдір судың ішінде тек қана тынық суда жүзетін шаяндарды тамашалауға болады. Курорт аймағының көлінде сазан, көксерке, тұқы, табан балық, шалпан жергілікті халықтың айтуынша – бурабайдың тұздалған балығы бар.

Бурабай – қазақстандықтардың ұнататын демалыс жері. Көл Көкшетау облысы аумағында теңіз деңгейінен 320,9 метр биіктікте орналасқан. географиялық түрде осы аймақ Көкшетау үстірті деп аталады, ал жергілікті жолаушылар оны "Қазақстандық Швейцария" деп атайды. «Алла әлемді жаратқанда, – деп ертедегі аңызда айтылғандай, – бір халыққа бай ормандар, жайқалған егіндіктер мен кең өзендер, ал басқаларына керемет таулар мен көгілдір өзендер берген. Қазаққа тек дала берілген.

3-мәтін. Баянаул

Баянауыл – «Баян» деген сөз – әйгілі, айтулы, мәлім, даңқты, белгілі, тұрақты ұғымын; «аула» деген сөз – орын, аймақ, айнала, мекен-жай, маң, т.б. жер атауларын білдіреді.

Климаты тым континенттік (жазы – ыстық, қысы суық). Жер бедері жекелеген жақпар тасты тау шоқыларынан тұрады. Баянауыл тауларының етегінде көптеген бұлақтар, суы мөлдір көлдер (Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр) бар. Саябақта 20-дан аса археологиялық ескерткіштер, қола дәуірінен қалған қорғандар, тастағы жазулар мен таңбалар, үңгірлер (“Әулиетас”, “Драверт”, “Құмыра”, т.б.) бар. Ұзақ жылдар бойы жел мен судың әрекетінен түрлі мүсіндерге айналған жартастар (“Найзатас”, “Жұмбақтас”, “Көгершін”, “Атбасы”, т.б.) саябақ табиғатына ерекше көрік береді. Саябақтың өсімдіктер дүниесі мен жануарлар әлемі де алуан түрлі. Өсімдіктердің 400-ден астам түрі (қарағай, қайың, қандыағаш, таңқурай, мойыл, долана, т.б.), сондай-ақ, Қазақстанның “Қызыл кітабына” енгізілген жабысқақ қандыағаш, көктем жанаргүлі де осында өседі. Омыртқалы жануарлардың 100-ден аса түрі кездеседі. Сүтқоректілердің 40-тан аса түрлері (арқар, елік, қасқыр, түлкі, сілеусін, борсық, тиін, т.б.) мекендесе, құстардың 50-

ден астам түрлері (аққу, қаз, үйрек, құр, шіл, бүркіт, т.б.) ұялайды. Арқар, бүркіт, сұңқылдақ аққу Қазақстанның “Қызыл кітабына” енгізілген. Балықтың 8 түрі (шортан, сазан, оңғақ, алабұға, т.б.) бар. Саябақ аумағы атқаратын қызметіне қарай қорықтық, қорықшалық және демалыс белдемдеріне бөлінген. Қорықтық белдемде шаруашылық жұмыстардың қай түріне болса да тыйым салынып, биологиялық алуан түрлілік, экожүйелер қорғалады. Қорықшалық белдемде шаруашылық жұмыстар белгілі бір тәртіппен шектеулі түрде жүргізіледі. Демалыс аймағына келушілер саны да реттеліп отырады. Баянауыл ұлттық табиғи саябағының табиғат қорғауды, адам игілігі үшін ұқыпты пайдалануды насихаттау ісінде алатын орны ерекше, ғылыми, мәдени және эстетикалық маңызы зор.

Жасыбай – Баянауыл ауданындағы табиғаты көркем, тұйық көл. Жағалауында демалыс үйлері, «Баянтау» туристік базасы, оқушылар дем алатын лагерьлер орналасқан. Көл суы тері ауруларына ем. Жасыбай, Сабындыкөл және Торайғыр көлдерінің алабы жоңғар шапқыншылығы кезінде Жасыбай батыр басқарған қазақ жасақтарының жау бетін қайтарған тарихи жерлердің бірі болған. Көл Жасыбай батыр есімімен аталған. Батырдың Жасыбай жағалауында зираты бар.

Сабындыкөл – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» аңызында айтылғандай, ару Баян бірде шомылып жүріп, қолындағы сабынын көлге түсіріп алыпты. Осылай көлдің суы жұмсақ, кір ашатын қасиетке ие болыпты. Содан Сабындыкөл аталыпты.

Торайғыр – Торайғыр ауылының жиегінде орналасқан әсем көл. Көл жағасында жасыл ағаштар, тау бөктерлері мен таудан аққан бұлақ бар. Суы мұздай салқын, мөп-мөлдір, ішкенде шөлінді қандыратын қасиеті бар.

Есте сақтаңыздар

Жақпар тасты тау шоқылары, археологиялық ескерткіштер, қола дәуірінен қалған қорғандар, тастағы жазулар мен таңбалар, үңгірлер, сұңқылдақ аққу, табиғаты көркем, тұйық көл, суы жұмсақ, мұздай салқын, тау бөктерлері, мөп-мөлдір, шөлінді қандыратын қасиеті, сабын.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. Өздеріңіз қандай аңыз-әңгімелер білесіздер?
6. Мына сөздерді аударыңыздар:

Өсімдіктер – қарағай, қайың, қандыағаш, таңқурай, мойыл, долана.
Жануарлар – арқар, елік, қасқыр, түлкі, сілеусін, борсық, тиін.
Балықтар – шортан, сазан, оңғақ, алабұға.

4-мәтін. Ақсу-Жабағылы

Ақсу-Жабағылы – Қазақстанның ескі, сондай-ақ ЮНЕСКО биосфералық қор мәртебесін алған Орталық Азиядағы бірінші қорлардың бірі, ол Батыс Тянь-Шань сілемдерінде теңіз деңгейінен 1000–4280 метр биіктікте орналасқан. Бұл жерде негізгі биіктік белдіктері берілген: шөлейттер құрғақ түрлі шөпті далалармен, шөптесін орындардың ғажайып телімдері аршалардың қалың нуымен алмасады. Түрлі альпілік гүлдерден құрылған қызыл-жасыл әлем ақ қарлы шыңдар мен көгілдір тілді мұздақтар баурайын көмкереді.

Ақсу - Жабағылы анда санда кездесетін, құрып бара жатқан және эндемикалық жануарлар мен өсімдіктердің бай қоймасы. Бұл жерлерде арқарлар мен тау ешкілері, маралдар мен еліктер, қабыландар мен қар сілеусіндері, қасқырлар мен түлкілер, аюлар мен кірпішешендер, тас сусарлары мен ақ тышқандар мекендейді. Қанаттылар әлемі де өте бай. Жоғары биікте күшігендер, ақ бас қарлығандар мен бүркіттер қалықтайды. Тас баурайларда кекіліктер, мәңгі қар әлемінде ұларларды кездестіруге болады. Жапырақты ормандардың көлеңкелі саясында жұмақ құсының қанаттары тірі от секілді көрінеді. Көгілдір құс әуені сырнай дыбысын білдіреді. Күн түскен алаңқайларда түрлі көбелектер, кезқұйрық, кептерлердің сирек түрлері кездеседі.

Қорықтың өсімдік әлемі де сан алуан. Қыраттар бойымен алау тәрізді Грейг қызғалдақтары құлпырады. Қызғылт түске Қоқан моринының гүлдері жинақталған.

Жетуі қиын қазандықта теңіз деңгейінен 3000 метр биіктікте қорықтың тағы бір көркем жері – күңгірт жылтыр тастарға қырнап салынған көптеген суреттердің өзіндік «суреттер галереясы» орналасқан. Оларда жабайы және үй жануарлары, аңшылық және көне адамдар тұрмысының суреттері берілген. Ақсу - Жабағылының палеонтологиялық телімдерінде тақта тасты шөгінділерінде көне өсімдіктер, балықтар, жәндіктер мен кесірткелердің қатқан таңбалары сақталып қалған.

Есте сақтаңыздар

Теңіз деңгейі, қалың ну, ақ қарлы шыңдар, бай қойма, тас баурайларда, көлеңкелі саясында, құс әуені, алау тәрізді, күңгірт жылтыр тастарға, суреттер галереясы, таңбалар.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. Мәтіннен сын есімнің мағыналық түрлерін (сапалық, қатыстық) тауып ажыратыңыздар.

5-мәтін. Алтын-Емел

Жоңғар Алатауы шыңдарының батыс сілемдерінде Қазақстанның ең ірі қорығы Алтын Емел Ұлттық Паркі орналасқан. Алаңы 460 000 гектар бұл жер жануарлар мен өсімдіктердің сирек түрлерін сақтауға арналған. Бұл жерде Ақтау түрлі түсті тауының түрімен, Қатутау құм тауының қайталанбас түрлерінен ләззат алуға болады. Парк аумағында бірнеше тарихи ескерткіштер – біздің з.д 1-інші мыңжылдықпен белгіленетін Бес Шатыр сақ қорғандары мен ең ертесі б.з.д. 16–14 ғасырларға жатқызылатын көне тас суреттері салынған Тамғалы тастар орналасқан. Осы жерде Іле өзенінің оң жағалауында Әнші шағылдар бар. Аралап көптеген жануарларды кездестірулеріңізге болады: сібірлік тау ешкісі – теке, шөлейт еліктері – жайран, құлан, тау қойы – арқарлар, қасқыр, түлкі, бүркіт, тау қырғауылы – кекілікті және көпшілігі Әлемдік және Қазақстан Қызыл Кітаптарына енгізілген жануарлар мен құстар түрлерін кездестіре аласыз. Бес-Шатыр қорғаны Бес шатыр қорғаны біздің з.д. бірінші мыңжылдықта қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген көне сақ тайпаларының бас ұрар орны болған. Осы 2 кв.км жерде 18 хан қорғандары орналасқан, олардың шамамен диаметрінде 9 м жерде және биіктігі 2,5м. Қорған астында Тянь-Шань шыршасының бөренелерінен зираттар салынған. Бұл ежелгі көшпенділердің ескерткіштері Жетісуда, Ілес өзенінің бастауында орналасқан. Хан қорғандарынан батысқа қарай солтүстіктен оңтүстікке қарай жануарлар суреттері ойылып салынған 45 тас плиталар бар. Ғалымдар бұл жерді мазараттың рәсімдер бөлігі болған деседі.

Саябақ археологиялық ескерткіштер мен ежелгі таңбалар және суреттер салынған үңгірлермен тастарға бай. Сақ дәуірінде салынған «Бесшатыр» обаларының маңызы үлкен. Ш.Ш.Уәлихановтың тарихи-мемориалдық мұражайы осында орналасқан. Саябақта өсімдіктердің 1800 түрі: балқаш сексеуілі, баялыш, шырша, үйеңкі, тораңғы, қызыл тал, жиде, жыңғыл, сексеуіл, қылша, т.б. өседі. Саябақтың жануарлар әлемі де алуан түрлі: сүтқоректілерден құлан, қарақұйрық, арқар, түлкі, тас сусары, қоян; құстардың 15 түрі: бүркіт, тазқара, ителгі, кекілік, қырғауыл, бұлдырық; балықтардан сазан, көксерке, ақмарқа, табанбалық, т.б. кездеседі. Омыртқасыз жануарлар дүниесі толық зерттелмеген. Саябақта 17 қорықша бекеті және бірнеше туристік маршрут жұмыс істейді.

Есте сақтаңыздар

Ең ірі қорығы, сақ қорғандары, сібірлік тау ешкісі, шөлейт еліктері, тау қойы, тау қырғауылы, жануарлар суреттері, ежелгі таңбалар, туристік маршрут.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. Мәтінен сүтқоректілердің, балықтардың, құстардың түрлерін аударып жазыңыздар.

6-мәтін. Іле-Алатау

Іле Алатауының әсем ландшафтарын қорғау, өсімдік жамылғысы мен жануарлар әлемін сақтау, туризмді дамыту мақсатында ұйымдастырылған. 1996 жылы Алматы облысы Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандарының аумағында орналасқан Қаскелең, Пригород, Түрген орман шаруашылықтарының негізінде құрылған.

Климаты биіктік белдеулер бойынша өзгереді: тау етегіндегі далалық белдеу ылғалды, жазы құрғақ әрі ыстық, қысы жылы, қары жұқа; аласа және орташа тау аймағы ылғалды әрі ыстық; альпі және субальпі шалғындары белдеуінде ылғалдығы өте жоғары. Орташа жылдық жауын-шашын мөлшері 550 – 600 мм. Саябақ теңіз деңгейінен 600 – 4540 м биіктікте орналасқан. Ең биік шыңы – Конституция (4540 м) және Қазақстанның 25 жылдығы шоқысы (4494

м). Ең үлкен мұздық – Дмитриев мұздығы (ауд. 17 км²). Түрген, Есік, Талғар, Кіші және Үлкен Алматы, Қарғалы, Ақсай, Қаскелең өзендері ағып өтеді. Олардың бастауларында моренді көлдер бар, көпшілігі маусым айында суға толып, қысқа қарай тартылып қалады. 2500 м биіктікте Үлкен Алматы көлі орналасқан, оның ауданы 1 км², тереңдігі 39,3 м. Үлкен Алматы өзенінің су алыбында орналасқан рационды Алмаарасан және кремнийлі-термалды Горельники мен Таутүрген бастаулары бар. Жері негізінен қара топырақты. Саябақтың флорасында 1 мыңнан астам өсімдік түрі бар, оның 500-ден астамы жапырақты орман, 400-ден астамы – қылқан жапырақты орман алқаптарында өседі. Бұл өсімдіктердің 36 түрі Қазақстанның “Қызыл кітабына” тіркелген (мыс., Алматы кекіресі, Сивер салмасы, Мушкетов түйесіңірі, т.б.). Қоректік өсімдіктерден: Тянь-Шань сұлбасы, шалғын қоңырбас, беде, сиыржоңышқа, т.б.; илік – қымыздық, рауғаш, таран, т.б.; дәрілік – түймешетен, өгейшөп, шырғанақ, бақбақ, т.б.; эфирлі-майлы – аюбалдырған, арша, жусан, т.б.; жеміс-жидектерден – өрік, алма, таңқурай, бүлдірген, бөріқарақат, долана, т.б. өседі. Жануарлар әлемі де өте бай. Омыртқасыздардың 8 класқа бірігетін 2 мыңнан астам түрі белгілі. Барылдауық қоңыздардың 252, стафилинидтердің 180, жапырақ жегіштердің 102, күндізгі көбелектердің 145, жарғаққанаттылардың 110, қазғыш жабайы аралардың 97, құмырсқалардың 33, шаншарлардың 30 түрі анықталған. Омыртқасыздардың 24 түрі Қазақстанның “Қызыл кітабына” тіркелген. Омыртқалы жануарлардың 245 түрі, олардың 8 түрі балықтар; 4-еуі – қосмекенділер; 8-і – бауырымен жорғалаушылар; 178-і – құстар; 47-сі – сүтқоректілер. Бұлардың ішінде балықтардың 4, қосмекенділердің 2, құстардың 11, сүтқоректілердің 7 түрі Қазақстанның “Қызыл кітабына” енгізілген. Саябақ аумағында Талқыз және Түрген ескі қалашықтарының орны сақталған. Түрген шатқалында ертедегі темір дәуірінің зираттары мен Есік өзенінің бойында сақ қорғандары бар. Бутаков сарқырамасы, реликті мүк басқан Шыңтүрген шыршалары да табиғат ескерткіштері болып саналады. Соңғысында мүк астында, 30–40 см тереңдікте қалыңдығы 2-3 м болатын мәңгі мұз қабаты бар. Әсем табиғаты, алуан түрлі флорасы мен фаунасы бар саябақтың қоршаған ортаны қорғауда алатын орны ерекше.

Есте сақтаңыздар

Өсімдік жамылғысы, тау аймағы, ең биік шыңы, қара топырақты, қылқан жапырақты, бауырымен жорғалаушылар, ескі қалашықтар, мүк басқан, мәңгі мұз қабаты, табиғат ескерткіштері.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. Қосымша мәліметтерді пайдалана отырып, қысқаша аннотация жазыңыздар.

Қосымша мәліметтер

Алматы қорығы – Іле Алатауының орталық бөлігіндегі табиғат байлығын қорғау және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында 1931 жылы құрылған мемлекеттік қорық. Ауданы 73,34 мың га (1997). Алматы қорығының құрамына теңіз деңгейінен 1400–5017 м биіктікте орналасқан Талғар тау жоталары енеді. Ол 4 биіктік белдеуден тұрады. Оның орманды дала белдеуінде (1300–2600 м) алма, өрік, долана, қарақат, итмұрын, ұшқат өседі. Жабайы жеміс ағашты орман Тянь Шань шыршасынан тұратын қылқан жапырақты орманға (1400–2800 м) ауысады. Ал субальпі белдеуі (2600–3000 м) жартастар мен құламашөгінділерден, шөбі аласа альпі шалғынынан тұрады. Одан жоғары (3800 м-ден биік) белдеуді ұдайы мұз басқан құздар алып жатыр. Қорықта өсімдіктердің 1300-ден аса түрі кездеседі, оның 112 түрі ағаштар мен бұталар. Алматы қорығы-жануарлар дүниесіне де бай. Онда сүтқоректілердің 40 (барыс, қоңыр аю, тас сусар, марал, таутеке, арқар, елік, суыр, тиін, т.б.), құстардың 200-дей түрі (самырсын құсы, шырша торғай, тоқылдақ, бұлбұл, үкі, кептер, қара және сары шымшық, құр, ұлар, қозықұмай, сушыл торғай, арша емен-тұмсығы, т.б.) бар. Бауырымен жорғалаушылардан: алай кесірткесі, қалқан тұмсықты жылан; космекенділерден: көлбақа мен жасыл құрбақа кездеседі. Қорықта ғылыми жұмыстар жолға қойылған. Ғалымдар орманның қалыптасу заңдылықтарын, өсімдіктер мен жануарлар экологиясын және олардың биологиялық ерекшеліктерін зерттейді. Қорықта көп жылдан бері "Табиғат шежіресі" атты күнделік жүргізіліп, онда жинақталған ғылыми мәліметтер Алматы қорығы туралы 9 томдық кітапта баяндалған.

7-мәтін. Қапшағай

Қапшағай – Қазақстандағы қала. Қазақстандағы құмар ойындар ойнатуға рұқсат етілген екі қаланың бірі. Қапшағай қаласы 1970 жылдары құрылған. Қапшағай 3600 шаршы м құрайды. Қапшағай

қаласында қазіргі таңда 2 округ және 11 елді мекен бар. Қапшағай бөгетінің солтүстік батысында 20 шақырым жерде Іле өзенінің оң жағасында Тамғалы Тас орналасқан. Қапшағай өңірінде 54,4 мыңнан астам адам тұрады. Қала Қапшағай бөгені жағасында бой көтерген. Қапшағай халықтың ең көп демалатын жерлерінің бірі болып саналады.

Қапшағай – Алматының серік-қаласы және Іле өзенінің бойында Қапшағай гидроэлектростанциясын орнатуымен байланысты тұрғызылған. Бірақ көптеген алматылық тұрғындар оны осылай аталатын суқоймасымен шатастырады. Қапшағай суқоймасы – Қазақстанның осындай типтегі ірі көлдерінің бірі, ұзындығы 100 км-ге, ені – 25 км-ге созылып жатыр. Қазіргі таңда бұл Алматы облысы бойынша жазғы уақытта жағалаудағы демалыс ретіндегі ең көп қабылдайтын аймақ болып табылады.

Бұл су айдынының табиғат-ананың сыйлығы емес, Сіз бен біз секілді мыңдаған адамның маңдайынан құйылған тердің, білек күшінің нәтижесінде пайда болғанын білеміз. Кеңес өкіметінің қылышынан қан сорғалап тұрған уақытында Іле өзенінің бойынан су-электр стансасын салу – заман талабы болатын. Бұл станса, онымен бірге жасанды тұйықталған суқойма 1970 жылы дайын болды. Осы кезден бастап-ақ ұзындығы 180 шақырым, ең енді жері 22 шақырым болатын су айдыны іргесіндегі Алматы қаласы тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналды. Жаздыгүні Алматы-Қапшағай трассасы ағылған көлікке, ал суқойма жағасы күнге қыздырынып, суға шомылған, қармағын асынған адамдарға лық толы. Сонымен бірге, бұл аймақты «қазақ Лас-Вегасына» айналдыру жобасы да жайлап болсын, жүзеге асып келе жатыр.

Жағалаулық коттедждер мен көптеген демалыс үйлері орналасқан солтүстік жағалауы өте танымал болып келеді. Көптеген демалыс үйлері осындағы кешендердің бір бөлігі болып келеді.

Бұл демалыс аймағына келу үшін алдымен Алматыдан 70 км қашықтықта орналасқан Қапшағай қаласына жетіп, суқоймадан өтіп және Талдықорған трассасымен тағы 30 км жүріп, көпірден оңға бұрылу керек.

Барлық демалыс аймақтарында демалушыларға моторлы қайық, катер, су шаңғыларын және яхта ұсынады. Мұнда сіз көптеген кафелерге, дүкендерге, дискотека мен барлар қызметін қолдана аласыз.

Жазғы уақытта мұнда өте ыстық, кейде ауа температурасы 40°-қа дейін жетеді. Сондықтан өзімен бірге панама және күннен қорғайтын көзілдірік алып, күн сәулесінің тура түсуінен сақтану

керек. Су температурасы мамыр мен маусым айларында $+18^{\circ}\text{C}$ $+20^{\circ}\text{C}$, шілде және тамызда $+22^{\circ}\text{C}$ $+28^{\circ}\text{C}$ -қа дейін жетсе, қыркүйек айында $+18^{\circ}\text{C}$ $+20^{\circ}\text{C}$ болады.

Есте сақтаңыздар

Құмар ойындар, бой көтерген, серік-қала, созылып жатыр, жазғы уақытта, су айдыны, заман талабы, суқойма, лық толы, ауа температурасы, күн сәулесі.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. Мәтіннен жалпы сөздер мен айқындауыш сөздерді табыңыздар.

8-мәтін. Алакөл

Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы 1998 жылдың 21-ші сәуірінде Алматы және Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы аумағында ұйымдастырылды. Қорық Жоңғар Алатауы мен Алакөл көлінің Үлкен, Орта, Тасты аралдарынан бастау алатын Тентек өзенін сақтау мақсатында құрылған. Қорық екі бөліктен тұрады, біріншісі Сасықкөл көлінің оңтүстік жағалауындағы Тентек өзенінің атырауында орналасқан, ал, екінші бөлігі Алакөл көлінің аралдарында орналасқан. Қорықтың орталық мекені Алматы облысы Алакөл ауданының Үшарал қаласында орналасқан, ол Талдықорған облыстық орталықтан 282 км.

Алакөл – Алакөл өзенінің ағындысындағы ең үлкен көл, сонымен қатар, Қазақстанның ең ғажайып көлдерінің бірі. Ол, Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде Қытай шекарасында теңіз деңгейінен 340 шаршы метр биіктікте орналасқан. Көлдің ұзындығы 104 кл. ал, ені 52 кл. Көлдің жағалауы емдік лайға, минералды тұздарға бай. Алакөл көлінің суы теңіз суының құрамымен бірдей: сульфат-хлорлы натрий және бұрыннан емдік қасиетімен танымал.

Алакөл мемлекеттік табиғи қорығында 269 түрден астам құс бар. Олар табиғатты және табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі халықаралық одақтың Қызыл кітабына енгізілген. Олар, шағала, қызғылт және бұйра бірқазандар, ақ құтандар, қара құтандар, кулар,

дуадақтар. Алакөл суында балықтың 8 түрі мекендейді. Көлге құятын өзендердің сағасында ондатра мекендейді. Жағалауда баклан, гагара, акку, бірқазан, аққұтан, үйрек мекендейді. Құрақтардың арасында ала мысық және су егеу құйрығы кездеседі. Аңдардың ішінде – арқарларды, ақбөкендерді, тау ешкі, бұғы, аюларды және т.б көруге болады.

Есте сақтаңыздар

Бастау алатын, өзенінің ағындысындағы, ғажайып, шекарасында, теңіз деңгейінен, емдік лайға, минералды тұздарға, емдік қасиетімен танымал, шағала, қызғылт, бұйра бірқазандар, ақ құтандар, кара құтандар, қулар, дуадақтар, ондатра.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. «Туризм» тақырыбы бойынша пресс-релиз жасаңыздар.

4 Біздің шаһарлар

1-мәтін. Павлодар облысы

Павлодар облысы – электр және жылу өндірісіне, сазды топыраққа, мұнай өңдеу өнімдеріне, машина жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібіне, құрылыс заттарына бағытталған өзіндік көп салалы өнеркәсіптік кешені бар Қазақстанның ірі индустриялды орталығы. Металлургия өнеркәсібінің неғұрлым ірілері “Қазақстан Алюминийі” АҚ, “Қазақстан электролиз зауыты” АҚ, Ақсу ферроқорытпа зауыты – ТНҚ “Казхром” АҚ филиалы болып табылады. Тау-кен өндірісі келесі кәсіпорындармен көрінеді: “Богатырь Аксес Көмір” ЖШС, “Майкөбен Вест” ЖАҚ. Облыста мұнай өнімдерін өңдеу бойынша Республикадағы ірі кәсіпорындардың бірі – “Павлодар мұнай өңдеу зауыты” АҚ жұмыс атқарып жатыр. Облыстың көп бөлігі жер шарының ұлы жазық даласы болып табылатын оңтүстік шегіндегі Батыс-Сібір жазығында жатыр. Аймақтың оңтүстік-батыс бөлігінің бедері өте тартымды. Жеткіліксіз өсімдігі бар сары-қоңыр түске боялған жартылай шөл қыр далада үлкен емес таулы-орманды оазисті байқауға болады. Бұл Қазақстандағы сұңғат бұрыштардың, демалыс

және туристік орындарының, өңіндегі ертегіге саяхат орындарының бірі болып табылады.

Облыс құрамына үш қала кіреді: Павлодар, Екібастұз, Ақсу, төрт поселке мен он ауылдық аудан. Облыс орталығы – республиканың көне, әдемі қалаларының бірі Павлодар қаласы, ол Қазақстандағы ең ірі Ертіс өзенінің жағасында орын алған. Ақындар өлеңдеріне қосып айтқан қала кең даңғылдарымен, көшелерімен, көлеңкелі саябақтарымен, гүлзарларымен, фонтандарымен өзінің қонақтарын сүйсіндіреді, мұнда қай мезгілде болсын таза және жайлы.

Павлодар – солтүстік Қазақстанның мәдениет пен өнерімен танылған орталығы. Павлодарлықтар өз халқының тарихы мен мәдени ескеркіштерін қасиеттеп қорғайды. Мұражайлар, көрмелер, мәдениет жетістіктерінің тұсаукесерлері мұнда өте танымал және келушілерге бай. Қаланың тарихы бай және оның ертеден келе жатқан мәдени дәстүрлері бар. Павлодар Ертіс өңірі – атақты ғылым, мәдениет және өнер қызметкерлерінің Отаны болып табылады. Мұнда Қаныш Сәтбаев, Григорий Потанин, Әлкей Марғұлан, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Шапық Шөкин, Жұмат Шанин, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Дихан Әбілев, Шәкен Айманов, Жарылғапберді, Жаяу Мұса, Иса Байзақов, Сәбит Дөнентаев, Павел Васильев және тағы басқа тек облысты ғана емес, сонымен қатар Республикаға танымал қайраткерлер туған. Ертіс бойымен ақ жартасты жолақ сияқты біздің мейірімді, қонақжай қаламыз жайылып жатыр.

Есте сақтаңыздар

Жылу өндірісі, мұнай өңдеу, көп салалы, жазық дала, қыр дала, атақты ғылым, мәдениет және өнер қызметкерлері, ақ жартасты, мейірімді, қонақжай.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. Ертістің Павлодар өңіріндегі географиялық жер-су атаулары қалай шыққан?

Қосымша мәліметтер

Ертіс – Алтай қарттың қоймасындағы байлық бүкіл төңіректі таңқалдыратын. Оның алтыны мен күмісін, мысы мен темірін сұсты құз жартастар күндіз-түні кірпік қақпай күзететін. Осындай күндердің бірінде Алтай қарт өз көршісі Тянь-Шаньға: «Әттең ұлым болса, өзіме көмекші болып, осы байлықтың барлығын суық көздерден қорғар еді ғой» деп өкінішін білдіреді. Қарттың арманы орындалып, тау құздардың терең шатқалының саңылауынан тамшылаған судан пайда болған мұздай суық ұл дүниеге келеді. Ол күн сайын емес, сағат сайын өсіп, қайратты алып батыр болады. Күші бойына сыймай, лай өздері тұрған тау аңғарларын бұзып-жарып, тесіп тастайды. Сондықтан, оған жертесер – Ертіс деген ат беріпті.

2-мәтін. Павлодар

Павлодар қаласының білім беру жүйесі түрлі бағыттағы оқу мекемелерінің желісі болып табылады. Оның ішіне мынадай білім беру мекемелері (48 жалпы білім беру мемлекеттік мектептері, 47 мектепке дейінгі ұйым, 27 колледж, 15 кәсіби мектеп пен лицейлер, 11 мектептен тыс ұйымдар және т.б.) кіреді. Білім берудің мемлекеттік және жеке меншік ұйымдарында оқитын балалар мен жасөспірімдер саны 44800, оның ішінде 11425 – бала бақшадағы балалар.

Балаларды мемлекеттік тілде оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарының жүйесі дамуда, қалада мемлекеттік тілде тәрбие беретін 8 бала бақша бар, аралас тілде – 31, олардың ішінде 4500-ден астам бала мемлекеттік тілде тәрбиеленеді. Қазақ тілінде білім беретін 5 мектеп пен 19 аралас мектептерде мемлекеттік тілде 7700 оқушы білім алады.

Қалада С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар мемлекеттік педогогикалық институты, Еуразия инновациялық университеті, арнаулы оқу мекемелері қызмет етеді.

Қалалық денсаулық сақтау жүйесіне емдеу-сауықтыру ұйымдары кіреді – 4 емхана, қаланың шеттегі шағынаудандарындағы 5 дербес дәрігерлік амбулатория, ауылдардағы 3 дәрігерлік амбулатория, жедел жәрдем ауруханасы, № 1, 2, қалалық ауруханалар, облыстық диагностикалық орталық, балалар стоматология емханасы, қалалық балаларды сауықтыру орталығы, жедел жәрдем станциясы, сондай-ақ, жеке меншік медициналық мекемелер.

Павлодар – спорт орталығы. Салауатты өмір салтын қалаушылар спортпен белсенді шұғылдануда. Қалада 5 стадион,

«Астана» мұз сарайы, 8 спорт кешені, 9 жүзу бассейні, 132 спортзал, «Юность» жеңіл атлетикалық манежі және т. б. бар.

Павлодар қаласы өзінің атақты спортшы жерлестерін мақтан етеді. Олардың ішінде Нагана қаласында өткен XVIII қысқы Олимпиадасының қола жүлдесінің иегері – Людмила Прокашева; келешегі алда, жас шаңғышылар, Қазақстанның бірнеше мәрте чемпиондары, Турин қаласында (Италия) өткен XX қысқы Олимпиада ойындарының қатысушылары, Республика құрамасының мүшелері – Головкин Андрей және Кривушкин Денис; Қазақстан Республикасының жеңіл атлетикадан құрама командасының мүшесі, Қазақстан Республикасының және Азия (Тайланд) ойындарының чемпионы – Валиев Роман; дзюдодан Қазақстан Республикасының чемпионы, «А» тобындағы Әлем Кубогының қола жүлдегері – Әлмұқашев Саят және т.б. Павлодар қаласының спорттағы мақтанышы, Қазақстанның бес мәрте чемпионы, республиканың премьер-лигасында ойнайтын – «Ертіс» футбол командасы.

Театрлар, мұражайлар, кітапханалар, мәдени-демалыс мекемелері павлодарлықтар үшін мәдени қызмет көрсету орталықтары болып табылады. Қалада Ж. Аймауытов атындағы облыстық қазақ музыкалық-драма театры және А. П. Чехов атындағы облыстық драма театрлары, 5 мұражай – Г. Н. Потанин атындағы облыстық өлкетану мұражайы, облыстық көркем-сурет мұражайы, Бұқар Жырау атындағы әдебиет пен өнер облыстық мұражайы, П. Васильев атындағы мұражай үйі, Шафер Үйі бар. Достық үйі ашылды. Қала мәдениетін дамытуға Естай атындағы қалалық мәдениет сарайы, «Шаңырақ» халық шығармашылығы орталығы, «Космос» жастар үйі және басқа мәдениет ошақтары үлкен үлес қосуда. Павлодарда 24 кітапхана және 3 кинотеатр жұмыс істейді.

Теміржол мен автомагистральдар тоғысқан қиылыста орналасқан Павлодар қаласы облыстың барлық елді мекендерімен, Қазақстанның облыстық орталықтарымен, таяу және алыс шетел (Ресей Федерациясы, ҚХР, Германия) елдерінің қалаларымен транзиттік мүмкіндікке ие. Қала әуежайынан республика бойынша, сондай-ақ, Ресейге, Германияға, Түркияға, Қытай мен Араб Эмираттарына үздіксіз әуе рейстері ұшып тұрады.

Есте сақтаңыздар

Білім беру жүйесі, түрлі бағыттағы, жасөспірімдер, емдеу-сауықтыру ұйымдары, жедел жәрдем, театрлар, мұражайлар, кітапханалар, мәдени-демалыс мекемелері, өлкетану мұражайы, облыстық көркем-сурет мұражайы, тоғысқан қиылыста.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жана сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

5. Жылдам жауап беріңіз:

- Өзен суының бағыты (Ағын);

- Қала сөзінің синонимі (Кент);

- Ақтөбе облысындағы аудандағы өзен (Қарақобда, Сарықобда);

- Физикалық географияның табиғи аймақтық комплекстерді зерттейтін саласы (Ландшафт);

- Өзеннің қосылуы (Сала);

- Ертіс өзенінің сол жақ саласы (Есіл);

- Су тереңдігін өлшейтін аспап (Лот);

- Қарағанды, Ақмола облыстарының жері арқылы ағатын өзен (Нұра);

- Бурабай жеріндегі минералды су қоры бар көл (Майбалық);

- Павлодар облысында қанша аудан бар? (12);

- Қазақстанның оңтүстігінде, Қаратау баурайында орналасқан қорық? (Ақсу-Жабағылы қорығы);

- Көкшетау – Қызыл Ту темір жол бойындағы Ленин ауданының орталығы, қала типтес поселке (Талшық);

- 1940 жылы Соколов-Сарыбай тау-кен байыту комбинатының салынуына байланысты, ірі темір кендерін игеруіне байланысты іргесі қаланған өнеркәсіп орталығы (Рудный);

- Павлодардың солтүстік батыс бөлігіндегі Ақтоғай ауданындағы ең ірі көлдерінің бірі (Шығанақ);

- Қазақстанның батыс бөлігіндегі қырқалы аласа таулы массив? (Мұғалжар);

- Географияның ғылыми еңбектері үшін ресми марапатталған тұңғыш қазақ кім? (Бабажанов);

- Көкшетау қаласындағы ағынды көл (Қопа);

- Жамбыл облысындағы жер асты шипалы су көзі бар аудан?

(Мерке);

- Павлодар облысындағы әктас кені? (Керегетас);

- Антарктида ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қатысқан тұңғыш қазақ ғалымы? (Марат Мұсабаев).

3-мәтін. Ақсу

Ақсу қаласы – Павлодар облысының Ертіс өзенінің сол жағалауында Павлодар қаласының оңтүстігінде 50 шақырым жерде орналасқан. Қала аумағы және оның ауылдық аймағы солтүстігінде – Ақтоғай ауданымен, оңтүстігінде – Баянауыл, Май, Лебяжі аудандарымен, батысында – Павлодар ауданымен және шығысында Екібастұз ауылдық аймағымен шекараласады.

Ақсудың тарихы Екібастұз ауданының тас көмірі кені ашылуымен тығыз байланысты. 1897 жылы Екібастұздан 109 шақырымдық темір жолының құрылысы басталды. Воскресенск темір жолы болашақ қаланың аумағынан өтті. Ертіспен қиылысқан жолда тұрақ пайда болып, екі поселкі дами бастады: әкімшілік және жұмысшы. 1914 жылы жаңа Ермак поселкісінің жоспары бекітілді. 1993 жылы 4 мамырда Ермак қаласы Ақсу қаласына өзгертілді. Бірнеше жылдан кейін облыс әкімінің шешімімен 1997 жылғы 9 шілдеде Ақсу ауданының аумағы Ақсу қаласының шекарасына, ауылдық округтер мен Қалқаман поселкісі Ақсу қаласының әкімшілік қарамағына тапсырылды.

Қазіргі кездегі Ақсу – бұл Павлодар облысының өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы дамыған қала. Қала тұрғындары 70000 адамды, ауыл тұрғындары 29000 адамды құрайды.

Қаланың өнеркәсіптік инфрақұрылымын екі кәсіпорын құрайды: Ақсу ферроқорытпа зауыты мен Евразиялық энергетикалық корпорация электр станциясы.

2001 жылдан бері қала энергетиктерімен 55807 миллион киловаттсағат электр энергиясы және 6120 геккалория жылу энергиясы өндірілді. 1962 жылдан бастап ферроқорытпа зауыты объектілерінің өнеркәсіптік құрылысы басталды. 1968 жылғы қаңтарда зауытта алғашқы ферроқорытпа тоннасы балқытылды, ал 1970 жылы шілде айында № 2 цехтың 8 балқытпа пештері жұмысқа қосылды. 1995 жылы кәсіпорын Қазхром Трансұлттық компания құрамына қосылды.

Қаланың маңызды стратегиялық объектісі Қ.Сәтпаев атындағы Ертіс-Қарағанды каналы болып табылады. Ертіс-Қарағанды каналы – Қазақстанның орталық және солтүстік бөліктеріне ауыз суының негізгі жеткізушісі болып табылады. Ақсу қаласының ауылдық аймағы 1 поселок, 3 ауыл және 11 ауылдық округтен тұрады. Ақсу қаласы ауылдық аймағының маманданған ауыл шаруашылығы: көкөніс, мал, құс шаруашылығы.

Есте сақтаңыздар

Қала аумағы, тұрақ, өнеркәсіптік, ферроқорытпа зауыты, балқытпа пештері, маңызды, негізгі жеткізушісі, көкөніс, мал, құс шаруашылығы.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

5. Төмендегі мысал бойынша жаңа сөз жасап көріңіздер.

Алуа – Алау – Аула

Атлас – Салат – Талас

Күрек – Күрке – Үркек

Қамал – Мақал – Қалам

Қыран – Қарын – Нарық

Тарақ – Қатар – Қарта

4-мәтін. Екібастұз

Екібастұз қаласы Қазақстан Республикасының Павлодар облысында орналасқан. Қазақстанның ірі көмір алыбы табылған жер. Бассейн жанынан Павлодар-Астана теміржолы, Ертіс-Қарағанды каналы және Павлодар-Қарағанды автожолдары өтеді. Көлемі 155 шаршы шақырым, ұзындығы 24 шақырым және максималды ені 8,5 шақырым котловинаға тіреледі. Көмірдің жалпы геологиялық қоры шамамен 10 млрд т. Қазба орталығы – Екібастұз қаласы. Екібастұз елді мекені 1898 жылы ашылған. Екібастұзға облыстық маңызы бар қала статусы 1957 жылғы 12 маусымда берілген. Аймақ аумағы – 18,9 мың шаршы шақырымды құрайды.

Екібастұз қаласының білім беру жүйесінде 49 мектеп, оның ішінде ауылдық – 23. Барлығы – 18780 оқушы. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мекемелер – 22: мұнда 4833 бала оқытылып, тәрбиеленеді. Қосымша білім мекемелері – 3: бейнелеу өнері және музыка мектептері, "Қайнар" балалар және жасөспірімдер шығармашылығы орталығы. Мұнда шамамен 20030 оқушы айналысады.

Екібастұз аймағында 37 емделу-сауықтыру мекемелері қызмет көрсетеді.

Екібастұз қаласында 20 мәдени мекемелері қызмет етеді. Достық үйі 10 этно-мәдени бірлестіктерді біріктіреді. Қалалық тарихи-өлкетану мұражайы көрме залы және 9 экспозициялық залдары бар. Мұражай қорында – 28135 экспонат. Орталықтандырылған кітапхана жүйесіне 26 кітапхана, кіреді. Кітап қоры 348581 экземплярды құрайды.

Спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру бағытындағы желілер қызмет атқарады: 5 балалар-жасөспірімдер спорттық мектептері, мұнда 4700-ден астам адам шұғылданады; 211 спорттық ғимараттар, оның ішінде «Шахтер» стадионы, 5 жүзу бассейні, 61 спорттық залы, ипподром. Спортты дамыту жылдарында Екібастұзда 20 Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстан Республикасының 50 спорт шебері дайындалған.

Екібастұздық көмір алқабы – әлемдегі ең ірі орын. «Богатырь Аксес Комир» ЖШС – ашық тәсілмен көмір қазу бойынша тау кәсіпорны. Кесіндінің өндірістік қуаттылығы жылына – 42 миллион тонна. Көмірді тұтынушылар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының энергожүйелері болып табылады.

Есте сақтаңыздар

Қазақстанның ірі көмір алыбы, мұражайы, көрме залы, спорттық-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру, ғимараттар, ашық тәсілмен, өндірістік қуаттылығы, энергожүйелер.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

5. Берілген сөздерден тұрақты тіркес жасаңыздар:

- Аспан, жер, зат, ел – аузына қарату;
- Ойық, жарак, сынық, жарық – сылтау;
- Мақта, мата, пышақ, балта – бауыздау;
- Бүйрек, асқазан, ішек, бауыр – сілесі қату;
- Биік, қысқа, терең, ұзын – құлақ.

5-мәтін. Көкшетау

Қазіргі Ақмола облысының солтүстігі мен оған шектесіп жатқан Солтүстік Қазақстан облысының кейбір аудандарын қамтиды. Орталық бөлігінде Көкшетау қыраты орналасқан. Осында шығыстан

батысқа қарай Көкше, Жақсы Жалғызтау, Жаман Жалғызтау, Имантау, Жыланды, Сандықтау, Үлкентүкті, Бұқпа, Қошқарбай, Зеренді таулары, Айыртау, Сырымбет секілді таулар мен Шортанды, Бүркітті асуы, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Бурабай, Айнакөл, Айдабол, Зеренді, Қопа, Атансор, Майлысор, Мамай, Саумалкөл, Шалқар, Үлкен Қоскөл, Кіші Қоскөл, Жолдыбай, Қалмаккөл, Шағалалытеңіз, Сілетітеңіз, Теке, Үлкен Қараой, Кіші Қараой, Қалибек, т.б. көлдері орналасқан. Бурабай көлінің ортасында Жұмбақтас тұр. Бұл аймақта Оқжетпес, “Жеке батыр”, Кенесары үңгірі, т.б. тарихи орындар бар. Қыраттың батыс жағынан Есіл өзені ағып өтеді. Көптеген ұсақ өзендер көктемде қатты тасығанымен, жазда суы азайып, көпшілігінің арналары кеуіп қалады. Қыста күн суық, қаңтар айындағы жылдық орташа температура мөлшері $-16 - 19^{\circ}\text{C}$, шілдеде $19 - 20^{\circ}\text{C}$. Жылдық жауын-шашын мөлшері 230 – 400 мм.

Көкшетау – Сарыарқаның солтүстігінде, Көкшетау қыратының солтүстік-шығыс бөлігінде оқшау орналасқан, жақпартасты, орманды-көлді тау. Ең биік жері – Көкше шоқысы (947 м). Ақылбай кезеңі Көкшетауды екіге бөледі: солтүстігінде – Көкше, Бура, Жеке батыр, оңтүстігінде – Айыртөбе, Шортан шоқылары бар.

Астана қаласынан солтүстік-батысқа қарай 276 км жерде, Көкшетау қыратының солтүстігінде, Қопа көлінің оңтүстік жағалауындағы көрікті жерде орналасқан. Қаланың аумағы – 420,0 км².

Қылшықты өзені осы таудан бастау алады. Тау беткейлерінде қарағай, қайың, терек, әр түрлі бұта, тау етегіндегі аңғарлардың шалғындық топырағында бидайық, арпабас, бұтақты бидайық, айрауық аралас әр түрлі шөптер өседі.

Қалада тамақ және жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, металл өңдеу, химия өндірісі, металл емес бұйымдар өндіру, картон мен қағаз өндіру кәсіпорындары, жылу, электр энергиясын, газ және су тарату мекемелері бар. Білім жүйесі саласында 3 жоғары оқу орны, 13 арнайы орта оқу орындары, жалпы білім беретін 23 мектеп жұмыс жасауда. 2 театр, филармония, қалалық кітапханалар жүйесі, 4 мұражай, көрме залы, 6 клубтық мекемелер қалалықтар мен қонақтарға мәдени қызмет көрсетеді. Қалада дене шынықтыру және спорт саласы жақсы жолға қойылған: 3 стадион, 3 жүзу бассейні, 1 шаңғы базасы, 6 спорт мектебі бар.

Есте сақтаңыздар

Тарихи орындар, өзен арналары, жақпартасты, орманды-көлді тау, Көкше шоқысы, қарағай, қайың, терек, тау етегіндегі аңғарлар,

бидайық, арпабас, бұтақты бидайық, айрауық, шаңғы базасы, мәдени қызмет.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы», «Жер шоқтығы – Көкшетау» тақырыптары бойынша эссе жазыңыздар.

5. Мына өлең шумақтарын жатқа айтыңыздар.

Көкшетау көптен сені көрмеп едім,
Сен болмасаң бұл жерге келмес едім.
Таңданып табиғатқа таңырқанып,
Жол жүріп Көкше жерге жеткен едім.
Көрдім де ғашық болдым тау-тасына,
Қолыңмен сурет салып қойғасың ба?!
Шіркін-ай табиғаттың кереметін,
Көрсең де көзіңменен тоясың ба?

6-мәтін. Алматы

Тянь-Шань жоталарының етегінде орналасқан әсем қаланы «бақша-қала» деп бекер атамаған. Көктем маусымында, оңтүстік алқаптардағы бау-бақшаларда алма, өрік, шие гүлдеген кезде, қала ертегіге айналады. Алматы қаласының атауы – алма сөзінен шыққан. Дәл осы жерде аты әлемге танымал апорт алмасы өседі.

Кейбір деректерге сүйенсек, ескі замандарда осы жерде, яғни керуен жолы – Жібек жолында Алматы сауда мекені орналасқан. XIII ғасырда оны Шыңғысхан ордасы тас талқан етті. 1854 жылы ескі қала қалдықтарынан Верный қаласы пайда болды. Кеңес Одағы жылдары қала атауы Алма-Ата болып өзгертілді, 1929 жылдан 1997 жылға дейін Алма-Ата Қазақстан астанасы болды. 1993 жылы тәуелсіздік туралы Атазаң қабылданған сәттен бастап, бұрынғы Верный, одан кейінгі Алма-Ата Алматы деп өзгертілді.

Алматы теңіз деңгейінен 650-1200 метр биіктіктегі Іле Алатауының солтүстік бөктерінде орын алған. Қала жазықтықта орналасқан, үш жағын биік таулар мен жасыл массив қоршаған. Алматы –Еуразия континентінің орталығы. Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысында.

Алматының баурайларын Іле Алатауының ұлттық паркі алып жатыр. Онда көптеген табиғи қорықтар орналасқан. Мұнда өмір

сүретін сирек құстар мен аңдар Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Олардың қатарына Алматының мемлекеттік гербын әшекейлеген барыс жатады. Тау баурайында дәнді, бақша, темекі плантациялары мен жүзімдіктер жидектер мен жеміс бақшаларына ұласады. Қала территориясының 8 мың га астамын бақшалар, парктер, саябақтар мен бульварлар алады.

Қала 170 шаршы км. астам алаңды құрайды. Ол кіші және үлкен Алматы өзендерінің торабында орналасқан. Тау өзендері қаланы сумен қамсыздандырудың басты көзі болып саналады. Алматы бүгінде, 1997 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығына сәйкес, Астана қаласына көшірілді.

Алматы – елдің ғылыми, мәдени, тарихи, өндірістік және қаржы орталығы. 1997 жылы қаланы одан әрі іскерлік әрі қаржы орталығы ретінде дамыту туралы шешім қабылданды. 2006 жылы АӨҚО дамыту жөніндегі заңға қол қойылды.

Басты қала құндылықтарының бірі – Көктөбе. Оңтүстігі қаламен шектесетін жоталы мекен. Ол 1070 метр биіктікте орналасқан. Көктөбенің басына шығу арқылы қаланың алақандай көрінісін тамашалауға болады. Дәл осы жерде қаланың керемет түнгі көрінісінің куәсі бола аласыздар.

Әлемге әйгілі Медеу мұз айдыны 1972 жылы құрылған. Ол қаладан 15 км. қашықтықта орналасқан.

Есте сақтаңыздар

Көктем маусымында, алма, өрік, шие гүлдеген кезде, әлемге танымал, Шыңғысхан ордасы, табиғи қорықтар, дәнді, бақша, темекі плантациялары, сирек құстар мен аңдар, ғылыми, мәдени, тарихи, өндірістік және қаржы орталығы.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. Алматының әсем жерлері туралы (Көктөбе, Медеу мұз айдыны, Шымбұлақ, Алатау, т.б.) әңгімелеңіздер.

7-мәтін. Семей

Семей – Шығыс Қазақстан облысының батыс өңіріндегі екінші орындағы ірі қала болып табылады. Ол Ертіс өзенінің екі жағасына орналасқан. Аумағы – селолық округтерді қосқанда 27,5 мың шаршы метр.

Гринвичтен 500 ендік және 800 бойлық сызықтары қиылысында Семей қаласынан батысқа қарай 40 км. Дегелең тауында Евразия супер-құрылығының Географиялық орталығы анықталған.

Өңір климаты ерекше географиялық орналасуымен ерекшеленеді, құрылықта, мұхиттардан барынша алыс орналасқан.

Аумақ арктикалық бассейнге ашылған, бірақ Азияның ең биік тау шыңдары оны Үнді мұхитының әсерінен окшау қалдырған. Климатының шұғыл континентальдылығы жылдық және тәуліктік температуралардың жоғары амплитудасы салдарынан болып отыр. Қыста –45-қа, жазда +45-қа дейін жетеді.

Қала халқы 300 мың адамнан астам. Ертістің екі жағасында орналасқан Семей еліміздің ірі де әсем қалаларының бірі болып табылады, жергілікті тұрғындар ғана емес, Қазақстанның «рухани астанасының» қонақтары да осындай пікірде.

Солтүстік бөлігі Семей қаласынан басталатын Түрксиб темір жолы еліміздің маңызды құрылысының бірі болды. Семейде бірінші 5 жылдықтың ірі құрылысы ет консерві комбинаты болды, ол еліміздегі тамақ өнеркәсібі жөніндегі қуатты өнеркәсіптердің бірі болды. Қала мол өнімдік базасы бар ірі мал шаруашылық аймағының орталығы болды. Ет комбинатымен бір мезгілде ірі ұн комбинаты, жаңа техникамен жаңа тері зауыты салынып, ал 1938 жылы арнайы зертханасымен қой терісі зауытының құрылысы басталды. Сол кездегі ең жаңа техникамен жабдықталған судорем зауытының құрылысы да дами бастады. 1920 жылдың қазан айында қалада құрамында 15 адамы бар «Ес-Аймақ» театрлық труппа құрылды. Олардың арасында қазақ сахнасының көрнекті қайраткерлері – Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Жұмат Шанин, Жүсіпбек Елебековтер болды. 1934 жылы Семейде қазақ сазды-драмалық театр ұйымдастырылды. Театр 1934 жылдың 6 шілдесінде І.Жансүгіровтың «Кек» спектаклімен ашылды. Семей – тек Шығыс Қазақстандағы емес республикадағы мәдени, тарихи орталық болып саналады. Мұнда Абай және Ф.М.Достоевский мұражайлары, Қазақстан мен Батыс-Сібір өлкетану музейі, Невзоровтар отбасы атындағы бейнелеу өнері мұражайы, кітапханалары бар. Қазақтың Абай атындағы сазды-драмалық және Ф.М.Достоевский атындағы орыс драмалық театрлары бар.

Есте сақтаңыздар

Географиялық орталығы, жергілікті тұрғындар, бір мезгілде, ет консерві комбинаты, қой терісі зауыты, қуатты өнеркәсіптер, көрнекті қайраткерлері, сазды-драмалық театр, мәдени, тарихи орталық.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

5. Берілген сөздер арқылы мақал-мәтел ойлап табыңыздар:

- Өңгіме, ойын, әзіл, өтірік – ата;
- Ар, ұят, ықылас, намыс – қамыс;
- Рас, әзіл, өтірік, жалған – әділ;
- Менмендік, семіздік, тәкаппарлық, көкіректік – қой;
- Қу, айлакер, батыр, қорқақ – көлеңке.

8-мәтін. Астана

Астана – Қазақстан Республикасының елордасы. Астанада 697 257 адам тұрады (1 қаңтар 2011). Қазір қаланың аумағы 200 км² алып жатыр. Қала Қазақстанның орталық бөлігінің солтүстігінде Ақмола облысында, Есіл өзенінің алабындағы өзен маңы жазықтығында орналасқан.

Қаланың атауы қазақ тілінен алынған. Қазақша ол сөз елдің бас қаласы дегенді білдіреді. Астана сөзі қазақ тіліне парсы тілінен ауысқан. Онда ол "киелі орын", "босаға" деген мағыналарға ие.

Соңғы жылдары қалада мәдени-ағарту мекемелері желісі едәуір көбейді. 3 театр, 23 кітапхана, 5 мұражай, 1 клуб мекемесі, 2 кинотеатр, Мемлекеттік филармония, 2 сарай, 3 балалар музыка мектебі, өнер мектебі, көркемөнер мектебі жұмыс істейді.

Халықты спортпен және дене шынықтырумен тұрақты айналысуға тарту мақсатында өткен кезеңде жаңа спорт кешендері ашылды және балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне (БЖСМ) күрделі жөндеу жүргізілді. Халыққа қызмет көрсетуге 25 спорт-сауықтыру кешендері іске қосылды.

Қалада ақпараттық инфрақұрылым қалыптасқан және оның дамуы жалғасуда. 2001-2005 жылдар кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) саны 78-ден 169-ға дейін (77 газет, 82 журнал, 7 телерадиокомпания, 3 ақпараттық агенттік) өсті. Олардың ішінде 25

БАҚ ағылшын, неміс, украин, татар тілдерінде шығады. Сонымен бірге мемлекеттік емес БАҚ-тар үлесін арттыру үрдісі байқалып отыр, бұл қазіргі уақытта 66 %-ды құрайды. Ақпараттық саясатты іске асырудың маңызды құралы мемлекеттік тапсырысты мемлекеттік, сондай-ақ жеке меншік БАҚ-қа да орналастыру болып табылады. Ақпараттық саясат медиажоспарларға сәйкес іске асырылады.

Есте сақтаңыздар

Елорда, киелі орын, босаға, күрделі жөндеу, бұқаралық ақпарат құралдары, үлес, үрдіс, ақпараттық саясат, медиажоспарлар, іске асырылады.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін катыстыра отырып, сөйлем құрастырыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. Астана туралы қандай өлеңдер білесіздер? Жатқа айтып беріңіздер.
6. Қазақстанның жаңа астанасы туралы өз пікіріңіз.

9-мәтін. Қарағанды

Қарағанды қаласы Қарағанды облысының әкімшілік орталығы. Тұрғындарының тез өсуіне байланысты 1934 жылы қалаға, 1936 жылы облыс орталығына айналды. Алып жатқан жерінің аумағы (577км²) жағынан республикадағы ең үлкен, халқының саны бойынша (423,7 мың адам 2003) төртінші (Алматы, Астана, Шымкенттен кейін) қаласы. 1932 жылы оның халқы 70 мың болса, 1989 жылы 507,3 мың адамға жетті. Петропавл-Шу темір жол станциясы, әуе, автомобиль қатынасының маңызды торабы.

Іргесі Қарағанды көмір алабының орталығындағы шахтерлер кенттерінің негізінде қаланды. Сарыарқаның ұсақ шоқылы, сәл белесті жазығының орта тұсында, жазда тартылып қалатын Бұқпа өзенінің екі жағалауында орналасқан. Климаты айқын континенттік, қысы суық, ұзақ, боранды, жазы ыстық, құрғақ, аңызық желді. Қаланы сумен Нұра өзені, Ертіс-Қарағанды каналы, жер асты сулары қамтамасыз етеді. Қала шегінде күңгірт-қоңыр топырақ тараған. Қараған, тобылғы, әр түрлі шөп, сұлыбас, т.б. дала белдеміне тән өсімдіктер өседі.

Қарағандының 170 жылдық тарихы бар. Қараған көп өсетіндіктен қала «Қарағанды» деп аталған. Бұл жерден 1833 жылы Байжанов Аппақ тас көмір тапқан. Жеңіл өнеркәсіп саласында тоқыма-галантерея фабрикасы, «Еско» ААҚ, «Томирис» және «Ника» фирмасы, тамақ өнеркәсібінде «Маргарин зауыты», «Қарағанды кәмпиттері», «Сарыарқа» акционерлік қоғамы, «Қарағанды-нан» ААҚ, 2-нан зауыты, т.б. жұмыс істейді. Полиграфия саласынан «Авиатрек» баспахана үйі бар.

Қарағанды көлік пен байланыстың үлкен орталығы. Мұнда «Сарыарқа» кәсіпорындары, «Қарағандыкөмірдің автобазасы», «Қарағандытурист», 3 автопарк, 3 автокомбинат, 2 автоколонна, «Сапар» сияқты тасымалмен шұғылданатын көлік ЖШС-тері жұмыс істейді.

Қарағанды ғылым, білім, мәдениет орталығы. Мұнда ҚР ҰҒА-ның Орталық Қазақстан бөлімшесі, 19 ғылыми-зерттеу және жобалау институттары (ҰҒА-ның химия-металлургия, фитохимия ғылыми-зерттеу институттары, Көмір ғылыми-зерттеу институты, «Гипроуглегормаш» жобалау институттары, т.б.) орналасқан. Қарағанды мемлекеттік университеті, Техникалық университет, Медицина Академиясы, Заң институты және әр саладан мамандар даярлайтын мемлекеттік емес 10 жоғары оқу орны жұмыс істейді. 10 кәсіптік – техникалық мектеп, 39 мектепке дейінгі балалар мекемесі, 40 аурухана, 84 амбулатория мен емхана, 24 кітапхана, 3 мұражай, 6 мәдениет үйі мен клубтар, 2 драма театры, музыкалық-комедия театры, филармония, цирк, спорт кешені, стадион, екі үлкен саябақ бар.

Есте сақтаңыздар

Петропавл-Шу темір жол станциясы, әуе, автомобиль қатынасының маңызды торабы, Сарыарқаның ұсақ шоқылы, боранды, аңызық желді, қараған, тобылғы, сұлыбас, баспахана үйі, жобалау институттары, саябақ.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

5. Мәтіннен сөз таптары (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, одағай, шылау, еліктеуіш сөздер) болатын сөздерді тауып, жік-жікке бөліп жазыңыз.

10-мәтін. Шымкент

Шымкент – Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы. Шамамен 651380 адам (6 наурыз 2009 жылғы жағдай бойынша) тұрғыны бар заманауи қала, Қазақстан Республикасында Алматыдан кейінгі екінші қала, бұл ретте қала басшылары, энергия және сутұтыну көлемін ескере отырып және негізге ала отырып, қала тұрғындарының саны шамамен миллионға жуық деп есептейді. Осымен қатар, Шымкент негізгі өнеркәсіп, сауда және мәдени орталық болып табылады. Ғалымдар Шымкент туралы кездесетін әр түрлі тарихи деректерді атай отырып, қала атауының мағынасын "бау-бақшалы қала", "Жасыл қала", "Шыммен қоршалған қала" деп түсіндіреді.

Шымкент – инфрақұрылымы жақсы дамыған, Қазақстанның жетекші өнеркәсіп және экономикалық орталықтарының бірі. Қалада түсті металлургия, машина жасау, химия, мұнай өңдеу және тамақ өнеркәсібін дамытып отырған 69 өнеркәсіптік кәсіпорын бар. Мұнай, химия және фармацевтика өнеркәсібінде "Петро Казахстан Ойл Продактс" АҚ (мұнай өңдеу), "Интеркомшина" (шина өңдеу), "Химфарм" (дәрі-дәрмек өндіру) сияқты ірі кәсіпорындар жұмыс істеуде. Ал, металлургияда "Южполиметалл" АҚ (қорғасын және т.б. өнімдер), машина жасауда "Карданвал" (автомобильдер мен тракторларға қажетті қосалқы бөлшектер өндіру), "Южмаш" (ұсталық пресс машиналарын, қосалқы бөлшектер және құрал-жабдықтар өндіру), "Электроаппарат" (қуатты электр қосқыштары және т.б. өнімдерді өндіру) кәсіпорындары бар.

Жеңіл өнеркәсіпте алдыңғы қатардағы кәсіпорындарға – "Восход" фабрикасы (жүннен костюм, пальто, күртке тоқу), "Адал" (тоқыма өнеркәсібі), "Эластик" (шұлық тоқу) жатады. Құрылыс материалдарын өндіруде "Шымкентцемент" АҚ (цемент өндіру) және "Құрылыс материалдары" (құрылысқа қажетті кірпіштерді өндіру) және басқа да кәсіпорындар бар.

Тамақ өнеркәсібін өндіретін ірі кәсіпорындардың ішінен "Шымкентмай" және "Қайнар" (мақта шитінен, күнбағыстан зығыр, соядан тазартылған май шығаратын және т.б. өнімдер), "Шымкентпиво" (сыра өндіру), "Визит" (салқындатылған сусындар) акционерлік қоғамдарын атауға болады. Сонымен қатар, қала

шаруашылығында өздерінің дамыған бизнесімен және сапалы өнімдерімен көзге түскен түрлі саладағы фирмалар жұмыс істеп келеді. Коммуналдық қызмет жүйесі: қалалық және қалааралық көліктер даму үстінде.

Қалада жүзеге асырылып жатқан мәдениет саясаты Оңтүстік Қазақстанда жасайтын ұлттық мәдени-полиэтникалық қоғамдардың қалыптасқан мәдениетін, салт-дәстүрлерін, достықты, татуластықты жандандыруға бағытталған. Шымқалада қазақ, славян, өзбек, башқұрт, татар, неміс, еврей, корей, әзербайжан және басқа, барлығы 16 ұлттық мәдени орталықтар жұмыс істеуде. Олардың белсене қатысуы және қолдауымен ұлттық саясат және тұрғындардың бос уақытын ұтымды ұйымдастыру мәселелері оң шешімін тауып келеді. 2002 жылы Шымкентте «Ардагерлер аллеясы» қайта жандандырылды. Қалада 8 саябақ пен сквер жұмыс істейді. Олардың үшеуінің негізі XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басында қаланған. Ш.Қалдаяқов атындағы облыстық филармония жемісті жұмыс істеуде. 3 мәдениет сарайының залдары ешқашан да бос болмайды. Үш кинотеатрда қазіргі заманның фильмдерін тамашалауға болады. Қангүй мемлекеті дәуірінің бірегей экспонаттары облыстық өлкетану мұражайында қойылған. Қалада 28 кітапхана бар.

Облыстың мәдени өміріндегі атаулы оқиға – 1967 жылы қазақ және орыс драмалық театрлары ғимаратының құрылысы.

Есте сақтаңыздар

Заманауи қала, шина өндеу, ұсталық пресс машиналары, сыра өндіру, шұлық тоқу, мақта шитінен, күнбағыстан зығыр, соядан тазартылған май, салқындатылған сусындар, бос уақытын ұтымды ұйымдастыру, қайта жандандырылды.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. Мәтінге қысқаша аннотация жазыңыздар.

11-мәтін. Атырау

Атырау – Қазақстанның батысында, Жайық өзенінің бойында орналасқан қала. Қаланың негізі 1640 жылы қаланған.

Облыс және қала тұрғындарының мәдени-рухани дамуына М.Өтемісов атындағы облыстық драма театры, Н.Жантөрин атындағы облыстық филармония, Д.Нұрпейісова және Құрманғазы Сағырбаев атындағы Мәдениет сарайлары, Д.Нұрпейісова атындағы Ұлттық аспаптар оркестрі, «Атырау-Жайық», «Нарын» фольклорлық және басқа да ансамбльдер өз үлестерін қосып, шеберліктерімен көрініп жүр. Облыстық тарихи өлкетану және өнер мұражайларының да ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты насихаттауда еңбектері зор. Жаңа экспозициялар, көрмелер ұйымдастырып көрермендер көңілінен шығуда. Қала тұрғындарына әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыздандыруда «Өнерпаз» тұрмыстық және «Маржан» сән үйлері, «Дина», «Насиха», «Сауран», «Көктем», «Мерей» және т.б. сауда орталықтары қызметтерін көрсетуде.

Қала қонақтарын жайлы орынға орналастыруда бірнеше қонақ үйлері бос уақыттарын көңілді өткізіп, қонақжай дәм-тұздарын жайып қарсы алатын «Ақ Жайық», «Алладин», «Жайық толқындары», «Ақ Орда», «Ақ босаға», «Нәрлі», «Нұрдаулет» және т.б. көптеген мейрамханалар өз қызметтерін ұсынуда. ХХІ ғасырдың басынан бастап қала басындағы құрылыс қызметінің жыл санап, көлемі өсіп, салынған тұрғын үйлер мен әкімшіліктік ғимараттар саны көбеюде соның ішінде көп қабатты ғимараттар саны да күн санап өсуде. Күні кеше қалада ең биік ғимарат 9 қабат болса, енді қала ішінде 16, 22 қабатты үйлер мен ғимараттар бой көтерді.

Есте сақтаңыздар

Жайық өзені, ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, мәдени-рухани даму, қамтамасыздандыруда, насихаттауда, сән үйлері, сауда орталықтары, дәм-тұздарын жайып, әкімшіліктік ғимараттар.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. Тырнақшаға алынған атаулардың мағыналары қандай? Сіз қалай ойлайсыз? Өз пікіріңізді ортаға салыңыз.
6. Төмендегі мақал-мәтелдерді жаттап, мағынасын түсіндіріңіздер:
 - Қонақ қойдан да жуас,

Май берсең де жей береді;

- Қонағым өз үйінді де ойлай отыр;
 - Қонаққа бара білсең, шақыра да біл;
 - Қонақ бір күн қонса – құт, екі күн қонса – жұт;
 - Қонағы жаман болса, үй иесі қыдырады;
 - Құтты қонақ келсе, қой егіз табады;
 - Шақырғанға бармасаң, шақырғанға зар боларсың;
 - Көңіл кең болса, үйдің тарлығы білінбес;
 - Сыпайы қонақ сыйыңды жейді,
- Мылжың қонақ мыйыңды жейді;
- Қонақ келсе ет пісер,
- Ет піспесе бет пісер.

12-мәтін. Өскемен

Өскемен – Шығыс Қазақстан облысындағы өнеркәсіп, мәдениет және әкімшілдік орталықтардың бірі. Қала негізі 1720 жылы Ертіс пен Үлбі өзенінің құйылысында қаланған. Қазақстанның шығыс бөлігінде Ертіс пен Үлбі өзендерінің сағасында орналасқан, көлемі 54,4мың га жерді алып жатыр. Табиғаты континенталды.

Өскемен қаласы – егемендік алған Қазақстанның көрікті қалаларының бірі. Мемлекеттік билік ҚР Конституциясына сәйкес заңдық, атқару және сот билігі принциптеріне негізделген. Қаладағы заңдық билікті Мәслихат жүзеге асырады. Оның құрамында 25 депутат бар. Сот билігін Өскемен қалалық соты және арбитраж соты жүзеге асырады.

Өскемен Қазақстанның шығыс бөлігінде Ертіс пен Үлбі өзендерінің сағасында орналасқан, көлемі 54,4мың га жерді алып жатыр. Табиғаты континенталды. Қала халқын 320,2 мың адам құрайды. Қазіргі күні Өскеменде 76,8 мың зейнеткер (жалпы санының 23,9 % құрайды), оның 2476-ы Ұлы Отан соғысына қатысқан адамдар.

Қазіргі Өскемен Қазақстандағы түсті металдар орталығының бірінен саналады. Аймақтың жетекші салалары – түсті металдар өндіру, машина жасау. Өскемен қаласы бойынша 6072 шаруашылық субъектісі, 143 акционерлік қоғам, 2335 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 48 шаруа қожалығы, 1333 сауда кәсіпорны тіркелген. Өскемен қаласының ірі және орта кәсіпорындары мен ұйымдарына 78,7 мың адам еңбекке тартылған, оның ішінде 31,4 мың адам өндіріс сферасында, 5,8 мың адам – құрылыста, 16,1 мың адам – білім мен денсаулық сақтау саласында, 9,7 мың адам саудада, 10,3 мың адам – көлік пен байланыс саласында т.б. еңбек етеді.

17,7 мың адам шағын және орта бизнеске қамтылған. Шығыс Қазақстан облысындағы байланыс автомобиль, теміржол, өзен және әуе жолдары арқылы жүзеге асырылады. Көлік желісі автомобиль жолдарына негізделген. Қала аумағында 631 орындық 10 қонақжай, 63 мектеп (52 – мемлекеттік түрдегі және 11 – жеке), олар 47,1 мың оқушыны қамтиды, 14 жоғары оқу орны (17,1 мың студент), 11 орта оқу орындары (6,3 мың оқушы), 7 кәсіби-техникалық мектеп (3,4 мың оқушы), 26 мектепке дейінгі балалар мекемелері және 29 мәдениет мекемелері бар.

Есте сақтаңыздар

Ертіс пен Үлбі өзендерінің сағасында, заңдық, атқару және сот билігі, түсті металдар, акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, шаруа қожалығы, құрылыста, байланыс саласында, кәсіби-техникалық, мәдениет.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.

2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.

3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.

4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

5. Мәтіндегі сан есімдерді теріп жазып, олардың мағынасына қарай түрлерін анықтаңыздар.

6. Төмендегі сан есімдерге қатысты мақал-мәтелдер, нақыл сөздердің мән-мағыналарын түсіндіріңіздер.

1 – Бір құмалақ бір қарын майды шірітер. Бір күн тұзын татқанға, қырық күн сәлем. Қонақ бір күн қонса – құт, екі күн қонса – жұт. Жақсы атқа бір қамшы, жаман атқа мың қамшы. Ұры бір түнде – бай, бір күнде – кедей. Бір басқа – бір көз;

2 – Екі жүзді пышақтан сақтанба, екі жүзді адамнан сақтан. Екеу болсаң, бір-біріңмен кеңес, біреу болсаң, қабырғаңмен кеңес. Екі ауру бір келсе, ажалыңның жеткені. Екі молда бір кісі, бір молда жарты кісі. Ерке бала екі жылар. Екі жақсы қас болмас, екі жаман ДОС болмас. Екі жарты – бір түтін. Есебін тапқан екі асар;

3 – Үріккен ит үш күн үреді. Жылайын деген баланың үш күн бұрын көзі қышиды. Анаңды Меккеге үш арқалап барсаң да , қарызыңнан құтыла алмайсың. Жаман мерген теке атқан жеріне үш барады. (үш байлық, жұрт, би, ғайып, арсыз, қадірсіз, т.б.);

4 – (құбыла, маусым, мүше, түлік, т.б.);

5 – Бес саусақ бірдей емес. (парыз, намаз, борыш, қару, түн, асыл мен дұшпан, өсиет, т.б.);

6 – Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді. Ағайын – алтау, анна – біреу. Аңқау астындағы атын алты ай іздепті. Алтаумын деме, жетеуге жолығарсың, жетеумін деме, сегізге жолығарсың. Қой алты күн аштыққа шыдайды. Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа. Алты жасар бала атқа мінсе, алпыстағы шал алдынан шығар. (алаш, иман, игілік, асқар, т.б.);

7 – Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл. Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер. (ғашық, жарғы, қазына, күн, жұт, жоқ, жетім, ата, т.б.);

8 – Сегіз қырлы бір сырлы;

9 – Тоғыз қатынның толғағы бір келеді;

10 – Он Адам жүрген жерде із қалады, жүз Адам жүрген жерде – соқпақ, мың Адам жүрген жерде жол қалады; Он бала бір әкеге жүк болмайды, бір әке он балаға жүк болады; Он саусағынан өнер тамған;

30 – Отызда орда бұзар, отыз күн ойын, қырық күн той. Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды. Отыз ұлың болғанша, осырақ шалың болсын;

40 – Қырықтың бірі – қыдыр. Жақсы кісі қырқында толады, жаман кісі қырқында солады. Қырқына шыдаған, қырық біріне де шыдайды;

50 – Ел құлағы елу;

100 – Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсің. Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар;

1000 – Мың жолдас жақсы, мың жолдастан бір дос жақсы. Мың адам салған көпірді, бір адам бұзады. Бір адамның жаққан отына он адам жылынады. Мың қайғы бір борышты өтемейді. Мың ұрмақтан – бір күн тірлік.

13-мәтін. Қызылжар

Қызылжар – Солтүстік Қазақстан облысының қаласы, облыс орталығы (1936 жылдан). Қаланың негізі Есіл өзенінің оң жағалауында 1752 жылы қаланған.

Солтүстік Қазақстан облысының орталығы (1936 жылдан), автомобиль, әуе, өзен және темір жолдарының ірі торабы. Батыс Сібір ойпатының оңтүстік-батысындағы Есіл жазығының орманды-дала белдемінде, Есіл өзенінің оң жағасындағы «Қызылжар» деп аталатын ежелгі қазақ қонысының орнында орналасқан. Тұрғыны 204,8 мың адам (2011 жылғы 1 мамырға).

90-жылдары нарықтық экономикаға өтуге байланысты Қызылжар қаласындағы ірі өнеркәсіп орындары өз жұмыстарын біршама баяулатты. Шаруашылық байланыстар үзіліп, кәсіпорындардың жұмысы тоқтай бастады. Тек 90-жылдардың соңынан бастап ел экономикасымен бірге Қызылжар қаласының да экономикасы біршама жақсарды.

Қазіргі кезде Қызылжар Қазақстандағы ірі өнеркәсіп орталықтарының біріне айналды. Қалада 174 кәсіпорын жұмыс істейді. Оның ішінде ірі кәсіпорындарға “Еуразия”, “Вита”, “Молочный союз” АҚ-дары, нан комбинаты, ликер-арақ зауыты, “Сұлтан”, “Тонус” т.б. жатады. Қала бюджеті қаржысының 10%-н шағын бизнес береді. Саудада еңбекпен қамтылғандардың үлесі 47,8%, өндірістік салада 17,4%, оның ішінде құрылыста 6,6% болды, 35 кәсіпорын ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейді. Қалада 110 шағын құрылыс кәсіпорны, 49 көлік және байланыс кәсіпорындары жұмыс істейді. Жалпы білім беретін 49 мектеп, 2 музыкалық, 5 спорт мектебі, 3 кәсіптік-техникалық мектеп, 5 арнайы оқу орны мен колледждер, одан басқа 2 мемлекеттік (Солтүстік Қазақстан университеті мен ҚР Ішкі істер министрлігінің әскери мектебі) жоғарғы оқу орны тіркелген. 12 аурухана, 10 емхана, 199 дәріхана халыққа қызмет көрсетеді. Қызылжарда 3 театр, филармония, 3 мұражай, кинотеатр, 4 мемлекеттік кітапхана, 5 мәдениет сарайы, т.б. жұмыс істейді. Қалада 4 стадион, 34 әр түрлі спорт ғимараттары бар. Облыстық және қалалық газеттер, жарнамалық басылымдар шығып тұрады. Сонымен бірге 3-телерадиокомпания жұмыс істейді.

Есте сақтаңыздар

Есіл өзені, автомобиль, әуе, өзен және темір жолдарының ірі торабы, орманды-дала белдемдері, өндірістік салада, шағын құрылыс кәсіпорны, әскери мектеп, қалалық газеттер, жарнамалық басылымдар, телерадиокомпания.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. Мәтіннен жалғау жалғанған сөздерді (көптік, септік) теріп жазып, түрлеріне қарай ажыратыңыздар.

14-мәтін. Қостанай

Қостанай – Қостанай облысының әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы. Қазақстандағы аса ірі темір, әуе және автомобиль жолдары тораптарының бірі. Батыс Сібір ойпатының дала белдемі алып жатқан оңтүстік-батыс шетін құрайтын Қостанай жазығының орталық бөлігінде орналасқан. Тобыл өзенінің, оған Әбілсай мен Қостанай деген салалары құятын биік жарқабақты террасалы жағада орналасқан. Жерінің аумағы 8991 гектар. Тұрғыны 205,5 мың адам (2003). Қостанай осы атыраптағы байырғы елді мекендердің бірі. Оның іргесін 1897 ж. Ресей патшасының жарлығына байланысты қазақтың жергілікті руларынан тартып алынған «Қостанай» атты қоныста, Еділ бойы мен Орынбор губерниясынан көшіп келген орыс шаруалары қалаған. Алғашқыда «Николаевка» деп аталды. 1893 ж. Қазақстанның құрамында болған бұрынғы Торғай облысында жаңадан өндірілген уездік аумақтық-әкімшілік бөлінісіне сәйкес оған «Қостанай» атауы берілді де, Қостанай уезінің орталығына айналды. 1912–13 ж. Оңтүстік Сібір темір жолы магистралінің Челябинск – Троицк – Қостанай тармағының салынуына байланысты Қостанай Ресейде өнеркәсіптік дамуы бойынша біршама ілгері тұрған Орталық Ресей аудандарымен тікелей сауда-саттық байланыстар жасауға мүмкіндік алды. Соның нәтижесінде Қостанай Солтүстік Қазақстандағы ірі сауда орталықтарының біріне айналды. Қалада жеңіл және тамақ өнеркәсіптері, бу және дизель отынымен жұмыс істейтін диірмендер, қасапханалар, тері заттары, т.б. пайда болды. 1917–19 ж. Қостанайда Кеңес өкіметі орнап, 1920 ж. сол кездегі Ақтөбе облысындағы өзімен аттас округтің, 1925 ж. губернияның, 1936 ж. жаңадан құрылған Қостанай облысының орталығына айналды. Бүгінгі таңда мұнда жеңіл өнеркәсіпті құрайтын комволшұға комбинаты, «Большевичка» тігін, аяқ киім фабрикалары, тамақ өнеркәсібін құрайтын ет, сүт, ұн-жарма және нан комбинаттары, құрылыс материалдар өнеркәсібінің темір-бетон комбинаттары мен қызыл және силикатты кірпіш заттары, құрылыс-монтаж құралымдар комбинат, машина жасау мен металл өңдеу өнеркәсібінің авиақозғалтқыш, автомобиль және ауыл шаруашылық техникасын жөндеу зауыттары, химия өнеркәсібінің химиялық талшық зауыты, электроэнергетика өнеркәсібіне қарасты жылу электр орталығы, автомобиль жөндеу зауыты, жиһаз жасау өнеркәсібі, тұрмыс қажетін өтейтін комбинат, т.б. жұмыс істейді. Қазір қаланың өнеркәсіп құрамындағы кәсіпорындарда салалық 10 АҚ, 9 ЖШС, 4 МҚК бар. 2000 жылғы деректер бойынша Қостанайда барлығы 30 ірі кәсіпорын,

т.б. бірлестік жұмыс істейді. Қалада Солтүстік Қазақстанның геология басқармасы мен оның орталық лабораториясы, А. Байтұрсынов атындағы мемлекеттік педогогика университет, ауыл шаруашылық институты, мемлекеттік ауыл шаруашылық және егіншілік жобалау институттарының, су құрылысын жобалау институтының бөлімшелері, кооперативтік, автомобиль, құрылыс колледждері, 2 қалалық кәсіптік-техникалық, медицина мекемелері, облыс тарихи және геология мұражайы, гидрометеорология бюросы, 59 мектеп, 2 мәдениет үйі, облыстық драма театр, филармония, 13 кітапхана жұмыс істейді. Денсаулық сақтау және сауықтыру мекемелерінен 12 аурухана (облыстық және қалалық клиникалық аурухана, теміржолшылар мен балалар клиникалық ауруханалары, облыстық және қалалық емханалар, онкология, туберкулез, психиатриялық, венерология диспансерлер, сүйек туберкулезі санаторийі, қалалық трахомоздық аурухана), 6 акушерлік пункт, 131 дәріхана, облыстық радио-телестудиялар, стадион тұрғындарға қызмет көрсетеді.

Есте сақтаңыздар

Тобыл өзені, биік жарқабақты, байырғы ел, біршама ілгері тұрған, ет, сүт, ұн-жарма және нан комбинаттары, жиһаз жасау өнеркәсібі, онкология, туберкулез, психиатриялық, венерология диспансерлер, сүйек туберкулезі санаторийі, қалалық трахомоздық аурухана.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. Мәтіннен жалғау жалғанған сөздерді (тәуелдік, жіктік) теріп жазып, түрлеріне қарай ажыратыңыздар.

15-мәтін. Талдықорған

Талдықорған қаласы Алматы облысының нақ ортасында, Жоңғар Алатауының батыс бөлігінде орналасқан. 1869 жылы Тал қорған қыстауының орнында пайда болған Гавриловка селосы 1925 жылы Талдықорған қаласы деп аталды. 1944 жылы қалаға Талдықорған облысының орталығы мәртебесі берілді, 1959 жылы қайта ұйымдастыру нәтижесінде бұл статус

алынды, ал 1967 жылы қала қайтадан облыс орталығына айналды. 1997 жылдың көктемінде Талдықорған облысы Алматы облысымен біріктірілді.

Қалада әлеуметтік саланы дамыту үшін қомақты база бар. І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, 1 мемлекеттік емес ЖОО экономиканың түрлі салалары үшін мамандар даярлайды, 13 арнаулы кәсіптік орта оқу орындары, 32 жалпы білім беретін мектептер, мұның сыртында 1 жекеменшік мектеп және 3 мектеп интернат, 2 ведомствадан тыс мектеп, 19 балабақша, оның 11-і мемлекеттік, 6 шағын орталықтар, олардың 4-і мемлекеттік.

34 денсаулық сақтау мекемелері тұрғындарына медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді, оның ішінде 29 мемлекеттік, 5-жекеменшік. Олардың ішінде 4 қалалық емхана, 11 – дәрігерлік ұйымдар, 2 дәрігерлік амбулатория, 7 медициналық пункттер және басқалар.

Дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану үшін қалада 1500 орынды Спорт сарайы, 5 мың орынды «Жетісу» стадионы, 1,5 мың орынды І.Жансүгіров атындағы ЖМУ стадионы, «Өркен» спорттық кешені, 3 мың орынды атшабар, 14 теннистік корт, 68 спорт залдары, жабық бассейн, аквапарк бар.

Қалада мәдениет мекемелерінің желісі дамыған: І.Жансүгіров атындағы әдебиет, тарихи-өлкетану мұражайлары, Бикен Римова атындағы облыстық драма театры, көркемсурет галереясы, 11 кітапхана, 2 кинотеатр, Достық үйі және Тіл сарайы.

Ақпараттық желі де біршама дамыған. Қалалық газеттер мемлекеттік және орыс тілдерінде тұрақты басылады, қалалық және коммерциялық теледидар каналдары жұмыс істейді.

Ескерткіштер тарихи және мәдени мұраның бөлігі болып табылады, бірнеше мешіттер мен шіркеулер қызмет істейді.

Талдықорған өңіріндегі шын мәніндегі қоғамдық саяси орталық болып табылады. Мұнда 9 саяси партия, 15 этномәдени орталық, 23 бірлестіктер жұмыс істейді.

Есте сақтаңыздар

Дене тәрбиесі, атшабар, теннистік корт, спорт залдары, жабық бассейн, аквапарк, көркемсурет галереясы, Тіл сарайы, ақпараттық желі, мәдени мұра, мешіттер, шіркеулер, саяси партия, этномәдени орталық, бірлестіктер.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. Мәтіннен жұрнақ жалғанған сөздерді теріп жазып, түрлеріне қарай ажыратыңыздар.

16-мәтін. Тараз

Тараз – Жамбыл облысының орталығы. 1938–1997 жылдары арасында Жамбыл деп атанған еді, 1938 жылында Мирзоян деп атанған, кейін Әулие Ата деп атанған.

Орта ғасырларда Тараз деген атауымен әйгілі болды. Қалаға ең бірінші келгендер – Ферғана алқабының өзбектері болған. 1997 жылынан бастап тарихи атауы қалаға қайтарылып қолданылады. 2002 жылы Тараз өзінің 2000 жылғы мерейтойын қарсы алды. Орта ғасырларда Тараз Ұлы Жібек Жолының бойында орналасқан қалаларының бірі еді. Әсіресе Қарахан дәулеті кезінде гүлденген. 19 ғасырында Әулие Ата Қоқан қамалы еді. XIX ғасырының 60-шы жылдарында Ресей империясының құрамына кірген. Кеңес Одағы кезінде Жамбыл облысының орталығы болып, Қазақстан тәуелсіздігін алған соң егемен елінің жайлаулы Жамбыл облысының әкімшілік орталығы, тарихы бай көне шаһар болып өркендейді.

Облыстың айтарлықтай аумағын Бетпақ-Дала және Мойынқұм алады, тек оңтүстік-батыс, оңтүстік және оңтүстік-шығыс шеті таулармен шектелген (Қаратау, Қырғыз және Шу-Іле Алатау таулары). Табиғи ландшафтардың флорасы мен фаунасы кең және әртүрлі. Облыста өсімдіктердің 3 мыңнан астам түрі бар. Аң аулайтын өңірдің жалпы алаңы 13,9 мың га құрайды, онда жануарлардың 40-тан астам түрі мекендейді. 27,8 мың га алаңды құрайтын балық шаруашылық қоры 74 су айдынынан тұрады, оның ішінде 73 су айдыны балық шаруашылығына жарамды. Ірі бөгендерден Тасөткел және Теріс-Ащыбұлақ бар. Балық аулау кәсібінде толстолобик, ақмарқа, карп, сазан, көк серке, тыран балық, краль, торта балықтарын аулау кең таралған. Облыс аумағында 3 мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалы бар:

- мемлекеттік (кешенді) қаумал «Берікқара шатқалы» 17,5 мың га

алаңды алады, онда қызыл кітапқа енгізілген аса бағалы ағаш бұтасының және шөп өсімдігінің 50-ден астам түрін, ал жануарлардан – арқарды, үнді жайрасын, жұмақ шыбыншыны кездестіруге болады;
- жалпы алаңы 3,07 мың га құрайтын мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумал «Қарақоңыз шатқалы» (ботаникалық), Зайлы Алатаудың батыс сілемінде орналасқан. Алма, шие, алша, жүзім ағаштарының жемісті көшеттері үйеңкі орманның, боз қарағанның, тұт ағашының, түйе жаңғағының алаңдарымен ауыстырылады;
- жалпы алаңы 1000 мың га құрайтын Андасай мемлекеттік (кешенді) қаумал (зоологиялық) Мойынқұм ауылынан батысқа Шу өзенінің жағасының бойында орналасқан. Өсімдік қабатында селеу шөбі, бетеге, қара сексеуіл, талдың ну бұтасы басымды. Жануарлар әлемінде арқарлар, құландар, джейрандар, еліктер, қабандар, қояндар, қырғауылдар, құрлар басым.

Таразда Қаратау тауларының бөктерінде Қаратау фосфор зауыты жұмыс істеп тұр. Бұл зауыт фосфор шығарудан әлемде беделді орындардың бірінде. Облыста бірдей 3 зауыт ашылған болатын, солардың бірі «Жамбыл фосфор зауыты», «Химпром», «Жаңа Жамбал фосфор зауыты». Қалада темір құрастырушы зауыты, автожөндеу зауыты, «Автобөлшектер» зауыты т.б. зауыттар жұмыс істеп тұр.

Есте сақтаңыздар

Әулие Ата, орта ғасырларда, әйгілі, Ұлы Жібек жолы, Қарахан дәулеті, Қоқан қамалы, көне шаһар, Бетпақ-Дала, Мойынқұм, флорасы мен фаунасы, толстолобик, ақмарқа, карп, сазан, көк серке, тыран балық, краль, торта, қаумал, селеу шөбі, бетеге, қара сексеуіл, талдың ну бұтасы.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жана сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. Сөйлеу түрлерін атаңыздар. (Баян ету, сипаттау, мәлімдеу, жариялау, қиыстыра сөйлеу, бипаздай сөйлеу, жебей сөйлеу, кесіп айту, есіп сөйлеу, зарлау, сапылдау, даттау, күжілдеу, зіркілдеу, қағыту, сықпырту, түйреу сөйлеу, сықпырту, астарлау, зеку, сыпсыңдау, қақылдау, т.б.)
6. Бұл қандай салт? Мысалы: Ұран, Хан сарқыты.

Ұран (салт) – бұрынғы қазақ салты бойынша әр ру мен тайпаның өз жауынгерлік ұраны, сыйынатын пірі болады. Ұран негізінде ел намысына шабатын кезде, жауға қарсы аттанғанда ел-жұртқа, азаматтардың қанын қыздырып, бір ортадан табылуға біріктіретін қуатты күш ретінде қолданылады. Батырлар жауға шапқанда өз елінің, аруақты ата-бабаларының, әулие-әмбиелердің атын ұран етіп аттанады. Және сол ұран арқылы қай ру, тайпаның батыры екені анықталады. Осыған сәйкес қазақ руларының белгіленген ұрандары болады.

«**Хан сарқыты**» – хан атқа мініп, ордаға түскен кезде әр тайпадан, әр тараптан арнайы іріктелген қаншама адам ханның өрістігі малын, қозы-лақ, құлын-тайына дейін түк қалдырмай бөліске салады. Бұл рәсім «хан сарқыты» деп аталады. Ханға малдың керегі жоқ. Хан – ел иесі, жұрт тұлғасы, елде бар болса, ханда да бар, ханның халықтан бөтен тілегі болмауға тиіс деген сөз.

17-мәтін. Ақтөбе

Қазақстан Республикасының батысында орналасқан, Ресейдің Орынбор облысымен, сондай-ақ Қазақстанның Батыс Қазақстан, Атырау, Қостанай, Қызылорда және Маңғыстау облыстарымен шектесетін Ақтөбе облысының әкімшілік орталығы. Қалада 300 мыңнан аса халық тұрады.

Ақтөбе – Ақтөбе облысының әкімшілік орталығы (1932). Қазақстанның ірі өнеркәсіп және мәдени орталықтарының бірі. Темір жол, әуе және автомобиль қатынастарының маңызды торабы. Мұғалжар тауының оңтүстік-батысында Елек өзенінің сол жағалауына, Ақтөбені айнала орналасқан. Патша әскерінің Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алуы үшін соғыс бекінісі ретінде алғашқы қазығы 1869 жылдың мамырында қағылған. 1891 жылдың 25 мамырынан уездік қала, Торғай облысы Ақтөбе уезінің орталығы. Орынбор – Ташкент темір жолының салынуына байланысты (1905) тораптық темір жол стансасына 1933ж. аэропорт (оның жаңа ғимараты 1978 ж.) пайдалануға берілді. Қалада әр жылдары маңызды саяси оқиғалар өтті. Тұрғындары Бүкілресейлік ереуілге қатысты (1905). Кеңес өкіметі орнағаннан кейін азамат соғысы жылдары ақ гвардияшылармен күрескен әскери күштер жасақталып, Кеңестік майдан орталығына айналды. Қазақстан өлкесінің 1 Кеңестік конференциясы өтіп, онда барлық қазақ жерін Кеңестік Қазақ республикасының құрамына біріктіру туралы шешім қабылданды. 1920–30 жылдары қалада паровоз және вагон депосы, механикалық зауыт, диірмен, элеватор, нан комбинаты, «Металист» артелі

салынды. 2-дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары ферроқорытпа және хром, рентген аппаратуралары, ауыл шаруашылық машиналары (қой қыратын электр аппараттары, трактордың қосалқы бөлшектері), тамақ және жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары (ет комбинаты, қалалық сүт зауыты, элеватор, тоқыма, жиһаз және тігін фабрикалары) пайдалануға берілді. Құрылыс базасы (кірпіш, темір-бетон бұйымдары, силикат-қабырға материалдары зауыттары, үй құрылысы комбинаты, т.б.) құрылды. Ірі құрылыс ұйымы – 1946 ж. іргесі қаланған «Ақтөбекұрылыс» тресі (қазіргі «Ақтөбекұрылыс» жобалау-құрылыс фирмасы). 2-дүниежүзілік соғысы жылдары мұнда бірсыпыра кәсіпорындар көшіп келді. Қалада 312-атқыштар дивизиясы, 101-ұлттық атқыштар бригадасы, теңізшілердің дербес атқыштар бригадасы, 129-миномет полкі және басқа да әскери бөлімдер мен бөлімшелер ұйымдастырылды. Қаланың 29 тұрғыны бұрынғы Кеңес Одағының батыры атағына ие болған. Оның ішінде шығыс халықтарынан шыққан екі қаһарман қыздың бірі Әлия Молдағұлова бар. Ақтөбеде алғашқы оқу орны – екі кластық орыс-қазақ училищесі 1884 ж. ашылды. 1896 ж. Ыбырай Алтынсариннің бастамасымен қазақ қыздары үшін әйелдер училищесі жұмыс істей бастады. Құдайберген Жұбанов атындағы Мемлекеттік университет, медицина академиясы, «Дүние» университеті, Талғат Бигелдинов атындағы жоғары әскери авиациялық училище, колледждер, қазақ және орыс драма театры, тарихи-өлкетану мұражайы, облыстық филармония, Молдағұлованың мемориалдық мұражайы, Отан соғысында қаза тапқандар мемориалы, Қазақстанда саяси қуғынға ұшырағандарға, Молдағұлова мен Исатай Таймановқа қойылған ескерткіштер бар.

Есте сақтаңыздар

Мұғалжар тауы, Елек өзені, паровоз және вагон депосы, механикалық зауыт, диірмен, элеватор, нан комбинаты, іргесі қаланған, қаһарман қыз, ескерткіштер.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

5. Батырлық, қайсарлық туралы мақал-мәтелдердің мағыналарын түсіндіріңіздер.

- Батыр туса – ел ырысы,
- Жаңбыр жауса – жер ырысы;
- Қаһарлы қамал бұзады;
- Ер жігіт елі үшін туады,
- Елі үшін өледі;
- Батыл болсаң батыр да боласың;
- Жүрек – ер, бас – кемеңгер;
- Дұшпанға тастай қатты бол,
- Досыңа балдай тәтті бол.

18-мәтін. Ақтау

Ақтау – Қазақстанның оңтүстік-батысындағы қала, Маңғыстау облысының орталығы. Қала теңіз және әуе порты.

1964 жылдан 1991 жылға дейін украин ақыны Тарас Шевченконың құрметіне Шевченко аталған.

Қала Каспий теңізінің шығыс жағасында орналасқан. Қаланың оңтүстік шығысында 40 шақырым жерде әйгілі Қаракия ойысы жатыр. Жер бедері тегіс, ол негізінен коррозиялық және дефляциялық әрекеттерден түзелген.

Кеңестік ғылымға сәйкес Еуропа мен Азияның шекарасы Мұғалжардан басталып, Ембі өзенінің бастауына дейін, одан Ембі бойымен Каспий теңізіне дейін жүргізілетін. 1950 жылдарға дейін Қазақстан аймағындағы Еуропаның шекарасы Жайық өзенінің бойымен өтетін.

2010 жылдың сәуір-мамыр айларында Орыс географиялық қоғамының экспедициясы Еуропа шекарасын Мұғалжар арқылы, одан Каспий маңы ойпаты (Шығыс Еуропалық жазығы бітіп, Үстірт үстіртінің батыс бөлігі өтетін жер) арқылы өту керек деген қорытындыға келді. Мұндай жағдайда Еуропашекарасы қазіргіден әлдеқайда оңтүстікке қарай ығысады. Қазіргі кезде Орыс географиялық қоғамының ғалымдар тобының пікірі Халықаралық географиялық одақтың қолдауына ие болмады. Демек, егер Халықаралық географиялық одақ Орыс географиялық қоғамының қорытындысын қолдаса, Маңғыстау облысының бір бөлігі Еуропада орналасқан болып шығады.

Ақтау қаласы Ленинград қаласының үлгісі бойынша қалана бастады. Ақтау қаласының әкімшілік құрамына Өмірзақ кенті кіреді. Қалада екі көшенің атауы бар. Бірі Бірінші Президент көшесі, екіншісі Тәуелсіздік даңғылы. Қала ықшамаудандарға бөлінеді. Қала шағынаудандарға бөлінгендіктен керекті жерді табу оңай. Мекен-

жайды атағанда аудан үй пәтер ретімен айтады. **Мысалы** 13-6-72. Қазіргі уақытта 31 ықшамаудан бар. Әрбір шағынауданда шамамен 50–70-тей үй бар, әр үйде орташа есеппен алғанда 60 пәтер бар. Қазіргі уақытта Ақтау қаласының солтүстігінен Ақтау-Сити қаласының құрылысы жүріп жатыр. Бұл жоба Біріккен Араб Әмірліктерінің қолдауының арқасында 2007 жылы іске асырыла бастады. Өндірістік қала, мұнай және газ өндіріледі.

Қалада теміржол вокзалы жоқ. Поездар Маңғышылақ станциясына келіп тоқтайды. Қала мен станция арасында №101 автобусы мен таксилер қатынайды, ара қашықтығы – 20 км.

Ақтау порты Каспий теңізінің шығыс жағалауында орналасқан. Ақтау түрлі халықаралық құрғақ жүктерді, мұнай шикізатын және мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған Қазақстандағы жалғыз порт болып табылады.

Есте сақтаңыздар

Қарақия ойысы, үлгісі бойынша, ықшамаудан, Біріккен Араб Әмірліктері, өндірістік қала, мұнай және газ, Каспий теңізі, порт.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

19-мәтін. Қызылорда

Қызылорда – қала, облыстың әкімшілік, экономикалық және мәдени орталық (1938 жылдан). Сырдария өзенінің оң жағалауында орналасқан. Тұрғыны 198,3 мың адам (2005). 8 әкімшілік-аумақтық бірліктен тұрады: Қызылорда қаласы, Тасбөгет, Белкөл кенттері, Қосшыңырау, Қызылжарма, Қызылөзек, Ақсуат, Ақжарма ауылдары. Қала теңіз деңгейінен 126–130 м биіктікте жатыр. Қала аумағы өзенді бойлай оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай төртбұрышты пішінде созылып жатыр. Жер аумағы 3683 га. Қаланың 17,0 га аумағы теміржол тораптарына, 165 га аумағы көліктік көшелерге, 19 га аумағы қала бақтары мен демалыс орындарына, 51 га алқабы жасыл-көгалды орындар үлесіне тиеді. Геологиялық тұрғыдан Қызылорда аумағы Тұран эпигерциндік платформасы үстінде жатыр. Палеозойда қалыптасқан бұл жазықты кейде "Сыр ойысы" деп те атайды.

Ойыстың шеткі иіндері палеозойлық қатты метаморфты жыныстарға толған. Ойыстың көлденең ені 400 км. Орталығында палеозойлық тау жыныстары 600–900 м тереңдікте жатыр. Кейіннен ойыс мезозой, одан кейін кайнозой жыныстарымен жабылған. Шөгінді қабат үшке бөлінеді.

Қалада күріш машиналарын шығаратын «Қызылордакүрішмаш» АҚ, Құрылыс материалдары мен құралдар комбинаты, эксперименттік механикалық және тәжірибелік жөндеу-механикалық зауыттары, тоқылмайтын маталар, аяқ-киім фабрикалары, сонымен бірге астық өнімдері және азық-түлік, тағам бағытында «Береке-нан», «Балық», «Жайна», «Ісмер», «Қуат» АҚ-тары жұмыс істейді. Қалада «Айдан», «Ансар», «Айжан», «Бабас», «Бастау және К», «Бейбарыс», «Сыр шарабы», «Темірхан», «Яксарт» және т.б. ӨК, АҚ-дар мен кәсіпорындар елге қызмет көрсетеді. Қаладағы көлік қатынасын «Маршрут», «Қатынас» АҚ-тары, «Жаңа талап» ӨК-і жүргізеді. Кейінгі жылдары қаланың архитектуралық келбеті жаңарып, тарихи орындар қайта жаңғыртылды. Жаңа әуежай, Аквапарк, Сарқырама каналы, Жағажай, төрт жұлдызды «Самал» қонақүйі, «Еуразия» кешені салынды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш, Қорқыт Ата, Абылай хан, Амангелді Иманов, Мұхтар Әуезов мүсіндері орнатылған. «Қызылорда таймс» (1994), «Ақмешіт ақшамы» (1997), «Новая Кызылорда» (1998) газеттері шығады.

Білім беру және мәдениет саласы бойынша қалада 30-дан аса жалпы білім беретін мектеп, 5 колледж, 3 кәсіптік-техникалық мектеп, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, «Сейхун» академиясы, Экономика, экология және құқық университеті, Гуманитарлық университет бар. Аймақтық агроэкология ғылыми-зерттеу институты облыста ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Облыстық мемлекеттік архив, драма театры, «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамблі, филармония, көркемөнерпаздар шығармашылық үйі, облыстық халық шығармашылығы мен білім беру және мәдени жұмыстардың ғылыми-әдістемелік орталығы т.б. бар.

Есте сақтаңыздар

Теңіз деңгейінен, төртбұрышты пішінде, Тұран эпигерциндік платформасы, Палеозойда қалыптасқан, Сыр ойысы, шеткі иіндері, тау жыныстары, архитектуралық келбеті, ән-би ансамблі, филармония, көркемөнерпаздар шығармашылық үйі.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.
5. Арал теңізі туралы не білесіз? Сіздің жауабыңыз қандай?

20-мәтін. Орал

Орал қаласы – Батыс Қазақстан облысының әкімшілік, өнеркәсіп, тарихи және мәдени орталығы болып табылады.

Орал қаласының іргетасы 1613 жылы қаланған және жазық далалық Каспий теңізі маңы ойпатының солтүстік бөлігінде орналасқан. Ол Қазақстан Республикасы аумағындағы ұзындығы 1082 шақырымды алып жатырған Жайық өзенінің оң жақ жағасында, Чаған өзенінің төменгі ағысының сол жақ жағалауында орналасқан.

Орал қаласы ежелден Азиядан Еуропаға сауда жолын ашқан қала, бұл жерден Ұлы Жібек Жолының бір тармағы өткен. Табиғаты далалы және орманды-далалы болып келеді. Климаты күрт-континенталды. Жануарлар дүниесі алуан түрлі, өзендерінде балықтары көп. Қала аумағы шамамен 700 шаршы шақырымды алып жатыр. Халық саны 83 әртүрлі ұлттар мен ұлыстардан тұратын 251,2 мың адамды құрайды.

Қала аумағында 35 мыңнан астам тұрғындары бар 4 кенттік округ орналасқан. Атап айтқанда, Желаев, Деркөл, Зачаганск және Круглоозерное кенттері.

Қаланың дамуына аса зор маңызы бар Орал қаласынан 150 км қашықтықта Қарашығанақ мұнайгазконденсат кен орны орналасқан.

Орал қаласының келбеті XVIII-XIX ғасырлардың тарихи ескерткіштерімен ерекшеленеді, атап айтқанда, Е.Пугачевтің үйі, Старый собор, “Христа Спасителя” шіркеуі, атаман, Карев үйі, облыс әкімдігінің ғимараты, қалалық мәдениет және демалыс саябағы. Сондай-ақ, жаңа шағынаудандар мен биік көп қабатты үйлер, әуежай және теміржол вокзалдары, Абай, Сырым Датұлы, М.Мәметова, В.И.Чапаев, А.С.Пушкинге арналған ескерткіштер, мәңгі алау, “Жеңіс” мемориалы және тағы басқалары қалаға қазіргі заманға сай келбет береді.

Орал өңірінің халық ауыз шығармашылығы халық сазгерлері Дәулеткерей мен Құрманғазының, күйші Дина Нұрпейісова мен басқа

да орындаушылардың дүниелерімен, сонымен қатар Орал казактарының дарынды фольклорымен белгілі.

1833 жылы Орал қаласына А.С.Пушкин келген кезде қазақтың “Қозы-Көрпеш және Баян-Сұлу” эпосын жазып алған. Қазақстанның Заманауи мәдениетін біздің жерлестерімізсіз елестету мүмкін емес. Олар, Жұбан Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Леонид Макеев пен Хамза Есенжанов, дирижер Шамғон Қажғали, әртіс Хадиша Бөкеева, режиссер Әзербайжан Мәмбетов, Орал қаласы саз училищесінің түлегі Роза Жаманова.

Есте сақтаңыздар

Чаған өзені, ұлттар мен ұлыстардан, мәңгі алау, мемориалы, келбет, эпос, елестету мүмкін емес, дирижер, әртіс, режиссер, саз училищесі, түлегі.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

21-мәтін. Жезқазған

Жезқазған – бұл Орталық Қазақстандағы 1761 шаршы километр аумақты алып жатқан, 96,7 мың тұрғыны бар, бай өнеркәсіп инфрақұрылымы, көптеген мәдени-ағарту және спорттық мекемелері бар қала. Жезқазған аймағының аумағында 1500-ге жуық тарихи және мәдени ескерткіштер бар, олар әсіресе Сарысу, Сары Кеңгір өзендері жағалауында көптеп кездеседі. Жезқазған қалалық археология мұражайы, Жезқазғанның жерасты байлығын ашқан, Қазақстан ғылым академиясының тұңғыш академигі Қаныш Сәтпаевтың мемориалдық мұражай-үйі біртұтастай мәдени-тарихи кешенге кіреді. Жезқазған тау-кен металлургия комбинатын кенші, геолог, академик Қ.И.Сәтпаевтың перзенті деп атауға болады. Кезінде академик университет ашуды армандаған. Сол асқақ арманы бүгінгі таңда орындалып, О.Байқоңыров атындағы Жезқазған Университеті ашылды. Қалада 20 дан астам мәдениет орындары жұмыс істейді, соның ішінде С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық драма қазақ театры және жасөспірімдер театры. Ұлытау (Ұлы тау) – қазақ халқының тарихи орталығы, далалық өркениет көшпенділері

мәдениетінің орталығы. Ұлытау тау тізбегі көптеген шақырымнан көрінеді, ол солтүстіктен оңтүстікке 200 шақырымға созылып жатыр. Ең биік нүктесі – Әулие тау. Таудың көне мәдениетін «Әлемдік тау» бейнесін еске түсіреді. Оның бейнесі Тау бейнесін қорғаушы, әулие орын, сақтаушы бейнесін көрсетеді. Ұлы қорғандар, қорымдар, Беғазы Дәндібай мәдениетінің кесенелері, тастағы таңбалар, петроглифтер, шахталар, мыс, қалайы, күміс, алтын және балқытқан металл қорыту пештері және басқа да көне ескерткіштердің табылуы мен ғалымдардың зерттеулерімен Ұлытау көне заманнан бері Сарыарқаның және барлық даланың орталығы болғанын куәландырады. Ұлытау – бұл біздің ата-бабаларымыздың мыңдаған ғасырлық рухани, аңызына айналған, ақындары жырлаған, сан ғасыр адамдарды баураған қазақ халқының құрметтейтін қасиетті жері. Осы бір көне таудың кереметтігі Қазақстанның ұлттық тарихының маңыздылығымен берілген. Ұлытау көшпенді тайпа хандарының сүйікті орнына айналған. Осы жерде ұлы Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы ханның ордасы орналасқан, осы жерден Батый хан шығысқа бағыттаған өзінің жаугершілік жорығын бастаған. Ұлытауда Жошы хан мен түркі тілдес тайпалардың негізін қалаушылардың бірі Алаша ханға кесенелер көтерілген. Есімдері Алтай, Орал, Қырым, Солтүстік Кавказ және Өзбекстанның халықтық ауыз әдебиетінде мәңгілік сақталған. Алтын Орданың ханы Тоқтамыс, Ордалық ұлы қолбасшы, әмір Едігеде осында жер қойнына берілген. Ұлытаудағы Алтыншоқы тауындағы тас тақтаға 1391 жылы осында болғаны турасында ұлы Ақсақ Темір жазба қалдырған. Ұлытауда сақталған ескерткіштер палеолит пен неолит дәуірлеріне жол бастап тұрғандай. Археолог-ғалымдар баяғы заманғы адамдардың талай мекендерін және олардың еңбек құралдарын тапты. Қаракөңгір өзенінің жағасында палеолит дәуірінің Қазақстандағы ең ірі шеберханасы табылды. Өзендердің бойында көне заманның бай елді мекендері сан қилы көмбелер, сағаналары жерленген көне мәдениеттің байлықтары болғаны белгілі болған. Осы күнге дейін «мұрты бар қорғандардың» құпиясы ашылған жоқ. Бір археологтар бұл мәйіт басына салынған құрылыстар десе, екіншілері көне обсерватория дегенге саяды. Археологиялық қазба жұмыстары мұнда осыдан үш мың жыл бұрын да тау-кен өнеркәсібімен кеңінен айналысқанын және ондағы жергілікті тайпалардың Иракқа, Үндістанға және Грецияға мыс, қалайы, күміс және алтын жөнелтіп отырғандығына куәлік етеді. Ұлытау аумағында ботаникалық және географиялық зерттеулер бойынша 617 өсімдік түрлері белгілі болған, оның ішінде 90 түрінен дәрі-дәрмекке пайдаланылады. Ұлытауды «көлдер мен бұлақтар елі» деп атайды.

Ұлытаудың кең бұлақ суларының пайдалы қасиеттері туралы осы өңірден шеткері жерлерде білген.

Есте сақтаңыздар

Сарысу, Сары Кеңгір өзендері, жерасты байлық, асқақ арманы, биік нүктесі, әулие орын, сақтаушы, қорғаушы, түркі тілдес, жаугершілік жорығы, кесенелер, еңбек құралдары, ірі шеберханасы, сан қилы көмбелер, куәлік.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

22-мәтін. Байқоңыр

Байқоңыр – Қазақстан Республикалық маңызы бар қаласы. Байқоңыр қаласы «Байқоңыр космодромы» мен бірге 2050 жылға дейін Ресейге жалға беруліде.

Байқоңыр (1996 жылға дейін Ленинск қаласы) – Қызылорда облысының Қармақшы ауданындағы қала. Төретам темір жол станциясынан батысқа қарай 2 км жерде, Сырдария өзенінің оң жағалауында, Тұран жазығының қуаң белдемінде орналасқан. Тұрғыны 53 мың адам (1997). Қаланың іргесі 1955 жылы Байқоңыр ғарыш алаңын салуға байланысты қаланған. 1960 жылы қаланың тұрғыны 40 мыңға, ал 1975 жылы 74 мыңға жетті. Климаты тым континенттік. Қысы суық, жазы ыстық әрі қуаң. Қаңтардың көпжылдық орташа температурасы – 11 ӘС, кейбір күндері – 35 ӘС-қа төмендейді; шілдеде – 26 ӘС, кейбір күндері – 45 ӘС-қа дейін көтеріледі. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 100 мм шамасында. Байқоңырдың жер қыртысы палеоген кезеңінің құмтасты және тақтатасты жыныстарынан түзілген. Оның бетін Сырдария аңғарының шөгінділері жапқан. Шалғынды-боз және бозғылт құмдақты топырағында баялыш, күйреуік, жусан, сораң шөптесіндер басым. Бірнеше мың га жерді алып жатқан қала ұзақ жылдар бойына “аса құпия” нысан болып саналды. Жергілікті тұрғындар да, әскери мамандар да қаланы “10-алаң” деп атап келген. Ал қалаға іргелес жатқан “Крайний” әуежайы мен көптеген шаруашылық мекемелері және Төретам темір жол станциясы “9-алаңға” кіреді. Қалада Мәскеу

авиация институтының филиалы, электр техникалық колледжі, ірі есептеу орталығы, әскери аурухана, емхана, әуежай, электр станциясынан, сыра зауыттары, түрлі мәдениет ошақтары, көптеген сауда, тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындар жұмыс істейді. Байқоңыр қаласының орталық алаңына бас конструкторлар С.П. Королев пен М.Г. Янгельдің ескерткіштері, сондай-ақ, тұғырға С.П. Королев құрастырған ғарыш кемесі орнатылған. Қаланың демалыс саябағында ракеталарды сынақтан өткізу кезінде қаза болғандардың (200-ден астам) бауырластар зираты, ғарышты зерттеу тарихы музейі бар. Байқоңыр қаласы мен ғарыш алаңына қажетті құрал-жабдық, техника, құрылыс материалдары, т.б. заттар Төретам темір жол станция арқылы жеткізіледі. Қала инфрақұрылымына енетін көптеген кәсіпорындар мен мекемелер Байқоңыр ғарыш алаңымен бірге 1993 жылы Ресей Федерациясына 20 жылға жалға берілді.

Есте сақтаңыздар

Байқоңыр космодромы, қуаң белдемінде, ғарыш алаңы, көпжылдық, құмтасты және тақтатасты жыныстарынан, шөгінділері, нысан, ірі есептеу орталығы, әскери аурухана, бас конструкторлар, ракеталарды, бауырластар зираты, жалға берілді.

Тапсырмалар

1. Мәтін соңында берілген жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жаттап алыңыздар.
2. Мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыздар.
3. Мәтінді ықшамдап мазмұндаңыздар.
4. Тақырып бойынша шағын эссе жазыңыздар.

Сөздік

А

Ағаш діңі – ствол дерева
Ағза – организм
Ағыс – течение
Адыраспан – гармала
Ақбүйрек – чистяк
Ақгүл – жасмин
Ақжелкек (түбіртамыр) – хрен
Ақжелкен – петрушка
Ақ тырна – стерх
Ақуыздар – белки
Ақша шақыратын өсімдік – денежное растение
Алаңсыз – безопасно
Алмастырылады – заменяется
Алмұрт – груша
Алша (тәттішіе) – черешня
Анар – гранат
Аң терісі – шкура зверя
Аңыз – легенда
Аптапты ыстық – знойная жара
Арқар – архар
Арна – русло
Арнайы шаралар – специальные мероприятия
Арпа – ячмень
Асбұршақ – горох
Аскөк – укроп
Асқабақ (кәуе) – тыква
Ауаның құрамы – состав воздуха
Ашық әдіспен – открытым способом

Ә

Әктас – известь
Әсемгүл – гиалея
Әтірлер – духи

Б

Бадам – миндаль
Байсат – адокса
Бақ-бақ – одуванчик
Бақытгүл – хризантема
Бал арасы – пчела
Балдыр – водоросль
Балдыркөк – сельдерей
Баршынгүл (қамысгүл, көгенғалдақ) – гладиолус
Баскөкірек – головогрудь
Бастау – исток
Бәден (шөптесін өсімдік) – анис
Бәйшешек – подснежник
Беде – клевер
Беже – айва
Бетеге – овсяница
Бидай – пшеница
Бидайдың дәні – зерно пшеницы
Бидайдың масағы – колосок пшеницы
Бидайық – пырей
Бит – вошь
Болашаққа самғау – парить в будущее
Болжам – предположение
Борша тышқан – бурундук
Бөгет – плотина
Бөріқарақат – барбарис
Бунақденелілер – безпозвоночные
Буынаяқтылар – членистоногие
Бұғы – олень
Бұршақ – боб
Бұрыш – перец
Бүйі – тарантул
Бүлдірген – земляника
Бүргелер – блохи
Бүркіп суару – орашение
Бүркіт – беркут

Г

Гендік құрылымы – генная структура
Гүлдердің күлтелері – лепестки цветов

Гүлзарлар – клумбы
Гүлсауыт – ваза

Ғ

Ғаламшар – планета

Д

Дәмжапырақ – лавр
Дән – зерно
Дәнегі – зерновка
Дәрумендер – витамины
Дәрілік өсімдіктер – лекарственные травы
Дәуіт – богомол
Демалыс бағы – парк отдыха
Демтүтік – трахея
Дерттің шипасы – лечение болезни
Долана (жігірдек) – боярышник
Доңыз – кабан
Дуадақ – дрофа

Е

Егіс далалары – поле
Елеулі жұмыстар – значительные работы
Елеулі зардап шегуде – значительно страдают
Елік – косуля
Емдік мақсатта – на лечебной цели
Емен – дуб
Ем ретінде – в качестве лечения
Ең биік шың – самая высокая вершина
Еңлік, еңлікгүл – эдельвейс
Ерітінді – раствор

Ж

Жабайы өсімдіктер – дикие растения
Жабайы түйе – дикий верблюд
Жазық жер – равнина
Жазықтықта – в равнине

Жалбыз – мята
Жамансары – конюк
Жанартаулар – вулканы
Жануарлар әлемі – мир животных
Жанғыш – сгораемые
Жаңғақ – орех
Жаңтақ – верблюжья колючка
Жапалақ – сова
Жапырағы таспа тәрізді – ленточные листа
Жасаңшөп – толстянка
Жауын-шашын – осадки
Жәндік – насекомые
Жебір – тимьян
Желбезек – жабры
Жер бедері – рельеф земли
Жержаңғақ – арахис
Жер қойнауы – недра земли
Жер шары – планета земля
Жиде – лох
Жолбарыс – тигр
Жомарт табиғат – щедрая природа
Жоңышқа – люцерна
Жөке – липа
Жусан – полынь
Жұқпалы аурулар – вирусные заболевание
Жұмыр – круглый
Жұпаргүл – душица
Жүгері – кукуруза
Жүзжылдық – алоэ
Жүзім – виноград
Жылға – ручей
Жыртқыш аң – хищник

3

Зәйтүн – оливка
Зерделеу – обдумать
Зире (зере) – тмин
Зиянды өзгерістер – вредные изменения
Зығыр – лен
Зімбір – имбирь

И

Инелік – стрекоза
Итмұрын – шиповник
Итошаған – череда
Иір, иіртамыр – аир

К

Картоп (жертүйнек) – картофель
Кәсіпорындардың мұржалары – трубы предприятий
Кебектің қайнатпасы – отвар отруби
Кездейсоқ – случайный
Кен – руда
Кене – клещ
Кең алқап – площадь (полоса)
Кептірілген – сущенный
Көбелек – бабочки
Көгалдандыру – озеленять
Көк қарға – сизоворонка
Көкнәр – мак
Көктерек – осина
Көл – озеро
Көмір қоры – фонд угля
Көмірқышқыл газы – углекислый газ
Көп жылдық – многолетний
Көп таралған – широко распространено
Көртышқан – крот
Күй талғамайтын – неприхатливый
Күнбағыс – подсолнух
Күнделікті – ежедневный
Күн сәулесі – лучи солнца
Күріш – рис

Қ

Қабығы – кора
Қабілеті кемиді – уменьшается способность
Қазтамақ – герань
Қайың – береза
Қалақай – крапива

Қалалар төңірегi – окрестности городов
Қалампыр – гвоздика
Қанатсыздар жәндік – бескрылые насекомые
Қарабидай – ржанка
Қарабүлдірген – ежевика
Қарағай – сосна
Қаражидек – черника
Қарақат – смородина
Қарақұйрық – джейран
Қараөрік – слива
Қарапайым заттар – простые вещества
Қара топырақ – чернозем
Қарашірік – гумус
Қарбыз – арбуз
Қасиетті қойма – священный склад
Қасқыржем (итшуы) – спаржа
Қауын – дыня
Қауіпті – опасный
Қияқ – колосняк
Қиякөлең – осока
Қияқша – аирник
Қияр – огурец
Қоқыс пен қалдықтар – мусор и остатки
Қолайлы жағдай – удобные условия
Қоңыздар – жуки
Қорғасын – свинец
Қоректік заттар – питательные вещества
Қорық – заповедник
Қуырылған – жаренный
Қуыс – пустота
Құлмақ – хмель
Құлпынай – клубника
Құмық (қарақұмық, қарамық) – гречиха
Құмырсқа илеуі – муравейник
Құмырсқалар – муравей
Құнарлылық – питательность
Құндыз – бобр
Құндылығы – ценность
Құрғақшылық – засуха
Құрғақшылыққа төзімсіз – неустойчив к засухе
Құрлық – материк

Құрма – финик
Құрсақ – абдомен
Қызанақ – помидор
Қызғалдақ – тюльпан
Қызғылт – розовый
Қызылша – свекла
Қылтиып шығады – проростает
Қылша – хвойник
Қына – хна
Қырат – хребет
Қырғауыл – фазан
Қымыздық – щавель
Қырмызыгүл – календула
Қытайбұршақ – соя
Қышқылдау су – кислая вода

Л

Лалагүл – лилия

М

Мажыра – сабельник
Майда күл – мелкая зола
Мамық – пух
Мамыргүл (бөртегүл) – сирень
Манап – грейпфрут
Масақ – колос
Мәдени өсімдіктер – культурные растения
Мәрмәр – мрамор
Мейіз – изюм
Мемлекеттік қорық – государственный заповедник
Меңдуана – белена
Ми жасушалары – клетки мозга
Мойыл – черемуха
Мөлшер – количество
Мұнай – нефть
Мұнай өңдеу – переработка нефти
Мұртшалары – усики
Мұхит – океан
Мүк – мох

Мүкжидек – клюква
Мыңжапырақ (қазтаңдай) – тысячелистник
Мыс – медь

Н

Найзадай – как меч
Нарғызгүл – георгина
Нәркес – нарцисс
Нәруыз – белок
Ноқат – нут

О

Обал – грех
Ойпат – низменность
Оңтайлы сәт – удобный момент
Орамжапырақ – капуста
Орман сусары – лесная куница

Ө

Өгейшөп (өгейшешек, тозғанақ) – мать-и-мачеха
Өзектер – сердцевины
Өзен – река
Өзен аңғары – долина реки
Өзен жағалауында – на берегу реки
Өкпе – легкие
Өкімет қамқорлығы – защита государства
Өлексе – падаль
Өркениет – цивилизация
Өрік – абрикос
Өскін – приросток

П

Пайдалы қазбалар – полезные ископаемые
Пияз – лук
Піл – слон
Пісте – фисташка
Пішіні домалақ – округлой формы

Р

Рауғаш – ревень
Раушан – роза

С

Саға – устье
Сағағы – черешок
Садақтың оғы – стрела
Саз – глина
Саздақшөп – болотник
Сай – овраг
Сала – приток
Самсар – патиссон
Самырсын – кедр
Сан-алуан – различные
Сандықша – шкатулка
Саңырауқұлақ – гриб
Сарымсақ – чеснок
Сауап – милость
Сәбіз – морковь
Сәлбен – шалфей
Сексеуіл – саксаул
Сирей бастады – стало реже
Сирек – редкий
Сиыржоңышқа – горошек
Солтүстік өңірі – северная область
Сор – солончак
Су ұлуы – водяная улитка
Сұйық отын – жидкое топливо
Сұлы – овес
Сұрып – сорт
Сүйекшелері – косточки
Сүйелшөп – чистотел
Сүйсіну – любоватся
Сүмбіл – адиант
Сүтқоректілер – млекопитающие
Сызат – щель
Сылдырлап ағады – журчит

Сілеусін – рысь
Сіңіре алады – может усвоить
Сірке қышқылы – уксус

Т

Табиғат қазынасы – богатство природы
Табиғи – натуральный
Табиғи қатынастар – природные отношения
Тағам ретінде – в качестве пищи
Тазартқыш қондырғылар – очистительные устройства
Тал – ива
Талқурай – вербейник
Тамыр – корень
Таңқурай – малина
Тарпан – тарпан
Тары – просо
Тас көмір – каменный уголь
Тау жыныстары – горные породы
Тәулік – сутки
Темекі – табак
Теңбіл – пятнистый
Теңіз – море
Теңіз шөбі – взморник
Терек – тополь
Тиімді пайдалану – эффективно использовать
Тобылғы – таволга
Тозандар – пыльцы
Тоқылдақ – дятел
Топырақтың ластануы – загрязнение почвы
Тораңғы – разнолистный тополь
Тосап – варенье
Тошала (қарлыған) – крыжовник
Тұжырым – заключение; вывод
Тұрмыстық бұйымдар – бытовые вещи
Түйебұршақ – фасоль
Түйетабан – парнолистник
Түймедақ – ромашка
Түймешетен – пижма
Түк – волос
Тыныс алу – дышать

Тыңайтқыш – удобрение
Тікенек – колючка; шипы
Тіршілік жағдайы – условия обитания
Тісжеміс – аксирис

У

Улы заттар – ядовитые вещества
Уылдырық – икра
Уылжып піседі – созревает

Ұ

Ұйқыдағы батыр – спящий батыр
Ұрығы – зародыш
Ұшқат – жимолость

Ү

Үйеңкі – клен
Үйлесімділік – совместимость

Ф

Фундук – фундук

Х

Хош иісті – душистый

Ш

Шабдалы – персик
Шағыр – бадан
Шағырбидай – перловник
Шайқас – битва
Шайқурай (шайшөп) – зверобой
Шалғам – редиска
Шалдықтырады – подвергает
Шалқан – репка
Шаруашылық мақсаты – хозяйственные цели

Шашақты – кисть
Шашыратқы – цикорий
Шәңгіш (балан) – калина
Шегіргүл – фиалка
Шегіртке – саранча
Шеңгел – шенгиль
Шетен – рябина
Шие – вишня
Шикі күйінде – в сыром виде
Шипалы – лечебный
Шоғырланған – концентрированы
Шомыр (тұрып) – редька
Шоңайна (түйежапырақ) – лопух
Шөлді жер – пустыня
Шөлейт – полупустыня
Шұбалшын – дождевой червь
Шұғылық (шұғынық) – пион
Шыбын – гнус
Шырғанақ – облепиха
Шырмауық – вьюнок
Шырша – ель
Шыршалы орман – елочный лес
Шырын – сок

Ы

Ылғал – влага
Ылди – низина, впадина
Ыстық шөлді аймақта – в жарких пустынных зонах

І

Інжу – ландыш
Інжір – инжир
Іріктеп алу – отобрать

Әдебиеттер

- 1 Жанайдаров О. Менің елім – Қазақстан. – Алматы : «Балауса» баспасы, 2003. – 160 б.
- 2 Жетісу энциклопедиясы. – Алматы : «Арыс» баспасы, 2004. – 712 б.
- 3 Қалиұлы Б. Өсімдіктер атауларының орысша-қазақша сөздігі. – Алматы : «Ана тілі», 1993. – 104 б.
- 4 Құлжабаева Г.Ә. «Өсімдіктер әлемі» оқу-әдістемелік кешені. Жемістер: Дидактикалық материал. – Алматы, 2011. – 16 б.
- 5 Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы : Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы, 1998. – 720 б.
- 6 Мусин Ж. Жер шоқтығы Көкшетау. – Алматы : Жалын, 1989. – 192 б.
- 7 Жатқанбаев Ж. Экология негіздері. оқулық. – Алматы : «Зият», 2004. – 212 б.
- 8 Қазақ мақал-мәтелдері / құраст. М. Аққозин. – Алматы : Қазақстан, 1990. – 288 б.
- 9 Ысқақбаев Әли. 777 жұмбақ. – Алматы : «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2002. – 136 б.
- 10 Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. Көмекші оқу құралы. – Алматы : «Санат» 1998. – 256 б.
- 11 Оразбаева Ф., т.б. Кәсіби қазақ тілі : оқу құралы. – Алматы : «Литера-М», 2007. – 144 б.
- 12 Казахский язык для старшеклассников и студентов / справочное пособие под общей ред. д.ф.н. А. С. Сейдимбека, Редактор-составитель В. Ю. Франк. – Алматы : Негосударственное учреждение детского творчества и детской прессы «Болашақ балапандары», 1999. – 150 с.
- 13 [http: // kk.wikipedia.org /wiki/](http://kk.wikipedia.org/wiki/)

Мазмұны

Алғы сөз	3
1 Өсімдіктер әлемі	4
1-мәтін. Орманның пайдасы және оны қорғау.....	4
2-мәтін. Орман-тоғай өсімдіктері.....	6
3-мәтін. Орман-тоғай жануарлары	8
4-мәтін. Жануарлардың табиғаттағы және адам өміріндегі рөлі	9
5-мәтін. Жануарлар әлемін қорғау	10
6-мәтін. Өсімдіктер әлемі адамның қамқорлығына мұқтаж	12
7-мәтін. Өсімдік қанша жыл тіршілік етеді?	14
8-мәтін. Топырақтың түрлері	15
9-мәтін. Пайдалы қазбалардың түрлері	17
10-мәтін. Жәндіктер	18
11-мәтін. Өрмекшітекестер	19
12-мәтін. Итмұрын	20
13-мәтін. Қара қарақат	21
14-мәтін. Ақгүл	22
15-мәтін. Жасаңшөп	23
16-мәтін. Алма	24
17-мәтін. Жүзім	25
18-мәтін. Құрма	27
19-мәтін. Бидай	28
2 Жасыл ел	30
1-мәтін. Таза ауа – денсаулық кепілі	30
2-мәтін. Табиғаттағы су	32
3-мәтін. Өзен және көл	33
4-мәтін. Ауаның ластануы. Ауаны қорғау	35
5-мәтін. Қазақстан табиғаты	37
3 Саяхат әлемі	38
1-мәтін. Оқжетпес	38
2-мәтін. Бурабай	39
3-мәтін. Баянаул	42
4-мәтін. Ақсу-Жабағылы	44
5-мәтін. Алтын-Емел	45
6-мәтін. Іле-Алатау	46
7-мәтін. Қапшағай	48
8-мәтін. Алакөл	50
4 Біздің шаһарлар.....	51

1-мәтін. Павлодар облысы	51
2-мәтін. Павлодар	53
3-мәтін. Ақсу	56
4-мәтін. Екібастұз	57
5-мәтін. Көкшетау	58
6-мәтін. Алматы	60
7-мәтін. Семей	62
8-мәтін. Астана	63
9-мәтін. Қарағанды	64
10-мәтін. Шымкент	66
11-мәтін. Атырау	67
12-мәтін. Өскемен	69
13-мәтін. Қызылжар	71
14-мәтін. Қостанай	73
15-мәтін. Талдықорған	74
16-мәтін. Тараз	76
17-мәтін. Ақтөбе	78
18-мәтін. Ақтау	80
19-мәтін. Қызылорда	81
20-мәтін. Орал	83
21-мәтін. Жезқазған	84
22-мәтін. Байқоңыр	86
Сөздік	88
Әдебиеттер	100